Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК

2019 жылы атқарылған жұмыстар есебі



Атырау-Сарайшық 2020

Есеп құрылымы

Кіріспе
1 Ғылыми кеңес жұмысы
2 Ғылыми-зерттеу жұмыстары, олардың қорытындылары
3 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі
3.1 Ортағасырлық Сарайшық қаласының аумағын анықтау бойынша жүргізілген жұмыстар
3.2 Археология жұмыстары
3.3 Реставрация жұмыстары
4 Ұйымдастырылған конференция, дөңгелек үстелдер және оларға қатысу
4.1 Музей-қорық ұйымдастырған конференциялар, дөңгелек үстелдер
4.2 Музей-қорық қызметкерлерінің конференция, дөңгелек үстелдерге қатысуы
5 Қор сақтау және құжаттау жұмыстары
5.1 Музей-қорық ұйымдастырған «Музейге сый» акциясы
5.2 Ғылыми кітапхана
5.3 Экспозиция-көрме жұмыстары
5.4 Экскурсия және насихат бөлімі
5.4.1 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының (бұдан әрі – Музей-қорық) қызметін және ортағасырлық Сарайшық қаласын насихаттауы
5.4.2 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» қызметкерлерінің газет-журнал беттерінде жарық көрген мақалалары
5.4.3 «Сарайшық» қаласы және музей-қорыққа байланысты газет беттерінде жарық көрген мақалалар
5.4.4 Музей-қорық сайтында, әлеуметтік желілерде насихатталуы
6 Әкімшілік-құқықтық жұмыстар
6.1 Тәжірибе алмасу, ынтымақтастық жұмыстары
6.2 Музей-қорық қызметкерлерін көтермелеу жұмыстары
7 Ортағасырлық Сарайшықты туризм аймағына айналдыру барысындағы жұмыстар
8 Мәдени-көпшілік шаралар
9 Қаржы және мемлекеттік сатып алулар
10 Шаруашылық жұмыстары
Қорытынды

Кіріспе

«Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары ортағасырлық Сарайшыққа ерекше назар аударып, ғылыми-зерттеулердің жалғасуына жаңа мүмкіндік жасады. Нәтижесінде 2017 жылы сәуірде ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Атырау облысының әкімдігімен б Сарайшық қаласын сақтап қалу мәселесін көтеріп, Астана қаласында «Сарайшық: Ұлы қала тарихы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді. Осы жылы Атырау облысының әкімдігі Жайық өзені суы тарихи ескерткішті шаймас үшін жағалауға биіктігі 3,6 м, ұзындығы 1,5 км қорғаныс бөгетін салып берді.

2018 жылы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің №162 қаулысы бойынша «Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы – Сарайшық» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылып, республикалық статус алды.

«Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК-ның қызметі ортағасырлық Сарайшық мұраларын сақтау, ол турасында жаңа тарихи деректер мен жәдігерлерді анықтау, насихаттау, оған ғылыми-зерттеу және археологиялық-этнографиялық жұмыстарды, түрлі экспедицияларды, ашық аспан астындағы музейді ұйымдастыру арқылы туризмді дамытуға бағытталып, жаңа міндеттер қойылды.

Ортағасырлық Сарайшық қаласы «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының тізіміне енгізілді.

Бүгінде Қазақстан Респуликасы Мәдениет және спорт министрлігі Атырау облысы әкімдігімен бірлесе «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына Сапар орталығы құрылысын салуды жоспарлауда.

Осындай игі жұмыстардың жалғасы ретінде 2019 жылы ортағасырлық Сарайшық қаласындағы археологиялық зерттеулер қайта жалғасын тапты. Археологиялық қазба жұмыстарын Атырау облысының әкімдігі қаржыландырды. Археологиялық жұмыстарды жүргізуші мекеме - «Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі» КМҚК. Бұл жұмыстар 2017 жылғы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Атырау облысы әкімдігінің Меморандумы негізінде жалғасып, Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі» бағдарламасына сәйкес қолға алынды.

1 Ғылыми кеңес жұмысы

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында мекеменің ғылыми-зерттеу, әдістемелік және ұйымдастыру жұмыстарының негізгі бағыттарын анықтау мақсатында алқалық орган – Ғылыми Кеңес құрылды. Ол өз жұмысын 2019 жылдың 9 қаңтарда бастап, құрамы жасақталды. Осы күні алғашқы отырысы өткізіліп, нәтижесінде Ғылыми Кеңес құрудың мақсат, міндеттерін және қызметі мен жұмыс бағытын айқындаған Ережесі қабылданды. Ғылыми Кеңестің төрағасы, Ғалым хатшы және құрамы сайланды, Ғылыми кеңестің жылдық жоспары бекітілді.

Ғылыми кеңестің мүшелігіне 17 адам сайланды. Олардың арасында – 4 тарих ғылымдарының докторы (Ә.Мұқтар, Л.Бердіғожин, А.Ахмет, Ұ.Ахметова), 2 тарих ғылымдарының кандидаты(Ж. Мұстафин, Қ.Сүндетұлы), 1 магистр (М.Кипиев) бар. Кеңес мүшелері қатарында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті профессорлары, «Қазақстан Республикасы білім және ғылым қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің Атырау облыстық филиалының төрағасы Қ.Сүндетұлы, Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы басшысы М.Кипиев және жергілікті өлкетанушылар енді.

Ғылыми Кеңестің №1 отырысында(9 қаңтар 2019 жыл) мекеменің 2018 жылғы атқарылған қызмет, қаржылық есебі, музей-қорықтағы жәдігерлерді тексеру қорытындылары туралы ревизиялық есебі, «Сарайшық Қазақ Хандығының астанасы» сериясымен музей-қорық қызметкерлері дайындаған брошюраларды баспаға ұсыну секілді мәселелер қаралып, тиісті Қаулылар қабылданды. Нәтижесінде төмендегідей брошюралар баспаға ұсынылды.



Ғылыми Кеңестің №2 отырысы 2019 жылдың 27 наурызында өткізілді. Кеңес отырысында музей-қорықтағы ғылыми-зерттеу, мәдени-білім беру және танымдық-туристік қызметі үрдісіндегі негізгі мәселелер бойынша баяндамалар тыңдалды.

Сарайшық музей-қорығының ғылыми-зерттеу бағытын одан әрі дамыту, насихаттау, ақпараттандыру мақсатында Ғылыми Кеңес жұмысына өлке тарихын зерттеп жүрген археолог, өлкетанушылар және тәуелсіз журналист тартылды. Сонымен қатар, мәжіліс барысында музей-қорықтың ғылыми қорына М.Кипиев Сарайшыққа қатысты құнды фотолар мен құжаттарын және Ж.Мұстафин өзінің Сарайшықты зерттеу жөніндегі еңбектерін табыс етті.

№2 Ғылыми кеңес күн тәртібінде орын алған мәселелер ішінде бөлім қызметкерлері ұйымдастырған жұмыстардың есебі берілді. Олар Махамбет ауданына ұйымдастырылған «Ортағасырлық Сарайшық: Қазақ Елінің астанасы» атты жылжымалы көрме қорытындысы және Ф.Байдәулетовтің Түркістан іс-сапар есебі, Н.Нұғманованың «Сарайшық энциклопедиясы» материалдарын жинақтау барысы туралы.

Ғылыми Кеңестің №3 отырысы 2019 жылдың 27 қыркүйегінде өткізілді.

Кеңес отырысында музей-қорық қорындағы жәдігерлер, оларды сақтау және толықтыру жолдары, көрмелер ұйымдастыру, оның тәжірибелері, БАҚ, сайт, әлеуметтік желілермен жұмыс, музей-қорықтағы қауіпсіздік мәселелері тыңдалды. Оларға қосымша:

- Сарайшық музей-қорығының 20 жылдыққа дайындық іс-шаралары (А.Тұрарұлы);
- «Сарайшық» энциклопедиясының жүру барысы (Б.Әбдешев);
- Батыс Қазақстан облысына көрме (О.Сағынбаева) ұйымдастыру жоспарлары талқыға салынды.

Ғылыми кеңес барысында т.ғ.д. А.Ахмет жеке қорынан музей қорына Санкт-Петербург архивінен әкелінген Алтын Ордаға қатысты Сарайшық туралы мақалаларды табыстады. Мақалалар музей - қорына тіркеліп, қабылданды.

Ғылыми Кеңестің №4 отырысы 2019 жылдың 30 желтоқсанында өткізілді.

Кеңес отырысында музей-қорықтың жыл бойына атқарылған жұмыстары тыңдалып, 2020 жылдың жылдық жоспары талқыланды. Кеңес

соңында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің марапаттарымен музей-қорық қызметкерлері марапатталды.

Музей-қорықтың директоры орынбасары А.Тұрарұлы ҚР «Мәдениет саласы үздігі» төсбелгісімен, бас есепші А.Қайреденова, ғалым хатшы Ж.Диярова, бас инспектор, археолог М.Әбдіғалиев «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

2 Ғылыми-зерттеу жұмыстары, олардың қорытындылары

2019 жылы «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ғылыми-зерттеу жұмыстарына ден қойды. Алдымен, музей-қорықтағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын қалыптастыру және оларды дамыту мақсатында республика, облыс көлеміндегі тарихшы ғалымдар тартылды. Олар:

-Белгілі археолог, т.ғ.д., профессор З.Самашев;

-Семей мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.к., ноғайтанушы Амантай Исин;

-Белгілі ғалым, т.ғ.к., профессор, ортағасырлар тарихының маманы Нұрлан Атығаев;

- Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.д. Ұлжан Ахметова;

- М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті географ ғалымы, доктор PhD Эдуард Имашев;

- белгілі археолог, т.ғ.д., профессор Мадиар Елеуов.

Олардың басшылығымен ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихының келелі мәселелерін зерттеу қолға алынды. А.Исин, Н.Атығаев арқылы Ноғайлы дәуірінің, Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығы материалдары музей-қорыққа алынды. Н.Атығаевтың Қасым хан туралы маңызды мақаласы арнайы брошюра болып және Атырау облыстық «Прикаспийская коммуна» газетіне жарық көрді.

2019 жылы сәуір айында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жариялаған бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға арналған 2 жоба дайындалып ұсынылғанды. Олар:

1«Ортағасырлық Сарайшық қаласы Ресей, Түрік және Иран тарихи деректерінде (XIII-XYI ғғ.)» - жоба жетекшісі т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар

2 «Солтүстік Каспий маңы ерте көшпенділерінің жерлеу дәстүрі (б.з.б IV – б.з. III ғғ.)» - жоба жетекшісі т.ғ.д., профессор Ұ.Ахметова.

Бірақ ұсынылған жобаларға белгісіз себептермен конкурс өтпей қалып, кейінге қалдырылды.

2019 жылы 31 шілдеде "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" РМҚК - ны ғылыми және ғылыми -техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелді.

І жарты жылдығында атқарылған маңызды жұмыстардың бірі «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің субъектілерін акредиттеу үшін ҚР Ғылым және білім министрлігінің Ғылым комитетіне құжаттарын жинақтап, министрлікке ұсынды. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" РМҚК- ны ғылыми және ғылыми -техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелді. Ол бойынша музей-қорық республика көлемінде мемлекеттік бюджет қаражат есебінен жарияланатын барлық ғылыми конкурстарға қатысуға мүмкіндік алды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Аккредиттеу туралы
КУӘЛІК

Астана қаласы 20 19 ж. « 31 » шілде

«Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің
(заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның Т.А.Ә.)
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы»

республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттеледі. Куәлік Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметі конкурсына қатысу үшін беріледі

Уәкілетті органның басшысы А. Абылкасова

М.О.

Сериясы МК №005619

Нәтижесінде 2019 жылы қазан айында 2020-2022 жылдарға арналған Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа музей қорық ғалымдары 4 жоба тапсырды.

1 «Қазақстанның батыс өңіріндегі көне керуен жолдары және Алтынордалық керуен-сарайлар: керуен-сарайларды зерттеу және оларды есепке алу» - жоба жетекшісі т.ғ.д., профессор М.Елеуов;

2 «Ортағасырлық Сарайшық қаласы Ресей, Түрік, Иран және Қытай деректерінде (XIII-XYII ғғ.) » - жоба жетекшісі т.ғ.д., профессор Ұ.Ахметова;

3 **«**Алтынордалық Сарайшық қаласы цитаделін қалпына келтіру бойынша археологиялық жұмыстар (XIII-XVI ғғ.)» - жоба жетекшісі т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар;

4 - Еділ-Жайық өзенаралық аймағындағы алтынорда кезеңіндегі қалалардың (Сарайшық, Сарай-Бату, Сарай-Берке мысалында) тарихи-географиялық және мәдени құндылығының туристік әлеуеті - жоба жетекшісі г.ғ.к., профессор Э.Имашев;

Конкурс нәтижесі қазіргі кезеңде күтілуде.

2019 жылы музей қорық қызметкерлері Халықаралық «Жошы ұлысы – Алтын Орда астаналарының ізімен: Сарайшық-Сарай Бату – Сарай Берке» халықаралық ғылыми – зерттеу экспедициясын,

ал жас ғалымдары да өз жобаларын даярлап түрлі конкурстарға қатысты.

2019 жылдың 27 қарашада Атырау облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Н.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделіне» арналған үздік ғылыми жобалар конкурсы өз мәресіне жетті. Конкурс Атырау облысы бойынша ұйымдастырылып, барлық мекемелер, жоғары оқу орындары, музейлер, колледж жас ғалымдары қатысты. Қорытындысында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының» үш бірдей ғылыми қызметкері үздіктер арасынан көрінді.

Нәтижесінде:

Музей-қорық археологы, магистр, Қалмақ мемлекеттік университетінің аспиранты А.Жұмабаев жүлделі **1 орын;**

ғалым-хатшы, магистр Ж.Диярова **3 орын;**

ғылыми қызметкер Ж.Байғалиев **Алғыс хатпен** марапатталды.



Музей-қорық ғалымдары есепті жылы монографиялар дайындауды қолға алды. Нәтижесінде 2019 жылдың 10 қазанында "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының 20 жылдығына байланысты Ғ.Сланов атындағы ғылыми-әмбебап кітапхансында музей-қорық директоры Ә.Мұқтар мен Ж.Диярованың "Сарайшық музей-қорығы тарихы" атты монографиясының тұсаукесері жасалды. Шараға ф.ғ.д.,

профессор, баспагер Ғ.Қ. Әнес, ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор Х.Әбжанов, Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы директоры М.Кипиев, т.ғ.к., ноғайтанушы, А.Исин қатысты.

Аталған монография 2019 жылдың 8 карашасында Қ.Карашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебінде таныстырылды**.** Шараға Қ.Карашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Г.Ауданова, Сарайшық музей-қорығы директорының орынбасары А.Тұрарұлы және ғалым хатшы Ж.Диярова және ауыл тұрғындары, мектеп ұстаздары қатысты.

2019 жылғы көрсеткіш ретінде музей қорықта дайындалған монографияларға 2019 жылы Қазақстан Республикасы «Авторлық құқық пен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы» 2 авторлық куәліктің алынғанын атап өтуге болады. Олар:

1. 2019 жылы 9 желтоқсанда «Біріншілер (Атырау облысына 80 жыл)» облысты басқарған басшы тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметіне тарихи көзқарас. Монография. - жоба жетекшісі т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар

2. 2019 жылы 13 желтоқсанда «Сарайшық музей-қорығы тарихы» (1999-2019 жж.). Монография авторлары - т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар, магистр Ж.Диярова

.



Осы жылы музей қорық музейге келетін туристерге ұсынатын шағын еңбектер шығаруды қолға алды. Нәтижесінде 4 брошюра жарияланды.

1. Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы (№1 хаттама, қаңтар, 2019)

2. Сарайшықты айшықтаған өлеңдер (№1 хаттама, қаңтар, 2019)

3. Атығаев Н. Жәнібекұлы Қасым хан (№1 хаттама, қаңтар, 2019)

4. Исин А. Ноғай ордасы және Еділ-Жайықтағы ноғайлардың қазақтармен этникалық байланыстары (№1 хаттама, қаңтар, 2019)

Есепті жылы өткізілген екі конференция жинақтары да жарияланды. Олардың бірі интернет ресурстарында, екіншісі музей қорық ұйымдастырған хаықаралық конференция материалдары жинағы ретінде («Жошы ұлысы және Сарайшық - Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (10 қазан, 2019 жыл) / Жалпы редакциясын басқарған Ә.Қ.Мұқтар, Ө.Қанай –Алматы, 2019. -310 б.) жарияланды. Қорыта келгенде музей қорық қызметкерлері алғаш рет іргелі зерттеулер жүргізе бастады. Оны төмендегі салыстырмалы кесте дәлелдейді.

3 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі

3.1 Ортағасырлық Сарайшық қаласының аумағын анықтау бойынша жүргізілген жұмыстар

- 14-18 қаңтар аралығында музей-қорық археологтары ортағасырлық Сарайшық қаласы орнына археологиялық барлау жұмысын жүргізіп, көне қала аумағын жаяу жүріп, көзбен шолу арқылы тексеріп өтті. Қала аумағын анықтауда жер бетіндегі мәдени қабаттың нышандары негізге алынды. 1861 жылы әскери топограф А.Алексеев сызған сызба бойынша қала орнының батыс жағынан, қазіргі заманғы зират маңындағы цитадель орны нақтыланды. Зират ортасындағы төбешік үсті сызбада белгіленген «Аулие склепь» орны деп белгіленді. Бұл жерде болжам бойынша Қасым ханның мазары болған болуы мүмкін. Жалпы цитаделдің аумағы 6-7 га шамасында. Қала құландыларының орны шамамен 50-55 га болады. Яғни, ертедегі деректермен салыстыра отырып, көне қаланың шамамен 55-60 пайыздай бөлігі сақталған деп болжам жасалды.

- **Ортағасырлық Сарайшық қаласы тұсындағы Жайық өзенінің арғы бетіне жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары.** 23 қаңтар күні ортағасырлық Сарайшық қаласы тұсындағы Жайық өзенінің арғы бетінен ортағасырлық қала құрылыстарының орнын іздестіру мақсатында археологиялық барлау жұмысы жүргізілді. Барлау жұмысы Жайық өзенінің сол жағалауындағы жарқабақтан қала мәдени қабатын анықтаудан басталды. Сол жақ жағалауды барлай отырып 1,5 шақырымдай жер тексеріліп шықты. Адамның іс-әрекеті негізінде түзілетін мәдени қабат іздері байқалмады. Барлау жұмысы сол жағалаудағы «Живая лука» мойнағы аралығында да жалғасты. Бұл мойнақ бір кездері Жайықтың оң жағалауы болған. Өзен арнасын өзгерткен кезде арғы бетте қалған. Мойнақ ортасындағы биік қырат шамамен 75 га болады. Зерттеу алаңын автокөлікпен аралап өтіп, төбелі жерлер мұқият қаралды. Көзге көрінетіндей құрылыс орындары, мәдени қабат жәдігерлері кездескен жоқ.

27 ақпанда музей-қорық археологтары Жайық өзенінің Бұқар бетіне ғылыми экспедициясын жалғастырды. Басты мақсат ел ақсақалдарымен бірге Жібек жолы бойымен Сарайшыққа келетін керуен жолдарын анықтау бойынша жұмыс атқарылды. Осы мәселеде бізге ел азаматы Сарайшық тарихымен жете таныс 1978-1981 жылдары Сарайшық ауылдық кеңесін басқарған Амиров Базар ағамен кездесіп, одан аумақтағы Тайлан батыр, Меңдібай қорымы туралы құнды мәліметтер алынды.

- **Махамбет ауданы бойынша Жайық өзенінің оң және сол жақ жағалауларына жүргізілген жұмыстар.** 29 наурызда музей-қорықтың археолог мамандары Сарайшық төңірегіндегі және Махамбет ауданының Жайық өзенінің оң және сол жақ жағалауларынан археологиялық нысандарды анықтау мақсатында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде, ерте темір дәуіріне жататын 4 оба, 1 ортағасырлық мекеннің орны және XX ғасырдың бас кезіне жататын елді-мекеннің орны табылды.

2019 жылдың 21 шілдесінде "Сарайшық" музей-қорығының ғылыми қызметкерлері астрахандық әріптестерімен бірлесе, Махамбет ауданы аумағында ерте орыс деректерінде белгіленген тарихи нысандардың орнын анықтау мақсатында, археологиялық барлау экспедициясына шықты. Таңдай және Аққайың елді мекендері маңы мен Қарабай көлінің орны зерттеуден өтті. Көне карталарды заманауи спутниктік түсірілімдермен салыстырып, жер бедерінің өзгерісін бағдарлап, көне қоныстар орындары тексерістен өтті.

- **Прорва елді мекенінде жүргізілген экспедиция**

2019 жылы наурыз айында музей-қорық қызметкерлері Прорва елді мекеніндегі 1930-1950 жылдарды Атырау облысы территориясында орналасқан Прорва лагері орындарын зерттеді.

Есепті жылда жоспарланған экспедициялар өз нәтижесін берді. Олар арқылы халықаралық байланыстарымыз кеңейді, зерттеу аумақтарымыз анықталды.

Ұйымдастырылған экспедициялар	**2017**	**2018**	**2019**
халықаралық	-	-	1
республикалық	-	-	
облыстық	-	-	4

3.2Археология жұмыстары

- **Сарайшық қаласы орнына жүргізілген археологиялық қазба.**

Сәуір айында «Сарайшық» музей-қорығы археологтары Сарайшық қаласының тарихи орнына археологиялық қазба жұмыстарын бастады. Қазба жұмыстары нәтижесінде диаметрі 94 см болатын диірмен тасы табылды. Қалыңдығы 9-10 см болады. Тастар саны екеу, үстіңгі және астыңғы бөліктерден тұрады. Астыңғы тастың бетінде бидайдың тастар арасына кіру үшін арнайы салған тісеу іздері бар. Үш бағытта құс ізіне ұқсас тарамдалып таңба салынған. Мұндай таңба XIV ғасыр жәдігерлерінде кездесетінін айта кетейік. Диірмен тасын жануардың күшімен айналдырған болуы мүмкін. Жәдігер қазіргі кезде «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының экспозициясына орналастырылды.

Сонымен қатар, қала цитаделінің қамалына шурф салынып, ол жерден Өзбек, Жәнібек хандардың билігі кезінде соғылған бірнеше мыс тиындар, өңделген сүйек бұйымдар, сәндік әшекей табылды.

- **Атырау облысы тарихи-өлкетану музейімен бірлесе Сарайшық қаласы орнына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары**

2019 жылы 1 шілде мен 1 қараша айлары аралығында облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Онда:

- Атырау облысы тарихи-өлкетану музейімен келісім-шарт жасалынды;
- Астрахандық археолог – топографтар В.Плахов, П.Бирюков, С.Пантелеев, Астана қаласынан антрополог А.Раисова қатысты;
- Археологиялық қазба жұмыстарында 4 отряд жұмыс жасады.

Оның ішінде «Сарайшық» музей-қорығынан археологтар А.Тұрарұлы және М.Әбдіғалиевтер отрядтарға басшылық жасады. Жобаның ғылыми жетекшісі болып Ә.Мұқтар тағайындалды.Жүргізілген қазба жұмыстарының басты мақсаты, 2017 жылғы қазба жұмыстарын жалғастыру, туристік инфрақұрылым үшін негіз болып табылатын нысандарды іздестіру болып табылады. 2019 жылғы археологиялық жұмыстар Арнайы мемлекеттік лицензия, қазу әдістемесі және жалпы қабылданған дала қазбаларының әдістерін сақтай отырып, секторларды қабат-шаршы тәсілімен бөлу, топырақ қабаттарын кезек алып қою арқылы жүргізілді.

2019 жылы алға қойылған міндеттерді іс жүзіне асыру үшін №2 қазба орнында 2017 жылы ашылған қамал қақпасы маңындағы, шартты түрде «мұнара» орны деп аталған ғимарат құландысы жалғастырылып, нәтижесінде қақпа мен мұнара орны аршылып алғашқы сызбасы жасалды. Қақпа шамамен XVI ғасырда салынған деген қорытынды жасалды. Ол қала цитаделінің солтүстік шетінде орналасқан. Қамал қабырғасының сыртқы жағында арнайы ор қазылғаны анықталды. Ор алтынордалық кезең мәдени қабаттар орнынан қазылған, ордың шетінен сол кезең тұрғын үйлері жалғасып жатыр.

№3 қазба орны 2017 жылы жерленген бейіт орындары анықталған соң, этикалық ұғыныстан одан әрі қазылмай қалған болатын. 2019 жылы бұл қазба орны шығыс бағытқа ауыстырылып, бірнеше бақылау шурфтары нәтижесінде қала тұрғын үйлерінің орны табылды. Дегенмен беткі қабаттарынан адам сүйектері аршылып, алғаш рет антропологиялық зерттеу жасалды. Оның қорытындысы есепте берілген.

№3А қазба орны №3 қазбаның солтүстік жағынан салынды. Ол бойынша екі аралықтағы қаланың мәдени қабаттары зерттелді, әрі №3 қазба орны аумағы кеңейтілді. №3А қазба орнынан да тұрғын үйлер орындары анықталды. Қазбаның беткі қабаттарынан жерленген адам сүйектері шықты.

№4 қазбаны оңтүстік бағытта ұзартып, №5 қазбаға дейінгі қаланың мәдени қабатын аршу көзделінді. Осылайша екі қазба орнын қосып, жағалау аумағынан бір үлкен қазба алаңын жасақтау қолға алынды. Қазба орнының бұрын адам жерленген зират орны екені анықталды. Адам жерленімдерінен басқа қазба орнынан 3 аңшылық мақсаттағы иттің жерленуі кездесті және бұл иттердің жерленімдері маңында бірде-бір адам жерленімдері орналаспағаны мәлім болды. Бұл жерлеу кешендерінен басқа, жалпы мәдени қабат қазындылары арасынан аса қатты бүлінбеген XV ғасырға тиесілі тұрғын үй бөліктері анықталды. Ашылған адам сүйектері антропологтың зерттеуінен өткізілді.

2019 жылғы қазба жұмыстарының нақты көрсеткіші ортағасырлық Сарайшықта жерленген адам сүйектерін зерттеумен алғаш рет қазба басында антрополог ғалымның айналысуы деуімізге болады. Нәтижесінде қазба орындарында жерленген адамдардың белгілі дәрежеде нәсілі, жынысы, жасы, кейбір ерекшеліктері мен аурулары анықталды. Антрополог ғалымның есебі берілді.

Қазба соңында қазып алынған адам сүйектері Сарайшық ауылының батыс бетіндегі Құлметен қорымынан арнайы жер бөлініп, жер қойнына тапсырылды. Сонымен бірге қазба жұмыстарынан табылған жәдігерлер тізімі жасалды, маңызды керамикалық ыдыстар Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің реставраторына берілді.

2019 жылы қазба жұмыстарынан соң барлық қазба орындары консервацияланды, табылған мал сүйектері, маңызы аз керамика сынықтары жерге көмілді, үйінді топырақтар сыртқа шығарылды.

Қорыта келгенде, ғылыми-зерттеу жұмыстары толық орындалды. Оларға ҚР Мәдениет және спорт вице министрі Н.Дауешов, Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары С.Шапкенов, ҚР Парламенті депутаты С.Сейдуманов және т.б. көріп болашақ жұмыстарымызды талқылады.

- **«Жошы ұлысы – Алтын Орда астаналарының ізімен: Сарайшық-Сарай Бату – Сарай Берке» Халықаралық ғылыми – зерттеу экспедициясы**

Жыл басында Сарайшық қаласы мен көне Үргеніш қаласы арасындағы керуен жолдары бойындағы ескерткіштерді анықтау, барлау жүргізу үшін және Алтын Орда қалаларының өзара байланысын зерттеу мақсатында «Сарайшық – Бату Сарай – Берке Сарай – Сарайшық» бағыты арнайы жоба дайындалып, қаржылық өтінімі құзырлы орындарға тапсырылған болатын. Нәтижесінде 2019 жылдың 1-5 қазан аралығында «Жошы ұлысы – Алтын Орда астаналарының ізімен: Сарайшық- Сарай Бату – Сарай Берке» халықаралық ғылыми – зерттеу экспедициясы жолға шықты. Экспедицияның мақсаты – Алтын Орда тарихына қатысты ғылыми зерттеулер жүргізу, РФ жетекші ғылыми орталықтарымен байланыстар орнату, тәжірибе алмасу.

Бұл экспедиция Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын және Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт

Тоқаевтың Алтын Орда империясының 750 жылдық мерейтойын атап өту жөніндегі тапсырмасын орындауға арналған. Экспедицияны Атырау облысы кәсіпкерлік және индустриялық инновациялық даму басқармасы қаржыландырды.

Экспедиция құрамына музей-қорық қызметкерлері, ҰҒА корреспондент мүшесі, г.м.ғ.д., профессор Н.Сеитов, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, суретші О.Кендір, т.ғ.д., Сапанов, т.ғ.д., А.Ахмет, М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің географ ғалымы, магистр А.Тұрғанбаев, Батыс Қазақстан облысы бойынша "Егемен Қазақстан" газеті тілшісі Қ.Құттымұрат, "Хабар" агенттігі журналисті Б.Әлирақым, "Қазақстан-Атырау" телеарнасының журналисті Ө.Жаңабаев, Махамбет ауданы Мәдениет бөлімінің басшысы Н.Аруев енгізілді. Экспедиция бағыттары төмендегідей:

РФ, Астрахан облысы, Володар ауданы, Алтынжар ауылындағы «Құрманғазы» өңірлік мәдени орталығында

Ресей Федерациясы, Астрахан облысы, Астрахан облыстық музейде

Ресей Федерациясы, Астрахан облысы, Сарай Бату қаласы орнында

Ресей Федерациясы, Астрахан облысы, Сарай Бату қаласы макетінде

РесейФедерациясы, Волгоград облысы, Волгоград облыстық музейде

Ресей Федерациясы, Волгоград облысы, Сарай Беркеде

3.3 Реставрация жұмыстары

2019 жылы музей қорық жәдігерлеріне қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Ол бойынша 11 жәдігер қалпына келтірілді. Ол үшін жұмысқа суретші – қалпына келтіруші қабылданды.

- Музей-қорық қорындағы ескі киіз үй қайта құрылып, жабдықтары сатып алынды және аулаға тігілді. Бұл киіз үй ішіне ұлтымыздың дәстүрлі киім-кешектері, этнографиялық бұйымдары көрініске қойылды. Олар шетелдіктердің қызығушылығын арттырды.

- Келген көрермендерге ұлттық құндылықтарымызды кеңінен насихаттау мақсатында аулаға киіз үй мен қатар киіз үйдің макеті де жасақталып қойылды. Бұл макет арқылы музейге келушілер киіз үйдің құрылысымен танысып, сонымен қатар қалай құру керек екендігін біліп үйрене алады.

Оларға қоса музей-қорық ауласында

- «Музейге сый» акциясынан қабылданған арба мен арба дөңгелектерін музей-қорықтың суретші-қайта қалпына келтіруші қалпына келтіріп, музейге келушілердің назарына ұсынылды.

- 2019 жылы 4 желтоқсанда «Қазқайтажаңарту» РМК Ғылыми-зерттеу және жобалау филиалының сәулеттік қалпына келтіру тобының жетекшісі Салима Ізімқызы Жолдасова ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында болды. Реставратор С.Жолдасова ортағасырлық Сарайшық қаласы бойынша реставрациялау және консервациялау мәселелерін талқылады. Іс-сапардың мақсаты 2019 жылғы қазба жұмыстары бойынша реставрациялауға және консервациялауға жататын нысандарды анықтау болатын. Сонымен бірге болашақта қалпына келтірілуі тиіс нысандарда «Сарайшық» музей-қорығының археологтарымен бірлесе алдын-ала сараптамалық-талдау жасалынып, жұмыс жоспары талқыланды. Нәтижесінде цитадель қақпасы орнын, Хан сарайы орнын қалпына келтіру мәселелері көтерілді.

4 <u>Ұйымдастырылған конференция, дөңгелек үстелдер және оларға қатысу</u>

4.1 Музей қорық ұйымдастырған конференциялар, дөңгелек үстелдер

Сарайшық музей-қорығы есепті жылы 2 конференция (1 халықаралық, 1 облыстық) және 7 дөңгелек үстел ұйымдастырды.

- 2019 жылдың 10 сәуіріндегі "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен Атырау газеті "Ортағасырлық Сарайшықтың келелі

мәселелері" атты дөңгелек үстел. Оған "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры, профессор Ә.Қ.Мұқтар, Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі инспекция басшысы М.Кипиев, Сарайшық туралы іргелі еңбектің авторы, т.ғ.к., Ж.Мұстафин, археолог М.Қасенов және Атырау облысының "Рухани жаңғыру" жобалық кеңсесінің жетекшісі О.Молдашқызы қатысты. Дөңгелек үстелді Атырау газетінің бас редакторы И.Балмағамбетов жүргізді. Жиында қозғалған негізгі мәселе Сарайшық қаласынын сақтау, қорғау және Ортағасырлық Сарайшықты жақын арада қоршау жасалмаса оның бұзылатындығы баса айтылды. Сонымен қатар Ортағасырлық Сарайшықты зерттеген ғалымдардың жазбаларын өзара салыстырып, болашақта сол деректерге сүйене отырып қаланың келбетін қалыптастыру мәселелері туралы және Сарайшықты жастар арасында насихаттап оларда бір ортаға топтастыру, алдағы уақытта Сарайшықта Көрісу мейрамын кең көлемде атап өту жайлы ұсыныстар айтылды.

- 2019 жылы 12-сәуір күні музей-қорық Сарайшық көпбейінді ауылшаруашылық колледжінде "Туған өлкені зерттеу: оның маңызы мен басым бағыттары" атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Конференцияға жергілікті тарихшы, өлкетанушылармен қатар облысымыздың барлық қала, аудандарынан 100-ге жуық мұғалімдер, мектеп оқушылары қатынасып, өздерінің өлке тарихы, ескерткіштер, жер-су атаулары және қазақ халқының этнографиясы туралы баяндамалары тыңдалды. Конференцияда төмендегідей баяндамалар тыңдалды:
- О.Биманова, Атырау өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің жетекшісі «Атырау облысының Өлкетану оқулығы туралы»;

- Ұ. Ахметова,тарих ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы АМУ профессоры «Өлкетанудың тарихи бастаулары»;
- М.Кипиев, Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік исппекциясының басшысы, «Атырау өңірінің тарихи-мәдени мұра ескерткіштері»;
- Г.Қуанбаева, Құрманғазы ауданының мұғалімі, «Атырау облысындағы балалар үйінің тарихын зерттеудің маңызы»;
- Н.Орынбаева, Индер ауданы М.Әуезов атындағы орта мектептің мұғалімі, «Индер ауданының тарихи-мәдени ескерткіштері».

Конференция соңында орта білім беру ошақтарындағы облыстық ғылыми-тәжірибелік «Өлкетану» конференциясын жыл сайын Сарайшықта ұйымдастыру, Атырау облыстық білім басқармасымен бірлесе ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихи орнында жас археологтар клубын ұйымдастыру шешімдері қабылданды.

- 2019 жылы 24 мамырда Сарайшық ауылы тарихын білетін қарттармен «Қала цитаделі және оның құпиялары" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Отырыста қазақ бейітіндегі тарихи тұлғалар, оның маңындағы тарихи орындар туралы сөз болды. Сарайшық қаласының өткені туралы ой қозғаған ауыл үлкендері көне қаланың орналасуы, өзеннің бұрынғы ескі арнасы, өзен жағасындағы жарқабақтан тапқан жәдігерлері сараланды.

- 2019 жылы 25 маусымда Сарайшық музейінде Атырау облысы дін өкілдерімен бірлесіп, «Қазіргі замандағы дін» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Жиынға Атырау облысына іс-сапармен келген Қазақстан Діни Басқармасының наиб имамы ғылым докторы А.Әділбаев, ҚМДБ-ның шариғат және пәтуә бөлімі басшысығ ғылым докторы С.Құрбанұлы, Атырау облысы бас имамы, ғылым докторы Б.Мансұров т.б. қатысты.

- 2019 жылы 12 шілдеде "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ұжымы ортағасырлық Сарайшықтағы археологиялық қазба жүргізіп жатқан Астрахандық археолог В.Плахов, топограф П.Бирюковпен арнайы дөңгелек үстел ұйымдастырды. Астрахандық ғалымдар музейде орналасқан жәдігерлерге ғылыми сипаттама берді. Атап айтсақ, көрмеде тұрған құмыраның ортағасырлық кезеңдегі Хорезм елінен алып келінгендегін айтса, штамп өрнекті қыш құмғандарды Сарайшықтың өзінде саз құмдарынан жасалғандығы жөнінде ғылыми тұрғыда нақтылап берді.

- Ағымдағы жылдың 28 тамызында "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Махамбет ауданы әкімдігімен бірлесе "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-қоғамның басты міндеті" дөңгелек үстел ұйымдастырды. Дөңгелек үстелге ел зиялылары, журналистер, Махамбет ауданы әкімінің аппаратынан мемлекеттік құқықтық жұмыстары бөлімінің бас маманы Ш.Ж.Бағдалова, Махамбет ауданы прокуратурасынан Д.И.Жумагалиев, Сарайшық ауылдық округі әкімі Н.Ж. Досқайров, колледж басшысы П.Х.Дюсеев, Сарайшық ауылдық округінің мекемелерінің қызметкерлері қатысты. дөңгелек үстел соңы сұрақ-жауапқа, пікір таласқа ұласты.

- 2019 жылы 9 қазанда Қытай елінен келген қандасымыз тарихшы Дүйсенәлі Әбділәшіммен кездесу Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде ұйымдастырылды. Профессор

Д.Әбділәшім қазақ хандары тарапынан Цин империясына жазылған хаттарды зерттеумен, сол кездегі қазақ қоғамындағы жағдайды саралаумен айналысады. Қазақ тарихы мен мәдениетін көне жазба дереккөздерден зерттеуші ғалымның жас тарихшылармен кездесуі екі тарапқа да пайдалы болды.

- **«Жошы ұлысы және Сарайшық – Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция**

2019 жылы 10 қазанда Атырау қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Атырау өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі, А.Яссауи атындағы ХҚТУ Еуразия ғылыми-зерттеу институты бірлесе «Жошы ұлысы және Сарайшық – Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойын мерекелеу іс-шаралары аясында өткізілген конференция алтынордалық кезеңнің жарқын ескерткіші – Сарайшық қаласы орнының туристік мүмкіндіктерін саралап, ғылыми-зерттеушілік ізденістерді дамыту мақсатында ұйымдастырылған.

Конференцияға Қытай, Түркия, Германия, Ресей елдерінен және Қазақстанның әр өңірінен Алтын Орда кезеңін зерттеуші ғалымдар қатысты. Конференция модераторы – «Сарайшық» музей-қорығының директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар. Шараның ашылуында Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев құттықтау сөз сөйледі. Қазақстан тарихшылары атынан ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор Хангелді Әбжанов, шетелдік ғалымдар атынан Түркия Республикасынан келген Еуразия ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, PhD докторы Суат Бейлур құттықтау сөз арнады.

Конференцияның алқалық мәжілісінде т.ғ.д. Али Риза Яглы (Гиресун университеті, Түркия Республикасы), т.ғ.д. Әбділәшім Дүйсенәлі (Орталық Ұлттар университеті Пекин, Қытай Халық Республикасы), з.ғ.к. Роман Почекаев (Ұлттық зерттеу университетінің экономика жоғарғы мектебі, Санкт-Петербург, Ресей Федерациясы), т.ғ.д. Нұрлан Кенжеахмет (Бонн университеті, Германия), PhD докторы Абдулла Гюндоғды (Анкара университеті, Түркия Республикасы), Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінен т.ғ.к. Амантай Исин, ҚазҰАУ-дың профессоры, т.ғ.к. Нұрлан Атығаев, профессор Әбілсейіт Мұқтар баяндама жасады. Төмендегі секциялар бойынша конференцияға ұсынылған баяндамалар талқыланды.

1. «Жошы Ұлысының деректану, тарихнама, археология және нумизматикалық мәселелері»;
2. «Жошы Ұлысының тарихы мен мәдениеті»;
3. «Ұлы Дала өркениеті және мемлекеттілігі».

Конференцияға баяндамамен қатысқан зерттеушілерге сертификаттар табыс етіліп, сыйлықтар берілді.

Басты назарға 2017 жылы РФ Москва қаласындағы архивтен әкелінген 1861 жылғы топограф Алексеевтің картасы алынды. Өйткені осы карта арқылы алғаш рет ортағасырлық Сарайшықтың 60 пайызы сақталғаны және цитадельдің толық сақталғаны анықталды. Цитадель ортасында «Аулие

склеп», ал карта астында «қоршау 1836 жылы Жәңгір хан тұрғызған» деген жолдар жазылған. Біздің анықтауымызша ол Жәңгір ханның атасы атақты Қасым ханның жерленген орны. Цитадель орны бойынша макет дайындалып, халық назарына ұсынылды.

- 2019 жылы 24 желтоқсанда "Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" РМҚК мен "Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты" РМҚК бірлескен "Өлке тарихы және оның өзекті мәселелері" атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелде Сарайшық музей-қорығы директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар, Алматы қаласындағы "Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты" директоры, т.ғ.д., профессор З. Қабылдинов, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінен т.ғ.д., профессор Ғ. Халидуллин, Орал қаласы Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музей меңгерушісі Н. Төлепов баяндамалар жасады. Дөңгелек үстелге Атырау облысы мәдениет мекемелерінің өкілдері, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы және тарих мамандығы магистранттары, облыстың тарихшы мұғалімдері қатысты.

Қорыта келгенде музей қорық жоспарланған конференцияларды және дөңгелек үстелдерді толықтай өткізді. Оларды өткен жылдармен салыстырар болсақ, бұл жұмыстардың нәтижелі болғанан байқаймыз.

4.2Музей қорық қызметкерлерінің конференция, дөңгелек үстелдерге қатысуы

Сарайшық музей-қорығының қызметкерлері шетелде, Қазақстан Республикасының Астана, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Тараз қалалары мен Отырарда өткен 19 конференция және дөңгелек үстелдерге қатысты.

- 2019 жылдың 26 қаңтарында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры Ә.Мұқтар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде өткен, тарихшы ғалым қоғам қайраткері Атырау университетінің алғашқы ректоры Х.Табылдиевті еске алуға арналған үлкен бас қосуға қатысты.

-

- 2019 жылы 4 ақпанда музей-қорық директоры Ә.Мұқтар Атырау облысы қоғамдық кеңесінің облыстағы тарихи ескерткіштер мен монументтер орнату туралы отырысына қатысы**.** Отырысқа Кеңес төрағасы М.Өтешов басшылық жасады. Кеңеске кеңес мүшелері, қоғам белсенділері, журналистер қатысты. Кеңесте музей-корық директоры Ә.Мұқтардың Сарайшықта Қасым ханға ескерткіш орнату ұсынысы қолдау тапты. Кеңес мүшелері ұсыныстың маңыздылығына назар аударды.
- 2019 жылы 18 сәуір күні «Халықаралық ескерткіштерді қорғау» күніне орай Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясының ұйымдастыруымен «Атырау өңірінің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудің өзекті мәселелері» тақырыбында

жыл сайын дәстүрге айналған дөңгелек үстел Ғ.Сланов атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында өтті. Дөңгелек үстелге «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық директоры т.ғ.д., профессор, Ә.Мұқтар қатысып, Сарайшық қаласына қатысты мәселелерді көтерді.

- 2019 жылдың 19-21 сәуір аралығында музей-қорық директоры, профессор Ә.Қ.Мұқтар және бөлім инспекторы Ж.Байғалиев Нұр-Сұлтан қаласына арнайы іс-сапарда болды. 20-сәуір күні «Kazmedia орталығының» киноконцерттік залында ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың халық алдында есеп беру кездесуіне қатысып, кездесу барысында Ақтоты Райымқұлова Министрліктің есеп беру кезіндегі қызметі туралы баяндап, құзырындағы салаларда атқарылып жатқан жұмыстар мен мемлекеттік органның болашаққа деген жоспарларымен бөлісті. Сонымен қатар, Сарайшық қаласының маңызы ондағы археологиялық жұмыстардың бағыты және болашақтағы сапар орталығына айналуы жайлы айтып өтті.

- 2019 жылдың 19-20 сәуірінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстандағы археологиялық мектептің негізін қалаушылардың бірі, Еуразиялық археологияның аңызына айналған Кемел Ақышұлы Ақышевтың туғанына 95 жыл толуына арналған «Марғұлан оқулары – 2019» халықаралық археологиялық конференцияға ғалым хатшы А.Зайынов қатысты.
- 2019 жылы 23-26 сәуір аралығында Тараз маңындағы тарихи кешенге арналған «Ақыртас құпиялары» семинарға ғалым хатшы А.Зайынов қатысты.

- 2019 жылдың 18 мамырында "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры Ә.Мұқтар Атырау облыстық кәсіпкерлік және ИИД басқарма басшысы орынбасары Қ.Бекбаева ұйымдастыруымен өткен "Туризмнің дамуы. Болашағы мен мәселелері" атты өңірлік семинар-кеңесіне қатысты. Семинар-кеңестің мақсаты тарихи орындар мен шежіреге толы мұнайлы өлке табиғатын тиімді пайдалану болса, сол тарихи орындардың бірі ортағасырлық Сарайшық қаласын туризм орталығына айналдыру жөніндегі мәселе ең бастысы болды.
- 2019 жылы 21-23 мамыр аралығында Алматы қаласында (Каспий теңізі аймағындағы су асты мұрасын қорғау жөніндегі ЮНЕСКО-ның алғашқы өңірлік отырысы өтті. Отырыс ЮНЕСКО-ның су асты мәдени мұрасын қорғау туралы конвенциясы аясында өтеді. Конвенция заңсыз берілген су асты мұрасын тәркілеуді көздейді. Қазақстанда алдағы кеңес Каспий маңы елдеріне өз мемлекеттерінде және тұтастай алғанда өңірде суасты мәдени мұраны қорғау мәселелерін бірге жинауға және талқылауға мүмкіндік береді. Кеңеске су асты археологиясы саласындағы ұлттық сарапшылар, Қазақстан, Армения, Әзірбайжан, Грузия, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстаннан келген Мәдени мұра саласындағы мамандар, сондай-ақ халықаралық сарапшылар, мәдениет министрліктерінің өкілдері қатысты. Отырыста Ә.Мұқтар сөз сөйледі.

- 2019 жылы 20-24 мамыр аралағынада музей-қорық қызметкері Ж.Диярова нұр-Сұлтан қаласында "Рухани қазына-2019" фестиваліаясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне бағынысты мекемелердің баспасөз хатшыларына арнайы ұйымдастырылған семинар-тренингке қатысты.

- 2019 жылдың 11-шілдесінде Атырау облысы кәсіпкерлік және индустриялық - инновациялық даму басқармасының қолдауымен "Қамқор" корпоративті туристік фонды "Сыртқы туризм саласындағы азаматтардың құқықтарына кепілдік беру жүйесі" атты тақырыпта түсіндірме жұмыстары жүргізді. Атаулы шараға Атырау қаласынан 15-ке жуық туристік компаниялар және "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығынан ғылыми қызметкер Н.Нұғманова қатысты. Шара барысында Ішкі туризмді дамыту жөнінде мәселелер қозғалды және де Ортағасырлық Сарайшық қаласында туризмді дамыту бағыттары туралы пікірлер білдірілді.

- 16.09.2019 ж. Атырау қаласы «Интеллекто» оқу орталығында жергілікті қолөнершілерді, тыңдаушыларды жинап, алматылық шебер Гүлзина Зұлқарнаева жүн бұйымдары туралы дәріс оқып, шеберлік сыныбын өткізді. Жүннен жасалған жамылғы, киімдер, кәдесыйлар көрсетілді. Дәріс тыңдап, шеберлік сыныбына қатынасқандарға сертификаттар табысталды. Шебер шақырту бойынша қалаған уақытта шеберлік сыныбын өткізуге ниет білдірді.
- 2019 жылы 1 қазанда Атырау облыстық Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінде «Қазіргі қоғамдағы музейдің ролі: әлемдік тәжірибе және өңірлік жағдай» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатынасып, «Жастар аудиториясының тарихи-мәдени мұрасына назар аудару үшін музей қызметінің инновациялық түрлерін дамыту» тақырыбына баяндама жасалды. Шара соңында баяндамашыларға сертификаттар табысталды.

- 2019 жылдың 23 қазанында Қарағанды қаласында "Сарыарқа және Алтын орда: уақыт және кеңістік" атты" халықаралық конферения өтті. Конференцияға "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар, Германиядан Бонн университетінің профессоры Н.Кенжеахмет, Түркиядан PhD,

профессор Вакур Сумер, АҚШ-тан PhD, профессор Юлай Шамильоглы т.б. Алтын Орда кезеңін зерттеуші ғалымдар қатысты. Конференцияда Ә.Мұқтар «Сарайшық қаласының әлемдік маңызы» атты баяндама жасады.

- 2019 жылы 1-2 қараша күндері Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен «Цифрлы Қазақстан және музей туризмі» отандық және шетелдік музей мамандарының тәжірибесімен өткізілетін республикалық семинар –тренингке бөлім мамандары О.Сағынбаева мен С.Бекешова қатынасып, сертификатқа ие болды**.**

- 2019 жылдың 26 қарашасында "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының аға ғылыми қызметкері А.Жұмабаев "1941-1945 жылдардағы Отан соғысы. Ұлы ерлік. Ұлы жеңіс" атты қалалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатынасып, "Атырау облысы аудандары соғыс жылдарында" тақырыбында баяндама жасады.

- 2019 жылы 28 қараша мен 3 желтоқсан аралығында Нұр-Сұлтан қаласында «Музей ісі және музейлер жөніндегі көркемдік кеңестің кезекті отырысына және Түркістан қаласында өткен «Отырар қалажұрты Қазақстанда археологиялық ескерткіштерді зерттеу, сақтау және пайдалану ісінің озық үлгісі» республикалық конференцияға А.Тұрарұлы қатысты.

- 2019 жылдың 18-19 желтоқсан күндері өтетін Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің 5 жылдығына арналған «Қазақстан музейлері: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халықаралық конференцияға "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры, профессор Ә.Қ.Мұқтар қатысты.

  Конференцияға қатысушылар (оңнан солға қарай): ҚР Ұлттық музейінің директоры А. Мұхамедиұлы, академик М. Жолдасбеков, белгілі антрополог, академик О.Смағұлов, профессор Ә.Мұқтар, Ботай музей-қорығының директоры У. Кулбаев, танымал археолог, профессор З. Самашев.

- 15.11.2019 ж.Музей-қорығының ғалым-хатшысы Диярова Жанар "Музей қызметін дамытудың инновациялық бағыттары. Сарайшық музейі - мәңгілік ел мұраты" тақырыбында Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің 90 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған "Музей - ғасырлар шежіресі" атты республикалық семинар кеңесте баяндама жасады.

5 Қор сақтау және құжаттау жұмыстары

Қор сақтау бөлімінің негізгі міндеті – музей құндылықтарын сақтау және оларды сақтау мен зерттеу үшін қолайлы жағдай жасау. Музей қоры қатаң түрде мемлекеттің есебінде тұрғандықтан, келіп түскен жәдігерлер міндетті түрде музейдің есептеу секторында қажетті құжаттармен тіркеліп, реттік нөмірі беріледі. Музей қорын жинау, оны жүйеге түсіру, коллекцияның есебін алып, сақтау – музей жұмысы, қалай да осылардан басталады. Сол себептен осы жұмыстарды алға қою мақсатында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы болып қайта құрылған кезде, 2018 жылдың 21 карашасында музей-қорық қорындағы жәдігерлерді түгендеу үшін комиссия құрылып (комиссия құрамы: төрағасы: О. Сағынбаева, мүшелері: Ж.Диярова, М.Әбдіғалиев, Ж.Байғалиев болды), қорытындысы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министрі А.Райымқұловаға №48/01-15 05.03.2019ж. хат жолданды. 2019 жылы 26 маусымда вице министр Е.Рамазановтың №09-02-21/2503 санды жауап хатыда жәдігерлердің жоғалу фактісі бойынша жергілікті ішкі істер органдарына арыз жолдау керектігін жеткізді. Хат мекемеге 2019 жылы 01 шілдеде келіп түсті, музей-қорық 2019 жылы 03 шілдеде Махамбет аудандық полиция бөлімінің басшысы А.Закариевке жолдаған №170/02-11 санды

хатында табылмаған жәдігерлер туралы мәселені анықтап беру жөнінде сұралды. 2019 жылы 18 қыркүйекте Махамбет АПБ-нің бастығы полиция полковнигі А.Закариев №41-5-51/1256-шы хатында жіберілген құжаттардың толық болмауына байланысты тергеу істері жүргізілмейтіндігі хабарланды. Музей қорықты қайта саралау барысында құжаттардың толық болмауы себебі, 1999-2007 жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде музей-қорыққа жәдігерлер тек акт бойынша қабылданған. Фото суреттері болмаған.

26.11.2019 жылы Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі жүргізген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған 280 жәдігер Сарайшық музейінің қорына қабылданды.

Бүгінде қорда 3866 жәдігер бар, оның 1430-ы негізгі, 2436-і қосымша қорда.

Негізгі қор археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған, актімен тапсырылған жәдігерлер. Жалпы қор бөлімі 5 коллекциядан тұрады. Олар:

- Археологиялық коллекциялар
- Этнографиялық коллекциялар
- Нумизматикалық коллекциялар
- Бейнелеу өнерінің коллекциясы
- Фото және архив құжаттары коллекциясы

Әр жылдарда Сарайшық қаласының орнына жүргізілген қазба жұмысынан табылған жәдігерлер еліміздің өзге өңірлерінің музейлеріне, жеке қорларға, шетелдерге әкетілген. Осыған орай Сарайшық музей қорығы ортағасырлық Сарайшық қаласынан табылған жәдігерлерді анықтауды қолға алды. Аталған мақсатта музей қорық ҚР Мемлекеттік орталық музейіне, ҚР Ұлттық музейіне, Атырау облысы тарихи-өлкетану музейіне, Қызылорда облысы тарихи-өлкетану музейіне, Батыс Қазақстан облысы тарихи-өлкетану музейінехаттар жолданып, хабар алынды. Нәтижесінде ҚР Ұлттық музейінің және Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің қорында Сарайшық жәдігерлері бар екендігі анықталды.



2019 жылы тамыз айында музей-қорықтың бас қор сақтаушысы ауысуына байланысты жәдігерлерді түгендеу, тапсырып-қабылдап алу жұмыстары қайта жүргізілді.

Түгендеу жұмыстары аяқталғаннан кейін қордағы 3829 жәдігердің көбісі фрагменттер күйінде екені нақтыланды. Осыған орай өңделген және өңдеуге жататын жәдігерлер тізімі жасақталып, сынамадан өткізілмеген жәдігерлерге сұраныс дайындау 2020 жылға жоспарланды. Қараша айы бойы археологиялық қазба жәдігерлеріне жүргізілген камералдық жұмыстар нәтижесінде 15 дана жәдігерді қайта қалпына келтіріп, аса құнды 11 жәдігердің көшірмесін жасатуға ұсыныс дайындалды.

4-25 қараша аралығындағы музей қорындағы жәдігерлерге қатысты құжаттар түгенделіп, қордағы жәдігерлер сарапталды. Түсірілім кітаптарының электрондық нұсқасы ретке келтіріліп, жазба нұсқасына қажет кітаптарға тапсырыс берілді. Музейдің қор сатып алу (қор іріктеу) комиссиясы құрылып, жыл басынан бері «Музейге – сый» акциясы, музейдің археологиялық экспедициясының қазба-барлау жұмыстары кезінде тапқан жәдігерлер сарапталды. Қабылданған жәдігерлер музейдің негізгі және қосымша қорына қабылданды.

Қорды жүйелі түрде толықтыру жұмыстары – музей ісіндегі басты ғылыми бағыттардың бірі. Осының аясында «Музейге сый» акциясы ұйымдастырылды. Акцияны халық арасында насихаттау жұмыстары әлеуметтік желіде (музей-қорық фейсбук парақшасында) хабарландыру жұмыстары жүргізілді.

5.1 Музей қорық ұйымдастырған «Музейге сый» акциясы

2019 жылы «Музейге сый» акциясы нәтижесінде музейге 35 жәдігер қабылданды.

- 2019 жылдың 4-қаңтарында Сарайшық селосының тұрғыны З.Қайрошева музейге теру алашасы мен қылышын тапсырды

- 2019 жылдың 16 қаңтарында Ж.Мұқанов өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары жасалған кебежені тапсырды

- 2019 жылдың 26 қаңтар айында ауылымыз тұрғыны М.Уалиева XIX ғасырдағы құран кітабын тапсырды.

- 2019 жылдың 24-ақпанында Атырау облысы, Махамбет ауданы, Береке ауылының тұрғаны Н.Бисенбаев 2015 жылы алғашқы жасаған домбырасын сыйға тартты.

- ҚР Мәдениет қайраткері, профессор О.Кендір Сарайшық қалашығына және Махамбет бабамызға қатысты өзінің 4 туындысын сыйға тартты.

- Қ.Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебі оқушылары Бағытқали Ризабек, Бағытқали Жанатбек, Табылды Аманжан, Тілепқали Нұрасыл іші сырланған қыш ыдыстың түбін тауып алып, соны қуанып музей-қорымызға сыйға тартты.

- Бейбарыс ауыл тұрғыны Қ.Бляшева "Музейге сый" акциясын қолдап, жастағаш(жастық ағаш) пен кебежесін сыйға тартты. Кебеже мен жастағашты тапсырған Замария әжейдің шөбересі, Қилаш апайдың немересі Р.Темиров.

- «Ноғай-қазақ тарихы ортақ "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей- қорығы Ноғай халқының тұрмыс-салт жәдігерлерін музей қорына қабылдайды. Сарайшық шаһары ноғай тарихында терең із қалдырған және де Ноғай билерінің мәңгілік мекеніне айналған орындардың бірі» деген хабарландыру жұмыстарын салды.

- Жарияланған насихат жұмысының нәтижесінде ауыл ардагері, ноғай қария Қ.Амиров музейге апасынан қалған кестелі орамал мен қолдорбаны сыйға тартты.

- Бейбарыс ауылының тұрғыны Ж.Шағаев ХХ ғасырдағы әкесінен қалған арба тапсырды.

- Сарайшық ауылының тұрғыны Р.Үмбетов Сағынбайұлы атасы Үмбеттен қалған арбаның дөңгелегін Сарайшық музейіне тапсырды

- 2019 жылы тамыз айында Жалғансай ауылы тұрғыны Ж.Мұхитова тапсырған атасы Сағынбайдың сеңсең бөркі, Ескі Сарайшық ауылының тұрғыны Кенжеғалиева тапсырған бальзамның кіші ыдысы, каури тасы.
- 2019 жылы қыркүйек айында Жалғансай ауылының тұрғыны І.Сабиров темір бұйымдарын (мосы, көсеу, шөген) тапсырды.
- 2019 жылы қазан айында қорға Е.Құспанғалиевкісен, ауыл тұрғыны Алпысбаев Жәнібек тапсырған қола айна, сүйек бұйымдар қабылданды.
- 2019 жылы қарашада музей-қорық Сарайшық ауылының тұрғыны В.Н.Гиркиннен 18000 (он сегіз мың) теңгеге мыс ыдыс (қазан) сатып алынды.

«Музейге сый» акциясы нәтижесінде музей-қорық ауласында киіз үй тігіліп, этно-ауыл жасақталды.

Сонымен қатар **музей қоры архивтік құжаттар мен және фотолармен толықты.**

- Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.к. Ж.Мұстафин өзінің Сарайшықты зерттеу жөніндегі еңбектерін;
- Музей-қорықтың ғылыми қорына облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі мекеменің басшысы М.Кипиев Сарайшыққа қатысты құнды фотолар мен құжаттарын;
- Ә.Мұқтар атасы имам қатып Кәкімбек Байғазиевтің діни архивтік құжаттары мен фотосын және де қажы Ғұбайдолла Араловтың Меккеге барған күнделігін, сонымен қатар Ә.Марғұланның қолжазбасын;
- Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.д. А.Ахмет атасы қажы Алдоңғар Қарағұловтың Меккеге барған құжатын және Г.Ф. Генстің қазақ хандары туралы қолжазбасын;
- Т.ғ.к., ноғайтанушы А.Исин Мәскеудегі Ресей көне деректер архивінен алған Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығына қатысты құжаттарды тапсырды.

5.1 Ғылыми кітапхана

«Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» кітап қорында 281 кітап бар, оның 23-і 2019 жылы қабылданды:

1. Ә.Мұқтар, Е. Сыдықов. XYII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы. Моногрфия: - Алматы: «Мерекенің баспалар үйі», 2015. – 688 б.
2. Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы. Биобиблиографиялық көрсеткіш. Алматы: - «Ғылым Ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы, 2014. – 102 б.
3. Ахметова Ұ.Т. Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы (1887-1918 ж.). Монография: -Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. -320 б.

4. Ахметова Ұ. Т. Ресейдің Қазақстанды зерттеуі: тарихы, бағыттары, нәтижелері (XIX-XX ғ. басы). Монография: - Астана: «ЖК Самрад» баспасы, 2014. – 150 б.

5. Исин Амантай Исаевич. Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XY-XYIв. – Алматы, 2004. – 160 с.

6. Ортағасырлық сарайшық. Ж.Ж. Мұстафин // ғыл. ред. Х.Б.Табылдиев. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 177 б.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі: алғашқы қадамдар. Астана: «Фолиант», 2015. – 264 б.

8. Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / құр. Ж.Қ.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев // Ғыл. Ред. Ж.К.Жұмабаева. –Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -224 б.

9. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің археологиялық және этнографиялық коллекциясы. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2009. – 150 б.

10. Атырау даласының тарихи-мәдени мұрасы. Кітап –альбом / құр. М.Қ.Кипиев. – Атырау: «Қазақстан Жазушылар Одағының Атырау филиалы ҚБ», 2016. – 160 б.

11. Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері: Ақмешіт, Алтын, Дәрі, Ұшқан ата қорымдары, Т.І. / рецензент т.ғ.д., профессор Ә.Қ.Мұқтар, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.К.Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2017.- 152 б.

12. Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері: Атан, Жаналы, Кетебай, Көпмола, Қабдуәлі, Қарабала-Қантемір, Қосай, Мыңбай, Сағатай, Сұлтанәлі, Тайлан, Шелекмола, Шошақмола қорымдары, Т.ІІ. / рецензент т.ғ.к., М.Қасенов, т.ғ.к., Қ.Мұхитов. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2018.- 153 б.

13. История и культура Атырау в русских источниках (XYIII-XX вв.). Том. 1 / сост. М.К.Кипиев // Науч. ред. Ж. Шалгынбай. - Атырау : ИП «Сисенгалиев ЖМ», 2014. – 400 с. + 16 с. ил.

14. История и культура казахов западного Казахстана в российской историографии XIX – 20-30 гг. XX века. Том II / сост. Н.Алимбай, М.К.Кипиев // Науч. ред. Н. Алимбай. – Атырау: «Ағатй», 2015. – 520 с. + 16 с. ил.

15. История и культура казахов младшего жуза XIX-начало XX века. Том. III / сост. Р.А.Бекназаров, М.К.Кипиев // Науч. ред. Р.А.Бекназаров. – Атырау: «Ағатй», 2015. – 504 с. + 16 с. ил

16. История и этнография казахов Западного региона. Том.IV / сост. М.К.Кипиев // Науч. ред. Р.А.Бекназаров. - Атырау: «Атырауский филиал Союз Писателей Казахстана», 2016. – 400 с. + 16 с. ил.

17. История и культура Атырау. Том.V/ сост. М.К.Кипиев // Науч. ред. Р.А.Бекназаров. - Атырау: «Атырауский филиал Союз Писателей Казахстана», 2016. – 400 с. + 16 с. ил.

18. Атырау облысында тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын киелі жерлер. / жауапты ред. М.Кипиев. – Атырау, «Ағатай» баспасы, 2018. – 96 б.

19. Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы: Атырау қаласы және Махамбет ауданы. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2013. – 302 б.

20. Фотоальбом Атырау облысының тарих және мәдениет ескерткіштері. – 2013.

21. Эдиге: ногайская эпическая поэма / под. Ред. Н.Х:Суюновой. – Москва: «Наука», 2016. – 512 с. + 16 с. вкл.

22. Сююмбике / авт.текста Р.Г.Шагеева. – Казань: «Татар», 2017. – 128 с.

23. Марғұлан оқулары. Көрнекті қазақстандық археолог К.А.Ақышевтың 95 жылдығына арналған Халықаралық археологиялық ғылыми- тәжірибелік конференция материалдары. Нур-Султан. – 2019. – 704 с.

5.3 Экспозиция-көрме жұмыстары

2019 жылы музей қорық экспозиция-көрме ұйымдастыруға айырықша мән берді. 2019 жылға жоспарға сәйкес Сарайшық музей-қорығы 2 республикалық, 7 облыстық көрме жоспарлаған болатын. **Жыл ішінде 1 халықаралық, 2 республикалық, 10 облыстық жылжымалы көрме ұйымдастырды**. Өткізілген көрмелер ғылыми және мәдени іс шаралар аясында өткізілді. Көпшілік арасында үлкен қызығушылық тудырып, республикалық, облыстық БАҚ-да жарияланып отырды. Көрмелер сапалы өткізілуі үшін музей қорық тақырыптары латын тілінде жазылған 6 баннер дайындады. Олар:

- «Ортағасырлық Сарайшық: Қазақ Елінің астанасы»
- Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы
- Сарайшықты зерттеген ғалымдар
- Сарайшық – Қасым ханның Ордасы
- Сарайшық жәдігерлері
- Әлем тарихындағы – Сарайшық

Есепті жылы ұйымдастырылған көрмелер оны көруге келген көрермендер қызығушылығын тудырды. Олар алдағы жылы да жалғаспақ. Көрмелерді салыстырар болсақ,

- 2019 жылғы **алғашқы көрмеміз** ақпан айының 11-12 жұлдызында Махамбет ауданы «Өнерпаз» мәдениет үйінде «Ортағасырлық Сарайшық: Қазақ Елінің астанасы» атты тақырыпта өтті.

Көрмеге музей қорынан 100 ден артық жәдігерлер, Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы сәндік өнер музейінен Сарайшық қаласына байланысты 11 картина, музей қорындағы әр түрлі тақырыптағы 15 кітап, Сарайшық қаласы тарихын баяндайтын 6 стенд, архивтік құжаттар, Сарайшық қаласы тарихы жайлы кітапшалар мен магнетиктер қойылды.

- 2019 жылдың сәуір айының 16-17 күндері Индербор кенті, "Индер - Мәдениет" МКҚК-да "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұйымдастырылды.

- 2019 жылдың 10 сәуірінде "Сарайшық" мемлекеттік тарихи - мәдени музей-қорығы "Ортағасырлық Сарайшық: Қазақ Елінің астанасы" атты жылжымалы көрмесімен Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығына келіп, мұндағы жасы үлкен кісілерге және Атырау Ардагерлер кеңесі өкілдеріне қала тарихы жайлы сыр шертетін жәдігерлер ұсынылды.

- Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы 2019 жылы сәуір айының 9 күні Атырау қаласындағы химия-биоллгия бағытындағы

Назарбаев зияткерлік мектебімен бірлесіп жұмыс жасауға ынтымақтастық келісім шартқа қол қойылып, көрме ұйымдастырылды.

- 2019 жылы 26 маусымда Сарайшық мемлекеттік тарихи мәдени музей қорығы Атырау облыстық кәсіпкерлік басқармасы және Туған жер туризм клубымен бірлесе «Әлеуметтік кәсіпкерлік» апталығы аясында баларларға арналған жазғы экскурсияға қатысып, олардың назарына ортағасырлық Сарайшық жәдігерлерін ұсынды.

- 12-15.09.2019 ж. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының жәдігерлер қорындағы сүйек бұйымдары көрмесі өтті. Көрмеге сүйектен жасалған 30-дан астам жәдігер қойылып, олардың тарихы баяндалды. Сүйек бұйымдардың қолдану аясы өткен мен қазіргі заманғы уақытты қамтитындай фотобейнелер жасалды.

- 20.09.2019 ж. Махамбет селосында Атырау облыстық ауыл әйелдері форумына қатынасушыларға көрме ұйымдастырылды. Көрмеге Сарайшық музей қорының 36 жәдігері, кәдесыйлары қойылды. Көрме қонақтары қызығушылығын мамонттың сүйегі, сүйек коньки, алаша, темірден жасалған бұйымдар тудырды. Көрмені 200-ден астам көрермен тамашалады.

- 2-5.10.2019 ж. «Сарайшық – Сарай-Бату-Сарай Берке қалалары ізімен» Халықаралық ғылыми-зерттеу, туристік экспедиция барысында музей қорынан архивтік құжаттар, Сарайшық қаласының тарихын баяндайтын кітаптар көрмесі РФ Астрахан облысының Алтынжар ауылында ұйымдастырылды.

- 07.10.2019 ж. Сарайшық селолық Мәдениет үйінде Атырау облыстық Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінің «Ұлы дала бояулары» атты жылжымалы көрмесімен бірігіп тұрғындардан жинаған этно бағыттағы жәдігерлер көрмесі ұйымдастырылды. Тұрғындарға насихат бағытында ұйымдастырылған көрмені тамашалауға 250-дей көрермен келді.

- 09.01.2019 жылы Ғ.Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында Сарайшық қаласының тарихына қатынасты кітап көрмесі ұйымдастырылды.
- 10.10.2019 жылы Атырау қаласы Салтанат сарайында өткен Сарайшық музейінің 20-жылдығына арналған «Жошы ұлысы және Сарайшық – Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» тақырыбымен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына «Сарайшықтың зергерлік бұйымдары» көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге Атыраулық зергерлер өз туындыларын әкелді.

- 17-19.10.2019 ж. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен өткен «Музейлер шеруі» акциясы бойынша өткізілген «Музей түні» шарасына «Ортағасырлық Сарайшық: Қазақ Елінің астанасы» атты жылжымалы көрмесі 200-ге жуық жәдігермен көрмеге қатынасты.

- **2019 жылғы 31 қазанда** Махамбет аудандық мәдениет үйі ғимаратында (Жамбыл Жабаев көшесі, 4) облыс суретшілері арасындағы «Ортағасырлық Сарайшық –Қазақ Елінің астанасы» тақырыбы бойынша сурет көрме-байқаудың ашылу салтанаты өтті.

2019 жылы музей тарихында алғаш рет Махамбет аудандық әкімдігі мен «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы бірлесіп, облыстық деігейде суретшілердің көрме-байқауын ұйымдастырды. Оған 10 суретші 11 туындысымен қатынасты. Биылғы жарияланған «Ұлы Даланың 7 қыры» бағдарламалық мақаласына орай ұйымдастырылған шараның мақсаты Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері қатарындағы Сарайшық қалашығының ел тарихындағы орнын айшықтау арқылы ұлтымыздың әлемдік өркениетті, Жібек жолының алтын көпірі ретінде халықаралық ауқымда экономика мен мәдениетті дамытуға септігін тигізгенін насихаттау, сол арқылы жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы мен құрметін арттыру.

Көрмеге төмендегі суретшілер өз туындыларымен қатынасты:

Ш.Ғаниев әуесқой суретші, Атырау облысы Құрманғазы ауданының зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Сарайшық сұлтаны» туындысымен;

Т.Халин, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Махамбет атындағы сыйлық иегері,зейнеткер, Атырау облысы Индер ауданы, Бөдене ауылы «Сарайшық ханшасы» туындысымен;

А.Отарәлиев, Мәдениет саласының үздігі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, «Сарайшық аруы» туындысымен қатынасты.

О.Қарабалин, суретші, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, «Алтын күмбез» туындысымен;

О.Кендір, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, «Сарайшық «Жібек жолы» туындысымен;

М.Рахметов, суретші-безендіруші, Атырау қаласы, «Ғасырлар үні» туындысымен;

Е.Арыстанов, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, «Алтын қайық» иегері, «Сарайшық» туындысымен;

Аманов Қамбарбек Хасенұлы, ҚР көркем академиясының академигі, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, «Сарайшық секеркөлі» туындысымен;

Е.Дәукенов, суретші, Атырау облысы Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы- сәндік өнер музейінен;

Е.Бозжігітов, ҚР көркем академиясының кор-мүшесі, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Дизайнерлер Одағының мүшесі, Халықаралық Қолөнер Одағының мүшесі, Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжінен қатынасты.

Суретшілердің еңбектерін бағалаған әділқазылар алқасының төрағасы ҚР көркем академиясының кор-мүшесі, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Дизайнерлер Одағының мүшесі, өлкетанушы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының меңгерушісі Н.Бермағамбет, мүшелерінде: Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директорының орынбасары А.Тұрарұлы, Махамбет аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Н.Аруев болды.

Әділқазылар шешімі бойынша Бас жүлдені ҚР көркем академиясының академигі, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, «Сарайшық секер көлі» туындысымен Қ.Аманов,

1 орынды - ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Махамбет атындағы сыйлық иегері,зейнеткер, Атырау облысы Индер ауданы, Бөдене ауылы «Сарайшық ханшасы» туындысымен Т.Халин, 2 орын- ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, «Сарайшық «Жібек жолы» туындысымен О.Кендір,

3 орынды 2 суретші- ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, «Алтын қайық» иегері, «Сарайшық» туындысымен Е.Арыстанов мен ҚР көркем академиясының кор-мүшесі, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Дизайнерлер Одағының мүшесі, Халықаралық Қолөнер Одағының мүшесі,"Алтын қайық" туындысымен Е.Бозжігітов иеленді. Қалған қатысушылар «Алғыс хатпен» марапатталды.

Жеңімпаздар суреттері алқалы комиссия шешімімен Сарайшық музей қорына сыйға тартылды.

- 27.11.2019 жылы Махамбет аудандық «Өнерпаз» мәдениет үйінде Тұңғыш президент күніне арналған салтанатты шараға қатынасып, музей жәдігерлерінің көрмесі ұйымдастырылды.

- 11-24.12.2019 ж. аралығында Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінде өтетін Махамбет ауданының «Ұлы дала тарихы» тақырыбындағы көрмеге қатынасты. Сарайшық тарихын баяндайтын 24 дана жәдігерлер, картиналар, макет апарылды. 11 желтоқсан күні ашылу салтанаты өткен көрмені Атырау қаласы мен облысының тұрғындары, қала қонақтары тамашалады.

- «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығында» әр айдың соңғы жұмасы «Ашық есік» күні ұйымдастырылады.

5.4 Экскурсия және насихат бөлімі

Музейге келетін қонақтарымызды санаты бойынша 1) 7 жасқа дейінгі балалар, 2) оқушылар мен студенттер, 3) мүмкіндігі шектеулі тұлғалар, 4) ересектер, 5) зейнеткерлер, 6) шетелдіктер деп бөлуге болады. Осы санаттағы бірінші бестікті шартты түрде жастар деп алып, оған ересектер санатындағы 35 жасқа дейінгілерді қоссақ, онда ересектерге қарағанда музейге келетін жастар жағы басымырақ. Негізінен музейге келетін ересектер мен жастардың арақатынасы шамалас. Сонымен қатар, музейге ресми делегациялар да ат басын бұрып отырады. Бір қуантарлығы шетелдік туристер саны жыл сайын артып отыр. Мәселен, 2017 жылы68, 2018 жылы 110, 2019 жылы 532 турист

музейіміздің қонағы болса, 2018 жылы 12468, 2019 жылы 18501 көрермен музей-қорықты тамашалады. Оны өткен жылдармен салыстырар болсақ

5.4.1 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының (бұдан әрі – Музей-қорық) қызметін және ортағасырлық Сарайшық қаласын насихаттауы

2019 жылғы 14 мамырда осы мақсатта аймақтық БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры (пресс-тур) болып өтті. Атырау облысы Махамбет ауданы Сарайшық ауылында өткен баспасөз турына «Хабар», «Хабар-24», «Қазақстан-Атырау», «Каспий-News» телеарналарының және «Айқын», «Ақ Жайық», «Атырау», «Жайық шұғыласы», «Прикаспийская коммуна» газеттерінің журналистері қатысты.Шара барысында музей-қорық директоры, профессор Ә.Мұқтар музей-қорықтың мақсат-міндетін, атқарылған шаралар мен алдағы стратегиялық жоспарлары туралы баяндама жасады. Журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Сонымен қатар, музей экспозициясын аралап, ортағасырлық Сарайшық қаласы орнына экскурсия жасалды. Соңғы уақытта жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары мен ол жерде табылған жәдігерлерді таныстырды.

Пресстур қорытындысы нақты нәтиже берді. Ол бойынша музей қорыққа қатысты мәселелер барлық теледидар мен БАҚ жарық көрді. Назар аударсақ

№	**Атауы**	**Сілтеме**
	24 KZ	
1.	Ескі шаһар Сарайшықтың құпиясын ашатын карта табылды. (26.05.2019 жыл)	Сілтеме: https://24.kz/kz/zha-aly-tar/bilim-zh-ne-ylym/item/317473-eski-sha-ar-sarajshy-ty-piyasyn-ashatyn-karta-tabyldy
«Қазақстан – Атырау» телеарнасы		
1.	Сарайшықта Қасым ханың ескерткіші орнатылады (ВИДЕО). (20 мамыр, 2019 жыл)	**Сілтеме:**https://atyrautv.kz/kz/news/society/saraishykta-kasym-hanyn-eskertkishi-ornatylady-video#
Каспий News		
1.	Сарайшықтағы жұмбақ нысан. (20 мамыр, 2019 жыл)	Сілтеме: https://web.facebook.com/caspiannews.kz/videos/467032977400521/
«Ақ Жайық» газеті		
1.	Археологтар Сарайшықтан көне цитадельді іздеп жатыр (22-мамыр, 2019 жыл.)	Сілтеме: https://azh.kz/kz/news/view/39997
«Егемен Қазақстан» газеті		
1.	Теңізастындатарихиқазынажатыр. (Ә.Мұқтар, 26.06.2019 ж) (Сұхбат)	Сілтеме: https://egemen.kz/article/203202-tenhiz-astynda-tarikhi-qazyna-dgatyr

Телеарналарда:

№	Атауы	Сілтеме
1.	«Ғалым мерейі» т.ғ.д., профессор Ә.Қ.Мұқтар	**«Үш қоңыр» газеті №48 (463) 29.11.2019**
	«Хабар» агенттігі	
1.	«Жеті күн» (08.12.2018 ж)	Сілтеме: https://khabar.kz/kz/m-ra-at-zheti-k-n/item/109047-zheti-k-n-08-12-2018
2.	«Жеті күн» (20.04.2019 ж)	Сілтеме:https://khabar.kz/kz/m-ra-at-zheti-k-n/item/112128-z-et-20-04-2019
3.	«Сарайшық» музей-қорығында тас диірмен табылды. (26.04.2019)	Сілтеме: https://khabar.kz/kz/zhanalyktar-kz/item/112246-26-s-r-2019-z-yl-08-00-z-a-aly-tar-toptamasy
	24 KZ	
4.	Ескі шаһар Сарайшықтың құпиясын ашатын карта табылды. (26.05.2019 жыл)	Сілтеме: https://24.kz/kz/zha-aly-tar/bilim-zh-ne-ylym/item/317473-eski-sha-ar-sarajshy-ty-piyasyn-ashatyn-karta-tabyldy
4.	Атырауда Қасым ханға ескерткіш орнатылады (05.12.2019)	Сілтеме: https://24.kz/kz/zha-aly-tar/m-denie/item/359300-atyrauda-asym-khan-a-eskertkish-ornatylady
5.	«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы. (22.11.2019)	Сілтеме: https://24.kz/kz/zha-aly-tar/zha-aly-tar-toptamasy/item/279457-22-qarasha-2018-zhyl-17-00-zha-aly-tar-toptamasy
6	Атырауда Жошы ұлысының 750 жылдығына арналған конференция өтті. (10.10.2019)	Сілтеме: https://24.kz/kz/zha-aly-tar/bilim-zh-ne-ylym/item/346835-atyrauda-zhoshy-lysyny-750-zhyldy-yna-arnal-an-konferentsiya-tti
7.	Сарайшық - Сарай Бау Сарай Берке 08.10.2019	Сілтеме: https://24.kz/kz/zha-aly-tar/bilim-zh-ne-ylym/item/346242-elimizdi-alymdary-altyn-orda-a-astana-bol-an-astrakhan-a-aya-basty?fbclid=IwAR2WAqBnvyEG4AjWRCNPdSYurjyS8KQQgBUni_ChBvgxE94u3_Omli6UBZw
8.	«Сарайшық» музей қорығы Ресей мұражайларымен келісім жасасты 12.10.2019	Сілтеме: https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/347225-sarajshy-muzej-ory-y-resej-m-razhajlarymen-kelisim-zhasasty
«Қазақстан – Атырау» телеарнасы		

6.	Сарайшықта Қасым ханың ескерткіші орнатылады (ВИДЕО). (20 мамыр, 2019 жыл)	**Сілтеме:**https://atyrautv.kz/kz/news/society/saraishykta-kasym-hanyn-eskertkishi-ornatylady-video#
7.	Сарайшықта ғылыми-тәжірибелік конференция өтті (ВИДЕО) (17 сәуір, 2019 жыл)	Сілтеме: http://atyrautv.kz/kz/news/society/saraishykta-gylymi-tezhiribelik-konferenciya-otti-video
8.	Сарайшық - Қазақ елінің астанасы (ВИДЕО) (13.02.2019)	Сілтеме: http://atyrautv.kz/kz/news/society/saraishyk-kazak-elinin-astanasy-video
9.	Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының құрылғанына - 20 жыл (11.01.2019)	Сілтеме: http://atyrautv.kz/kz/news/society/saraishyk-memlekettik-tarihi-medeni-muzei-korygynyn-kurylganyna-20-zhyl-video
10.	«Сарайшық-Сарай Бату-Сарай Берке» экспедиция (01.10.2019)	Сілтеме: https://atyrautv.kz/kz/news/society/halykaralyk-ekspediciya-zholga-shykty-video-1
11.	Сарайшық. Бабалар ізімен... (09.10.2019)	Сілтеме: https://atyrautv.kz/kz/news/society/babalar-izimen-video
12.	Сарайшық мәдениет үйінде көшпелі көрме (10.10.2019)	Сілтеме: https://atyrautv.kz/kz/news/society/koshpeli-korme-video-1
13.	Көне қаланың қамалы табылды. (10.10.2019)	Сілтеме: https://atyrautv.kz/kz/news/society/kone-kalanyn-kamaly-tabyldy-video
14.	Вице-министр Сарайшыққа сапарлады. 11.10.2019	Сілтеме: https://atyrautv.kz/kz/news/society/vice-ministr-saraishykka-saparlady-video
15.	Жошы ұлысы және Сарайшық - Қазақ мемлекеттігінің бастауы (Атырау телеарнасы). 11.10.2019	Сілтеме: https://atyrautv.kz/kz/news/society/zhoshy-ulysy-zhene-saraishyk-kazak-memlekettiginin-bastauy-video
QAZAQSTAN TV		
16	Сарайшық қаласының	https://qazaqstan.tv/news/117608/

	орнындағы қазба жұмыстары кезінде көне қақпа табылды 09.10.2019	
17.	Атыраудағы «Сарайшық» қорығы Астрахань және Волгоград облыстарындағы музейлермен іскерлік байланыс орнатты. (15.10.2019)	Сілтеме: https://qazaqstan.tv/news/117812/
Каспий News		
10.	Сарайшықтағы жұмбақ нысан. (20 мамыр, 2019 жыл)	Сілтеме: https://web.facebook.com/caspiannews.kz/videos/467032977400521/
11.	Тарихты талқылады. (Caspiannews) 11.10.19 жыл	Сілтеме: https://www.facebook.com/caspiannews.kz/videos/837195140076005/
«Ақ Жайық» газеті		
11.	Археологтар Сарайшықтан көне цитадельді іздеп жатыр (22-мамыр, 2019 жыл.)	Сілтеме: https://azh.kz/kz/news/view/39997
12.	20-тамыз күні "Ақ Жайық" газетіне "Сарайшық туристік брентке айнала ма?" атты сұхбат жарияланды.	Сілтеме: https://azh.kz/kz/news/view/41632
«Атырау» газеті		
12.	Назарбаев Зияткерлік мектебі мен «Сарайшық» музей-қорығы арасында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды. (11.04.2019)	Сілтеме: http://atr.kz/bez-rubriki/nazarbaev-ziyatkerlik-mektebi-men-sarajshyk-muzej-korygy-arasynda-yntymaktastyk-zhoninde-memorandumga-kol-kojyldy/
13.	Сарайшыққа арналған көрмеде 400-ден астам жәдігер қойылды	Сілтеме: http://atr.kz/audandar/saraishykka-arnalgan-kormede-400-den-astam-zhadiger-kojyldy/

	(автор: Ж.Байгалиев, 21.02.2019)	
14.	Қасым хан Сарайшыққа жерленген! (Автор: А.Тұрарұлы, 01.02.2019)	Сілтеме: http://atr.kz/bez-rubriki/d2-9b-d0-b0-d1-81-d1-8b-d0-bc-d1-85-d0-b0-d0-bd-d1-81-d0-b0-d1-80-d0-b0-d0-b9-d1-88-d1-8b-d2-9b-d2-9b-d0-b0-d0-b6-d0-b5-d1-80-d0-bb-d0-b5-d0-bd-d0-b3-d0-b5-d0-bd/
15.	Ә.Қ.Мұқтардың «Сарайшық сақтау – парыз һәм мәндет» (09.08.2019 ж)	Сілтеме: http://atr.kz/bez-rubriki/sarajshy%D2%9Bty-sa%D2%9Btau-paryz-%D2%BB%D3%99m-mindet/
	Ә.Қ.Мұқтар «Хандар пантеоны» (18.10.2019)	Сілтеме: http://atr.kz/…/handar-panteony-nemese-k%D3%A9ne-sha%D2%BB…/
	«Жошы ұлысы және Сарайшық»	Атырау газетінің 18 қазан айындағы саны
«Егемен Қазақстан» газеті		
16.	Әлкей Марғұланның Сарайшықты зерттеуі Әбілсейіт МҰҚТАР, тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры /06.03.2019	Сілтеме: https://egemen.kz/article/184573-alkey-marghulannynh-sarayshyqty-zertteui
17.	Сарайшық – қазақтың киелі мекені Әбілсейіт МҰҚТАР, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Егемен Қазақстан газеті // 9 тамыз 2017 жыл	Егемен Қазақстан
18.	Теңізастындатарихиқазынажатыр. (Ә.Мұқтар, 26.06.2019 ж) (Сұхбат)	Сілтеме: https://egemen.kz/article/203202-tenhiz-astynda-tarikhi-qazyna-dgatyr
19.	Ә.Қ.Мұқтар «Алтын Орда тарихы – қазақтың тарихы» (11.10.2019)	Сілтеме: https://pdf.egemen.kz/2019/10/11/7964/
«Прикаспийская коммуна»		

20	Музей заповедника «Сарайчик» - 20 лет (Назгул НУГМАНОВА, 20 август. 2019 жыл.)	(www.pricom.kz) (газет)
Artpress.kz		
21.	Ә.Мұқтар, «Наурыз, Әбілқайырдың хаты және Сарайшық» туралы сұхбаты	
«Жайық шұғыласы» газеті		
22.	Ә.Мұқтар, «Сарайшық» музей-қорығы 20 жылдығы: қалыптасу және дамуы	23 тамыз, 2019 жыл
«Айқын» газеті		
	Ә.Қ.Мұқтар «Сарайшықта жерленген билеушілер» 22.10.2019	https://aikyn.kz/culture/history-knowledge/10596-sarayshyqta/
	"Сарайшықтуризмгесұраныптұр" 11.12.2019	https://aikyn.kz/economy/aymak/14122-sarayshyq/

5.4.2 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» қызметкерлерінің газет-журнал беттерінде жарық көрген мақалалары

№	Атауы	Сілтеме
1.	«Ғалым мерейі» (АвторӘ.Қ.Мұқтар)	**«Үш қоңыр» газеті №48 (463) 29.11.2019**
	«Атырау» газеті	
2.	Сарайшыққа арналған көрмеде 400-ден астам жәдігер қойылды (Автор: Ж.Байгалиев, 21.02.2019)	Сілтеме: http://atr.kz/audandar/saraishykka-arnalgan-kormede-400-den-astam-zhadiger-kojyldy/
3.	Қасым хан Сарайшыққа жерленген! (Автор: А.Тұрарұлы, 01.02.2019)	Сілтеме: http://atr.kz/bez-rubriki/d2-9b-d0-b0-d1-81-d1-8b-d0-bc-d1-85-d0-b0-d0-bd-d1-81-d0-b0-d1-80-d0-b0-d0-b9-d1-88-d1-8b-d2-9b-d2-9b-d0-b0-d0-b6-d0-b5-d1-80-d0-bb-d0-b5-d0-bd-d0-b3-d0-b5-d0-bd/
4.	«Сарайшық сақтау – парыз һәм мәндет» (Автор Ә.Мұқтар	Сілтеме: http://atr.kz/bez-rubriki/sarajshy%D2%9Bty-

	09.08.2019)	sa%D2%9Btau-paryz-%D2%BB%D3%99m-mindet/
5.	«Хандар пантеоны» (Автор Ә.Мұқтар 18.10.2019)	Сілтеме: http://atr.kz/…/handar-panteony-nemese-k%D3%A9ne-sha%D2%BB…/
«Егемен Қазақстан» газеті		
6.	«Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры (Автор Ә.Мұқтар 06.03.2019)	Сілтеме: https://egemen.kz/article/184573-alkey-marghulannynh-sarayshyqty-zertteui
7.	Сарайшық – қазақтың киелі мекені (Автор Ә.Мұқтар. Егемен Қазақстан газеті // 9 тамыз 2017 жыл)	Егемен Қазақстан
8.	Теңізастындатарихиқазынажатыр. (Ә.Мұқтар, 26.06.2019 ж) (Сұхбат)	Сілтеме: https://egemen.kz/article/203202-tenhiz-astynda-tarikhi-qazyna-dgatyr
9.	«Алтын Орда тарихы – қазақтың тарихы» (Автор Ә.Мұқтар 11.10.2019)	Сілтеме: https://pdf.egemen.kz/2019/10/11/7964/
«Прикаспийская коммуна»		
10	Музей заповедника «Сарайчик» - 20 лет (Н. НУГМАНОВА, 20 август. 2019 жыл.)	(www.pricom.kz) (газет)
Artpress.kz		
11.	«Наурыз, Әбілқайырдың хаты және Сарайшық» туралы сұхбаты (Автор Ә.Мұқтар)	
«Жайық шұғыласы» газеті		
12.	«Сарайшық» музей-қорығы 20 жылдығы: қалыптасу және дамуы (Автор Ә.Мұқтар)	23 тамыз, 2019 жыл
«Айқын» газеті		
13.	«Сарайшықта жерленген билеушілер» (Автор Ә..Мұқтар 22.10.2019)	https://aikyn.kz/culture/history-knowledge/10596-sarayshyqta/

5.4.3 «Сарайшық» қаласы және музей-қорыққа байланысты газет беттерінде жарық көрген мақалалар

№	Атауы	Сілтеме
«Ақ Жайық» газеті		
1.	Археологтар Сарайшықтан көне цитадельді іздеп жатыр (22-мамыр, 2019 жыл.)	Сілтеме: https://azh.kz/kz/news/view/39997
2.	20-тамыз күні "Ақ Жайық" газетіне "Сарайшық туристік брентке айнала ма?" атты сұхбат жарияланды.	Сілтеме: https://azh.kz/kz/news/view/41632
«Атырау» газеті		
1.	Назарбаев Зияткерлік мектебі мен «Сарайшық» музей-қорығы арасында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды. (11.04.2019)	Сілтеме: http://atr.kz/bez-rubriki/nazarbaev-ziyatkerlik-mektebi-men-sarajshyk-muzej-korygy-arasynda-yntymaktastyk-zhoninde-memorandumga-kol-kojyldy/
2.	«Жошы ұлысы және Сарайшық»	Атырау газетінің 18 қазан айындағы саны
«Айқын» газеті		
1.	"Сарайшықтуризмгесұраныптұр" 11.12.2019	https://aikyn.kz/economy/aymak/14122-sarayshyq/
Егемен Қазақстан газеті		
1.	Халықаралық экспедиция мүшелері Алтын Орда билеушілері жерленген Лапас мекенінде болды. (02.10.2019)	https://egemen.kz/article/210118-khalyqaralyq-ekspeditsiya-musheleri-altyn-orda-bileushileri-dgerlengen-lapas-mek
2.	Сарайшық музейі ресейлік туркомпаниялармен келісім жасады. (02.10.2019)	https://egemen.kz/article/210104-sarayshyq-muzeyi-reseylik-turkompaniyalarmen-kelisim-dgasady
3.	Халықаралық экспедиция мүшелері Құрманғазы кесенесіне зиярат етті. (02.10.2019)	https://egemen.kz/article/210053-khalyqaralyq-ekspeditsiya-musheleri-qurmanghazy-kesenesine-ziyarat-etti
4.	Алтын Орда шаһарларына халықаралық экспедиция жолға шықты. (01.10.2019)	https://egemen.kz/article/209972-altyn-orda-shaqarlaryna-khalyqaralyq-ekspeditsiya-dgolgha-shyqty
5.	Жошы ұлысының жоғалған шаһарлары. (14.10.2019)	https://egemen.kz/article/210913-zhoshy-ulysynynh-dgoghalghan-shaqarlary

5.4.4 Музей сайтында, әлеуметтік желілерде насихатталуы

- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» фейсбук парақшасы

@KhanOrdalySaraishyk

2019 жылы парақшаға 490 адам тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда дерлік 4 есе артық.

2019 жылы парақшаға 457 адам «ұнайды» түймесін басқан. Өткен жылмен салыстырғанда 4 есе артық.

Парақшаға тіркелушілер саны	**141**
2019 жылы парақшаның қамту аясы	1546
Жарияланған жарияланымдар саны	91
Басылған «лүпілдер» саны	2259
Пікірлер саны	38



- **«Saraishyk1316» инстаграм парақшасы 2019 жылдың есебі**
- **«Saraishyk museum» ютуб каналының 2019 жылғы есебі**

- **"Виртуалды Сарайшық музей-қорығы" ашылды.**
  2019 жылдың 11-қазан күні "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы 20 жылдығына орай "Виртуалды Сарайшық музей-қорығы" тұсаукесері болды. "Виртуалды Сарайшық музей-қорығымен" ЖШС "TORUS.KZ" техникалық директоры Д.Габдуллаев таныстырды.

Канал тіркелушілер саны	**16**
Жарияланған видеолар саны	4
Басылған «лүпілдер» саны	19
Пікірлер саны	0

6 Әкімшілік-құқық жұмыстар

6.1. Тәжірибе алмасу, ынтымақтастық жұмыстары

2019 жылдың алғашқы айларынан бастап «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту және тәжірибе алмасу мақсатындареспубликаның өзге аймақтарындағы және Түркия, Ресей, Өзбекстан елдеріндегі мекемелермен байланысты дамытты. Нәтижесінде түрлі музей-қорықтар, ЖОО және туристік агенттіктермен ынтымақтастық келісімшарттарға қол қойылды.

- **2019 жылы 25 ақпанда** Ф.Байдаулетов және бас қор сақтаушысы Ж.Диярова іс-тәжірибе алмасу мақсатында Түркістан қаласындағы "Әзірет Сұлтан" қорық-музейінде болып, екі музей-қорық арасындағы ынтымақтастық келісім-шарты жасалды. Іссапар барысында қыш жасау шебері А.Рысбаев шеберханасында шеберлік сабағына қатысты.

- **2019 жылы 25 ақпанда** Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті арасында байланыстарды нығайту шеңберінде, тарихи-мәдени, білім беру саласында және "Цифрлы Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын орындау аясында "Бағдарламалық инженерия" кафедрасымен өзара ықпалдастық туралы Меморандумға қол қойылды. Меморандумда тараптар Елбасы Н.Назарбаевтың "Ұлы Даланың жеті қыры" мақаласына орай ғылыми зерттеулердің өзара тиімді мүдделерін ескере отырып өздеріне міндеттер қабылдады.

- **2019 жылы 27 наурызда** Атырау қаласында Ғ.Сланов атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында музей-қорық туристік компания «Планета.kz» және «Ақпарат» қоғамдық бірлестік жаңындағы «Туған жер» туризм, экология және аймақтану клубымен ынтымақтастық келісім-шартына қол қойды.

- **2019 жылы 1-6 сәуір** аралығында Татарстан Республикасы Қазан қаласынамузей-қорықтың ғылыми қызметкерлері А.Тұрарұлы мен М.Әбдіғалиев Ресей Федерациясының Қазан қаласындағы ғылыми мекемелерде Сарайшық қаласына қатысты деректерді зерттеу мақсатында іссапарда болды. Қазан қаласында А.Халиков атындағы Археология институты, Ш.Маржани атындағы Тарих институты, Қазан федералды университетінің сирек қолжазбалар кітапханасы, Татарстан Республикасы архивінде жұмыстар жасап келісім шартқа қол қойылды.

- **2019 жылдың 2 сәуірінде** «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетімен меморандумға қол қойды. Келісімшарт аясында екі мекеме өзара бірлескен ғылыми-зерттеу, археология қазба жұмыстарын

жүзеге асырады. Сонымен қатар, студенттер, магистранттар және докоранттардың біліктілігін арттырады және іс-тәжірибе алмасады.

- **2019 жылы 9 сәуірде** Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Атырау қаласындағы химия-биоллгия бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебімен бірлесіп жұмыс жасауға ынтымақтастық келісім шартқа қол қойылды.

- 2019 жылдың мамыр айында "Сарайшық" музей-қорығының ғылыми қызметкері М.Әбдіғалиев Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде іс-сапарда болды. Іс-сапар барысында Ұлттық музей директорының орынбасары Абай Сатубалдиннің

қабылдауында болып, Сарайшық музей-қорық пен Ұлттық музей арасында меморандум жасаудың тиімділігі туралы және музей-қорық қызметкерлеріне Қор бөлімі, реставрация мәселелері бойынша көмек көрсетуге алғашқы қадамдар жасалды. Нәтижесінде маусымда Қазақстан Республикасының Ұлттық музейімен ынтымақтастық келісім шарты жасалды

- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Түркия Республикасының Анкара университетімен бірлесе Сарайшықты зерттеуге оның бай мұраларын жинауға қол жеткізді. Осы мақсатта музей-қорық директоры профессор Ә.Қ.Мұқтар, университет ректоры Dr Erlan Ibis келісім шартқа қол қойды.

- **2019 жылдың 2 қазанында.** Атырау облысы кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы қолдауымен «Сарайшық-Сарай Бату-Сарай Берке қалалары ізімен» атты Халықаралық ғылыми-зерттеу туристік экспедициясы Атырау облысында туризмді дамыту және «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығын туристік орталыққа айналдыру мақсатында Астрахан облысында орналасқан «Дария-ТУР» атты туристік агенттікпен өзара ынтымақтастық жөнінде келісімшартқа қол қойды.

- **2019 жылдың 4 қазанда** Астрахан облысында орналасқан «Актив-ТУР» атты туристік агенттікпен өзара ынтымақтастық жөнінде келісімшартқа қол қойылды. Келісім-шартқа сәйкес, алдағы уақытта Астрахан-Атырау арасында туристік маршруттар жасау, сол арқалы өзара туристік қатынастарды жолға қою.

- Ортағасырлық Сарайшық қаласы жайлы қосымша деректер іздестіру үшін ағымдағы жылдың 3-15 қыркүйек айында "Сарайшық" музей-қорығы инспекторы Байғалиев Жүніс Қарақалпақстан Республикасы, Нүкіс қаласында іс-сапарда болды. Сапардың мақсаты Нүкіс қаласындағы И.В.Савицкий атындағы мемлекеттік өнер музейімен келісімшарт жасап, музей қызметімен танысу және Жошы ұлысы, Алтын Орда қалаларына байланысты ғылыми еңбектермен жұмыс жасау. Сарайшық – Хиуа қалалары арасындағы сауда жолы туралы мәліметтер жинақтау.

- "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қазіргі уақытта "Ортағасырлық Сарайшық" энциклопедиясын шығару үшін оған енетін материалдарды жинақтауда. Осыған орай музей-қорықтың аға ғылыми қызметкері А. Жұмабаев 2019 жылдың 4-14 қараша аралығында «Ортағасырлық Сарайшық» энциклопедиясына қажетті материалдарды жинақтау мақсатында Алматы қаласына ғылыми-зерттеу ізденіс жұмыстарына іс-сапарға барды. Ізденістер төмендегі көрсетілген мекемелерде: ҚР БҒМ ҒМ «Ғылым ордасы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мұрағат қоры, Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағат қоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Диссертациялар бөлімі және Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қызметі бөлімдерінде жүргізді.

- «Сарайшық» музей-қорығы қызметкері Байғалиев Жүніс 2019 жылдың қараша айында Өзбекстан Республикасы, Қарақалпақстан Республикасында Сарайшық қаласы тарихына байланысты мәліметтерді зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Негізгі мақсат: Сарайшық – Хиуа қалалары арасындағы сауда керуен жолдарын зерттеу. Осы негізде Нөкіс қаласындағы И.В.Савицкий атындағы

мемлекеттік өнер музейі кітапханасында Хорезм экспедициясы материалдарымен танысып, керекті деректер жинақтау. Сапар барысында Қарақалпақстан Республикасы, Хожелі қаласында орналасқан 23 санды қазақ мектебінің 9,10,11 сынып оқушыларына «Ортағасырлық Сарайшық: Қазақ Хандығының астанасы» тақырыбында ашық сабақ ұйымдастырды.

- **2019 жылы 24 желтоқсанда** “Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы” РМҚК мен “Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты” РМҚК бірлескен “Өлке тарихы және оның өзекті мәселелері” атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел барысында музей қорық “Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты” арасында бірлескен жобаларды жүзеге асыру, ғылыми тәжрибелік конференцияларды, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру және өткізу туралы келісім шартқа қол қойылды.

- 17-20.12.2019 ж. қор сақтаушы О.Сағынбаева Санкт-Петербург қаласында ЦНТИ «Прогресс» шақыруымен, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен «Археологиялық мұра нысандары: құқықтық реттеу, тарихи-мәдени сараптама, археологиялық зерттеулер» тақырыбымен өткізілген білімін жетілдіру курсына қатынасты.

6.2 Музей-қорық қызметкерлерін көтермелеу жұмыстары

Музей-қорықтың 20 жылдығы аясында, мекеме қызметкерлері республикалық, облыстық және аудандық марапаттарға ұсынылып, марапаттады.

- **Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен-** музей-қорықтың директор орынбасары міндетін атқарушы, археолог А.Тұрарұлы;
- **Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Құрмет Грамотасы»** марапымен – музей-қорықтың бас есепшісі А.Қайреденова,
  ғалым хатшы- Ж.Диярова,
  бас инспектор – М.Әбдіғалиев марапатталды.
- **Атырау облысы әкімі Н.Ноғаевтың «Алғыс хатымен»**
  музей-қорықтың директор орынбасары міндетін атқарушы, археолог А.Тұрарұлы;
  бас есепшісі А.Қайреденова;
  ғалым хатшы- Ж.Диярова;
  бас қор сақтаушы – О.Сағынбаева
- **Атырау облыстық мәслихаттың хатшысы Ө.Зинуллиннің «Алғыс хатымен»**
  К. Акимова, З.Мұхитов, Қ.Нұғманов;
- **Махамбет ауданы әкімі Ж.Ахметовтың «Алғыс хатымен»**
  М.Әбдіғалиев, Н.Нұғманова, М.Лекерова, Н.Қартанбаева, Қ.Намазбаев марапатталды.

7 Ортағасырлық Сарайшықты туризм аймағына айналдыру барысындағы жұмыстар

- Сарайшық қаласының туристік бағытын жетілдіру мақсатында Атырау облыстық Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы қолдауымен Сарайшық ауылы тұсындағы Атырау-Орал тас жолы бойына және Сарайшық ауылы бұрылысынан ауылға дейін кірме жол жиегіне тарихи орынға қатысты суреттер, белгілі зерттеушілердің тезистері көрсетілетін **6 бильборд және**

ортағасырлық Сарайшыққа бағыттайтын 10 жол белгілерін орнатты.

- Сарайшық музей қорығын насихаттау мақсатында **30 секундтық 3 тілде (қазақ, орыс, ағылшын) бейнеролик** дайындалды. Жергілікті телеарналарда, қалалық қоғамдық орындарда кеңінен насихаттау мақсатында облыстық және қалалық әкімдіктерге хат жолданды. Қала әкімінің жауап хатында қоғамдық көліктерде бейнеролик жүргізілтіне жөнінде хабарлады.

- "Виртуалды Сарайшық музей-қорығы" ашылып,

2019 жылдың 11-қазан күні "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы 20 жылдығына орай "Виртуалды Сарайшық музей-қорығы" тұсаукесері болды. "Виртуалды Сарайшық музей-қорығымен" ЖШС "TORUS.KZ" техникалық директоры Д.Габдуллаев таныстырды.

8 Мәдени-көпшілік шаралар

- 22 наурыз Ұлыстың Ұлы күніне Әз Наурыз қойылымын мекеме қызметкерлері қойды. Келген көрермендерге Наурыз көже ұсынылды. Наурыз мейрамын арықтарды тазалап, су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егуден бастады. Бұл күн жер-жерде ат бәйгесі, көкпар тарту, қыз қуу, палуандар күресі тектес ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылды.

- 18 мамыр Халықаралық музейлер күні мерекесіне орай Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ашық есік күнін жариялады.Және де Атырау Жастар театрымен бірлесе отырып музей жанында «Ай астында бір көл бар» атты ашық аспан астында қойылымды халық назарына ұсынды.Рухани шараға облыстық,қоғамдық жастар белсенділері,Атырау өңірінің әр түкпірінен келген тұрғындар қойылымды тамашалады.Қойылым соңы концерт бағдарламасына ұласты.

- 28-31.08.2019 ж. Сарайшық музей қорығының 20 жылдығына және Жастар жылына орай ұлттық тарихи құндылықтарымызды насихаттау мақсатында тарихпен танысып, шәй ішу шарасы ұйымдастырылды.Сары самаурын, жез құмған, шоқ таба сияқты көне бұйымдар қойылды. Шәй ішу шарасы барысында Сарайшық, Алтын Орда, Жібек жолына қатысты аңыздар айтылып, киіз үйден шәй ішілді. Шараға 463 көрермен қатынасты, 50 шақты қонаққа шәй ішу ұйымдастырылды. Аңыз-әфсана тыңдап 14 экскурсия өткізілді. Кәдесыйлар дайындалып, көрерменге ұсынылды. Шара барысында 62 600 теңге қаражат түсті.

- 12-15.09.2019 ж. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының жәдігерлер қорындағы сүйек бұйымдары көрмесі өтті. Көрмеге сүйектен жасалған 30-дан астам жәдігер қойылып, олардың тарихы баяндалды. Сүйек бұйымдардың қолдану аясы өткен мен қазіргі заманғы уақытты қамтитындай фотобейнелер жасалды.

  Осы шара аясында музейде ұлттық мұрамызды насихаттау мақсатында «Асық ату» сайысы ұйымдастырылды. Сол сияқты асықпен ойналатын ханталапай, қақшу сияқты ойын түрлері өтті. Сайыс түрлері бойынша балалар мен жасөспірімдер қызығушылығы жоғары болды.

  Шара барысында 271 көрермен келіп, 7 экскурсия өтті, 188 көрермен асық ойындарына қатысты. Осы шара барысында түскен қаражат 21100 теңге.

- 30.11.2019 жылы Атырау облысының әкімі Н.Ноғаев Сарайшық музейінде болып, 2019 жылғы археологиялық қазба барысында табылған жәдігерлермен танысты. Биылғы қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлердің музей қорын толықтырып, Сарайшық тарихын жаңа қырынан ашып, ерекше орын алатынына сенімділік білдірді.

9 Қаржы және мемлекеттік сатып алулар

Мекеменің 2019 жылға қаржылық жоспары бойынша бюджет есебінен жыл басында бөлінген қаражат **48 649,0** (қырық сегіз миллион алты жүз қырық тоғыз мың) теңге. 2019 жылдың маусым айынан бастап еңбекақы өсіміне байланысты **3 616,0** (үш миллион алты жүз он алты мың) тенге қосымша қаржы бөлінді. 2019 жылға бюджеттен бөлінген қаражат 52265,0 мың теңгені құрады. Ол еңбек ақыға, салық төлемдеріне, коммуналдық төлемдерге, іс-сапар шығындарына, басқа да шығындарға бекітілген жоспар бойынша жұмсалды. 2020 жыл басына бюджет есеп шотындағы қалдық сома 11 322,08 теңге. Ақылы табыс есеп шотындағы қалдық 20034,48 тенге.

Ақылы табыстан жыл басына 195 323,58 теңге қалдық қалды. 2019 жылға жоспарланған қаражат 1 067,0 (бір миллион алпыс жеті мың) теңге, орындалғаны **1 520 900** (бір миллион бес жүз жиырма мың тоғыз жүз) теңге. Орындалған ақылы табыстан еңбекақыға 48889 (қырық сегіз мың сегіз жүз сексен тоғыз) теңге, әлеуметтік төлемдерге 12848 (он екі мың сегіз жүз қырық сегіз) теңге, мекемеге қажетті заттарға 755 790 (жеті жүз елу бес мың жеті жүз тоқсан) теңге, көрсетілген қызметтерге 176051,1 (жүз жетпіс алты мың елу бір теңге бір тиын), іс-сапар шығындарына 758 771 (жеті жүз елу сегіз мың жеті жүз жетпіс бір мың) теңге, басқа шығындарға 58900 (елу сегіз мың тоғыз жүз) теңге қаражат жойылды. 2019 жылдың қыркүйек айында музей-қорықтың 20 жылдық мерейтойына 350 000 (үш жүз елу мың) теңге демеушілік қаражат түсіп, оған мекемеге қажетті құрал-жабдықтар алынды. Мемлекеттік сатып алу жоспары бекітіліп, сатып алу және қызмет көрсетулер бойынша келісім шарттар жасақталды.

10 Шаруашылық жұмыстары

Инженерлік-техникалық қызмет және ғимаратқа қызмет көрсету және күтіп-баптау бөлімінің қызметкерлері жыл бойы құқық бұзушылық көрсетіп, жұмысқа енжарлық танытқан жоқ. Музей ішінде және оған жапсарлас аумақтарда тиісті тәртіп сақталды, жасыл көшеттер суғарылып, күтімде болды. Бөлім қызметкерлері музей ғимаратының ахуалын, кеңсе жиһаздарын, шаруашылық құрал-саймандарын, тауарлық-материалдық құндылықтарды ағымдағы жөнделуі мен сақталуын қарап-қадағалап отырады, тиеу-түсіру жұмыстарын атқарады.

Өртке қарсы қызметтің жұмыскерлері ұдайы алдын-ала ескерту шараларын жүргізіп отырды. Өрт қауіпсіздігі бойынша музей-қорықтың сұрауымен өрт қауіпсіздігі мамандары мекемеге келіп тексеру жүргізді. Сол тексеріс арқылы дайындалған акт бойынша көрсетілген кемшіліктер жөнге келтірілді. Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар аясында музей қызметкерлерінің теориялық білімі мен практикалық әдетін жетілдіру мақсатымен сабақтар жүргізіліп, өрт кезінде көшіру, алғашқы медициналық жәрдем, ТЖ кезінде аман қалудың мәселелері үйретілді. Музей-қорықтың төтенше жағдай кезіндегі адамдарды қауіпсіз жерге жинау орны және автотұрақтың талаптары нұсқаулық бойынша талапқа сай екені уәкілетті органдармен келісілді. Мамыр айында аудандық ішкі істер бөлімімен келісіп, музей алдындағы көлік жолына жасанды жол кедергісі қойылды.

Терроризмге қарсы атқарылатын іс-шаралар бойынша 17 қаңтарда және 21 ақпанда жиналыстар өтті. Қызметкерлерге лаңкестіктің алдын-алу мақсатындағы нұсқаулықтар беріліп, түсіндірілді.

Сонымен бірге діни экстремизм тақырыбына түсінік жұмыстары жүргізілді.

Шаруашылық бөлімі қызмет және өндірістік бөлмелердің кілтін беру және қабылдауды, музей мүлкінің сақталуын, музейге кірудің рұқсаттық тәртібін, экспозиция залында насекомдар мен зиянкестерден арнаулы дәрілермен санитарлық тазалау жұмыстарының жүргізілуін қадағалап отырады.

Музей-қорықтың күзет сигнализациясы, бейнебақылау жүйесі 2019 жылы жаңартудан өтті. Бейнежазудың ұзақтығы 30 күнге дейін сақталады.
Жылу маусымына дайындық бойынша пластик құбырлардың жарылған жерлері жалғанып, дәнекерленді. Осы мақсатқа арнайы құрал-жабдықтар сатып алынды. Операторлар мен жауапты тұлға оқу-тексеріс процесінен толықтай өткен. Кестеге сай 15 қазанға дейін жылу маусым басталып, ғимаратқа жылу берілді.

Дегенмен 2019 жылы жоспарланған шаруашылыққа қатысты шаралардың барлығы бірдей жүзеге аспады. Мәселен музей-қорық территориясын көгалдандыру, ортағасырлық Сарайшық қалашығының қорғау аймағын бекіту, оны қоршау мәселелері шешімін таппады. Сонымен бірге музей қорықтағы дәретхана заман талабына сай емес. Ол жергілікті

жерде шешілмеді. Оларды шешуге министрлік тиісті қаражат бөлмеді. Олар енді алдағы жылға қалдырылды.

Қорытынды

2019 жылы «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы өз жұмыс жоспарына сәйкес қызмет жасады. Алдымен, осы жылы музей қорыққа 18 501 астам адам келіп тамашалады. Оның 526 шетел азаматы. Олар музейді, Хандар кесенесін, Жайық жағалауындағы археологиялық орындарды тамашалады. Мұның өзі өткен жылдардағыдан 3 мың адамға артық. Туристердің көбеюіне 2019 жылы музей ауласынан этноауылдың ашылуы, 2 киіз үйдің құрастырылуы, 11 жәдігердің қалыпқа келтірілуі, «Музейге сый» акциясы нәтижесінде музейге 35 жәдігердің алынуы да өз әсерін тигізді. Киіз үйлер маңына 2 ескі арба қойылды.

2019 жылы музей-қорық өзінің ашылғанына 20 жылдығын атап өтті. Оны атап өтудегі мақсат музейдің ел ішінде танымалдығын арттыру және оның мәселелеріне ел назарын аудару болды. 20 жылдық жоспары бойынша мекеме ғалымдары Ә.Мұқтар «Біріншілер» монографиясын аяқтап баспаға берсе, Ә.Мұқтар, Ж.Диярова «Сарайшық музей қорығы тарихы» атты монографиясын жариялады. Қорытындысында «Сарайшық музей қорығы тарихы» атты монографиясының тұсаукесері ұйымдастырылды. Аталған екі еңбекке авторлық куәлік алды.

20 жылдық аясында музей қорық сәуір айында облыс мектеп оқушылары мен ұстаздарына арналған «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы мен басым бағыттары» облыстық, 9-10 қазанда «Жошы Ұлысы және Сарайшық: Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» атты халықаралық конференция ұйымдастырды. Халықаралық конференция облыстық мдік қолдауымен ұйымдастырылды. Оған Германия, Ресей, Түркия, Қытай елдерінен 18 ғалым қатысты. Сонымен бірге 24 желтоқсанда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен бірлесе «Өлке тарихы және оның өзекті мәселелері» өткізіліп, институтпен болашақта бірлесе жұмыс жасауға қол жеткізілді. Оның барлығы музей қорықтағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Соның ықпалымен 2019 жылы мекеме ғылыми аккредиттеуден өткізілді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламалық құжаттарын іске асыруға бағытталған 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерін бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша конкурсқа 4 жоба тапсырылды.

2019 жылы музей-қорық директоры Ә.Мұқтардың ғылыми жетекшілігімен Сарайшықта археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Ол шілде-қазан айларында 4 айға созылды. Нәтижесінде қала цитаделінің солтүстік қақпасы орны, өндірістік цехтар, бұзылмаған көрханалар табылды.

26.11.2019 жылы Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі жүргізген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған 280 жәдігер Сарайшық музейінің қорына қабылданды. Нәтижесінде қордағы жәдігерлер саны 3866 жетті. Оның 1430-ы негізгі, 2436-і қосымша қорда.

2019 жылғы археологиялық қазба кезінде Сарайшық орнында табылған сүйектермен Астаналық антрополог(А.Райсова, бүгінде Англияда докторантурада оқиды) жұмыс жасап, ғылыми есебін тапсырды. Қазба соңында қазба орындарын сақтау жұмыстары жасалды. Оның жалғасы ретінде қараша айында Қазреставрациядан С.Жолдасова келіп, қақпа орнын және бұрын табылған Сарай кешені орнын қайта қарап, оларды қалпына келтіру туралы мәселе қозғады.

2019 жылы музей-қорық республикалық, халықаралық байланыстарын дамытты. Алдымен, Татарстан Республикасы А.Халиков атындағы Археология институтымен, Түрік Республикасы Анкара университетімен келісім шартқа қол қойды. Осындай байланысты пайдаланып 1-5 қазанда алғаш рет халықаралық «Жошы Ұлысы-Алтын Орда астаналары Сарайшық, Сарай-Бату, Сарай-Берке қалалары ізімен» атты экспедиция қолға алынды. Нәтижесінде РФ Астрахан, Волгоград облыстарындағы Жошы Ұлысы астаналары ғылыми зерттеу аумағына алынды.

Музей қорық жаңалықтары әлеуметтік желіде (фейсбук, инстаграм, ютуб каналдарында), мекеменің сайтында жарияланды. Оған қоса «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Үш Қоңыр», «Атырау», «Прикаспийская коммуна», «Жайық шұғыласы» газеттерінде 13 мақала, телеарналар - «Хабар» 3, «Хабар 24» - 2, «Қазақстан Атырау» , «Каспийньюс» 2 сұқбат берілді. Осы жылы музей қорықтың виртуалды ашылып, Атырау облысы әкімдігі қолдауымен 6 баннер Атырау-Орал, Атырау-Сарайшық автокөлік трассасына қойылды. Оларға қоса ауыл ішінен ортағасырлық Сарайшыққа дейін 10 жол көрсеткіш жасалды. Нәтижесінде ҚР Үкіметі, ҚР парламенті депуттатары Сарайшыққа назар аударды, үкімет басшысы А.Мамин Қасым хан ескерткіш қою мәселесін қозғады.

Жыл қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі музей-қорық археологы А.Тұраұлын – ҚР Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, археолог М.Әбдіғалиевті - ҚР Мәдениет және спорт министрлігі «Құрмет» грамотасымен, бас есепші А.Қайреденованы - ҚР Мәдениет және спорт министрлігі «Құрмет» грамотасымен, ғалым хатшы Ж.Диярованы - ҚР Мәдениет және спорт министрлігі «Құрмет» грамотасымен марапаттады.

Дегенмен, музей қорықтың алдына қойылған төмендегідей міндеттер орындалмай қалды. Біріншіден, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Атырау облысы әкімдігімен бірлесе жоспарлаған Сапар орталығы құрылысының басталмауы. Оның негізгі себебі құрылыс аймағына

берілген жер телімінің бірнеше рет өзгеруі дер едік. Бүгінде жер телімі мәселесі шешілді деуге болатындай. Қазіргі таңда 2019 жылдың қараша айынан бері Сапар орталығының ПСД-сы жасалуда. Екіншіден, музей-қорықтың материалдық базасының ескіруі, қажетті құрал-жабдықтардың алынбауы. 2020 жылы министрлік тарапынан қаржы бөлінсе мәселе шешіледі деген үміттеміз. Үшіншіден, музей-қорықтың кадрлық мәселесі. Жоғары кәсіби білікті мамандар қаладан 50 шақырым жердегі музей қорыққа жұмысқа келе бермейді. Атырау қаласы мен Сарайшық аралығына жүретін автобус шығарылмаған. Оған білім жетілдіру мәселесіне қаржының бөлінбеуін де қосуға болады. Төртіншіден, бүгінге дейін ортағасырлық Сарайшықтың қорғау аймағы анықталмаған. 2019 жылдың соңында ғана Қазреставрация жасаған қоршау аймағының жобасы Атырау облысы әкімдігіне жіберілді. Сондықтан 2020 жылы осы мәселе шешіледі деген үміттеміз. Бесіншіден, Ортағасырлық Сарайшықты түгелдей қоршап адам, мал жүрмейтіндей етіп толық бақылауға алу аса маңызды. Ол тарихи ескерткіштің сақталуын қамтамасыз етер еді. Қорыта келгенде олар біздің алдағы міндеттеріміз.

есінің жа-
Көпболсын
убликаның
орындары»
апты Ма-
ың әкімі
ұлына та-
Қазақстан
ардагерлер
Ескендір
аның жеті
а аталған
Солтүстік
ның Айыр-
төңірегінде
дан 1980
зерттеліп,
бұрын сол
малының
жөнінде
ақтар ауыл
кездесуден
Сарайшық»
сын тіреп,
не тағзым
баяндай-
танысты.
Сарайшық»
убликалық
нып, жаңа
болғанын
ардагерлер
ың орын-
Мұхамбетов
-2018 жыл-
амашалауға
ұрт өскенін

а аудандық
ң төрағасы
і жұмысы
ардагерлер
грамота-
з жұмысын
Елбасының
еті қыры»
жаңа
ді. Сондай-
ардагерлер
Қатимолла
мерейтой-
ың «Пара-
ады.
СИСЕНОВ,
ндық арда-
ң хатшысы.

уірі

Елбасының
еті қыры»

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы мені елең еткізгені- «Ұлы даладағы металлургия» болды. Жалпы металл өндірудің амал-тәсілдерін табу, тарихтың жаңа кезеңдеріне жол ашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгерткені анық. Сан алуан металл кендеріне бай қазақ жері металлургия пайда болған алғашқы орталықтардың бірі.

САРАЙШЫҚТА МЕТАЛЛУРГИЯ ДАМЫҒАН

Ежелгі заманда-ақ Қазақстанның орталық, солтүстік, шығыс аймақтарында тау-кен өндірісінің ошақтары пайда болып, қола, мыс, мырыш, темір, күміс, алтын қорытпалары алына бастады. Ата-бабаларымыз жаңа, неғұрлым берік металдар өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жол ашты. Қазба жұмыстары барысында табылған металл қорытатын пештер мен қолдан жасалған әшекей бұйымдар, ежелгі дәуірдің тұрмыстық заттары мен қару-жарақтары туралы тереңнен сыр шертеді. Осының бәрі ежелгі замандарда біздің жеріміздегі дала өркениеті технологиялық тұрғыдан қаншалықты қарқынды дамығанын көрсетеді.

Ежелгі Сарайшық қаласында ақша шығаратын теңгеханалар, қару-жарақ соғатын бірнеше ұстаханалар болған көрінеді. Кезінде Сарайшықты билеген хандар өз ақшасын осы теңгеханаларда шығарған. Музейде сақталған ескі ақшалар, мыс, күміс, алтын тиындар өткен ғасырдан сыр шертеді. Сонымен қатар ұстаханаларда қару-жарақ қана емес, әйелдердің әшекей алтын, күміс, мыстан соғылған бұйымдары шыққан. Мұның бәрі музей қорында сақталған.

•Өнер көп жағдайда қаннан тарайды ғой. Мейрамбектің ұлы Алтынбек те әке жолын қуды.

Сарайшық саздарынан басталған сапар



Оқушы шағынан суретші атанған Мейрамбек ағам жайлы ара-тұра ойлап қоюшы едім. Екеуміздің балалық шағымыз бір ауылда өтті. Екеуміз де әдебиет пен өнерге бала жастан ғашық болдық. Оның үстіне ауылдың ғажап табиғаты, ауыл адамдарының ақ жарқын пейілі, ата-аналарымыз бен ұстаздарымыздың мейірімі мен махаббаты да бізді сұлулыққа іңкәр қылды.

Сол бір сағымдай бұлдырап алыста қалған қимас күндерден-ақ мен Мейрамбектің ержеткенде өнер жолын таңдайтынына өзімше сенімді болдым. Ойлағанымдай, ол өз болашағын суретшілік өнермен байланыстырды. Әрі осы саладағы ұстаздыққа да өмірін арнап келеді...

Жуырда ағамды мектептегі шеберханасына іздеп бардым. Сағынысып қалыппыз. Біраз әңгіменің тиегін ағыттық. Негізі ол айтушы да, мен тыңдаушы болдым. Соны сіздермен де бөлісейін, қадірлі оқушым...

***

— Сарайшық орта мектебінде оқып жүргенімде осы сурет өнеріне деген іңкәрлігім оянды. Біріншіден, қан тартты деп ойлаймын. Атам Есенғазы ағаштан, темірден түйін түйген ұста болған еді. Қасиеті маған соққан шығар. Екіншіден, біздің Сарайшықтың әсем табиғаты да жанарымды арбап, жан-дүниемді әлдебір аяулы, іңкәр сезімге, әдемі әсерге бөлейтін. Осы әсердің жетегінде қолыма бояу қарындаш алып, ауылдың сұлу көріністерін қағазға түсіруге әуес болдым. Жайық жағасының сазды балшығын илеп, түрлі құмыра, кесе, ожау секілді ыдыстар мен жануарлар бейнесін соғатынмын. Осы әуестігім кейде шектен шығып, бір жолы сабақ үстінде партаға сурет салып қойғанымды байқамай қалғаным да бар. Мұны есесіне мұғалімім байқап қалып, мектеп директорының алдына сүйреп алып барды. Директор өзімнің әкем еді, жақсылап сыбағамды берді. Бір жағынан бұл «оқиға» менің осыған дейін жасырып жүрген өнерімнің мектепке жайылуына, сөйтіп, суретші ретінде «танылуыма» себеп те болды. Өнерімнің жария болуы сол екен, мен қоғамдық жұмыстарға жегілдім. Мектеп, қала берді класс қабырға газеттері мойныма ілінді. Бұл маған үлкен жауапкершілік жүктеумен қатар, жаныма шабыт, қиялыма қанат бітірді. Міне, өнерге деген алғашқы қадамым осылай басталып еді, - деді Мейрамбек өзара әңгіме барысында.

Бейнелеу өнеріне деген осы бір іңкәрлік Мейрамбекті мектеп бітіріп, мамандық таңдар кезде көп ойландырған жоқ. Ол суретші болам деген шешімге түбегейлі келген еді. Алайда, алғашқы жылы оқудың сәті түспей, ауылдан бір жұмыстың басын ұстасам деп жүргенде аудандық әскери комиссариаттан үш айлық шоферлік курсқа шақырған қағаз келе қалды. Бұл курс Сарайшық кәсіптік-техникалық училищесінің базасында өтетін. Сөйтіп, мектеп қабырғасынан шыға сала әскерге шоферлер дайындайтын курстың партасына отырды. Осында оқып жүріп, өзіне біткен шебер қолдардың темірді де жатырқамайтынын аңғарды. Қанша дегенмен, темірден түйін түйген Есенғазының немересі емес пе?! Әсіресе, тәжірибелік сабақтар кезіндегі жону, кесу секілді жұмыстарға қолының ебін байқаған ұстаздары арқасынан қағып, мақтап жататын.

Сөйтіп жүргенде, үш ай да өте шығып, шоферлік оқу да бітті. Мұқабасы қып-қызыл куәлік қалтада. Осыны күтіп тұрғандай әскерге де шақыру келе қалмасы бар ма. Мейрамбек те енді өз тұрғыластары қатарында Отан алдындағы парызын өтеуге аттанды.

— Жауынгерлік борышымды Ресейдің Пенза қаласында өтедім, - дейді Мейрамбек. — Әскери билетімдегі «Основная гражданская специальность» деген графада «шофер» деп жазулы тұрғанына қарамастан мені суретші-безендіруші қылып тағайындады. Сөйтіп, өнерімнің арқасында біраз артықшылықтарға ие болдым. Әрине, қай жұмыстың да жауапкершілігі, қиындығы болады ғой, әйтеуір Алла жар болып, әскери борышымды адал өтеп шықтым...

Әскерден оралысымен Мейрамбектің оқуға түссем деген қадамы сәтті болып, Шымкент педагогика институтының студенті атанып шыға келді. Жүрегін бала кезден аялаған асыл арманы орындалды. Сүйікті мамандығын беретін оқуға сахараның шөлінен сусап келгендей құныға бас қойды. Білімімен де, талантымен де көзге түскен арманшыл жас оқу орнын 1990 жылы үздік дипломмен бітіріп шықты. Яғни, бұл дипломның да түсі шоферлік курстан алған куәлігінің түсіндей қып-қызыл еді.

— Оқуды бітіргенен бері шығармашылық және ұстаздық қызметпен қатар айналысып келемін, - дейді ол. — Атырау қаласындағы Қ.Сәтбаев, Ғ.Мұратбаев және №6 орта мектептерде сурет, сызу, еңбек пәндерінен дәріс бердім. 2014 жылдан бері қалалық мектеп-лицейде мамандығым бойынша ұстаздық қызмет атқарып келемін. Жоғары санатты мұғаліммін. Еркін Хайрошев, Дамир Жәнібек, Ернар Жұмабек сынды шәкірттерім «Қазақ қолөнері — асыл қазына» атты республикалық қолөнер байқауында бірінші дәрежелі дипломды еншіледі. Сол секілді, Диана Әбдірахман, Аманбай Ізбасаров, Марал Балғалиева, Әли Сүгірәлиев, Дильназ Шакиева, Нұрмұхамед Дабысов, Камила Қуанышқалиева, Кирилл Колчанов, Александр Капенкин, Диас Сағынбай есімді оқушыларым талай бәйгеде оза шапты. Ал, Нұрлыжан Сағындықов, Жансерік Жанұзақов деген шәкірттерім «Инфодәріс» жобасындағы жаңа есімдер» атты ІІІ Халықаралық байқауда «Орыс қолөнері және көне халық бұйымдары: ағаштан тараған шуақ» тақырыбы бойынша сертификатқа ие болды. Мұның бәрі ұстаз ретінде менің де, мектептің де мерейін өсіріп отыр.

Өнер көп жағдайда қаннан тарайды ғой. Мейрамбектің ұлы Алтынбек те әке жолын қуды. Т.Жүргенов атындағы театр және көркемсурет институтын бітірген талантты жас бүгінде өзі оқыған оқу орнының колледжінде дәріс береді.

Өнерін ұстаздықпен ұштастырған Мейрамбектің өзі де ата-ананың жолын қуған перзент. Әкесі Таласбай Есенғазиев пен анасы Жанис Тәжіғалиева Сарайшық орта мектебінде ұстаздық етті. Ағай мектеп директоры да болды. Талантты суретшінің өскен ортасы осындай.

Әрине, Мейрамбек ұстаздық етумен қатар, жеке шығармашылығын да ұмытқан жоқ. Оның шеберханасындағы «Суретші қыз», «Абай портреті»,

«Автопортрет», «Жайлауда», «Саяхат» секілді картиналар өзгеше бояу қанықтығымен тамсандырып, сырлы да сағынышты сезімдерге жетелейді. Суретші қиялының ұшқырлығына тәнті қылады. Қай жанрдағы картиналары да махаббат пен лиризмге толы. Ал оның қолданбалы сәндік өнерге жататын туындыларынан ұлттық нақыштың лебі еседі.

«Саяхат»

Әрине, шығармашылық иесіне шабыт беретін тағы бір ғажап күш — ол отбасының жылуы. Мейрамбек те жұмыстан шаршап келгенде асыл жары Гүлзия (ол да ұстаз) мен ізетибасынан еш жаңылмайтын келіні Динараның күрең шайын қанып ішіп, балдай тәтті немерелері Айару мен Аянаны еркелетіп, марқайып отырады. Бақыт деген осы емес пе?!

«Жайлауда»

Міне, талантты қылқалам шебері, ҚР Суретшілер Одағының, Қазақстан Дизайнерлер Федерациясының мүшесі Мейрамбек Есенғазиевтің, яғни, сонау бір кездері Сарайшықтың былқылдақ сары саздарынан мүсін соғып жүретін қара баланың біз білетін келбеті осындай.

Тарас НАУРЫЗӘЛІ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,
Атырау қаласы.

«Жайық шұғыласы», №4 (6369) 24 қаңтар 2019 жылы



Елбасы Н.Назарбаев «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларында бұған дейін бұрмаланып келген төл тарихымызға терең бойлап, тарихи ескерткіштерімізді түпкілікті зерттеп, бір кездері ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен жәдігерлерімізді елге қайтарып, жас ұрпаққа ұлттық құндылығымызды түгендеп тапсыруды міндеттеді. Содан бері елімізде бұл бағытта маңызды да ауқымды жұмыстар басталып кетті. Соның бірі облыс басшысы Н.Ноғаевтың қолдауымен ортағасырлық Сарайшық қаласын сақтап қалу мақсатында биіктігі 3 метр, ұзындығы 1500 метрлік қорғаныс бөгетінің салынуы болды.

оның бәрі жүзеге асу үшін қаржылай қолдау көрсетілуі керек. Осы орайда Мәдениет және спорт министрлігіне, облыстық әкімшілікке үш үлкен жобамызды ұсынып хат жолдадық. Оның біріншісі, Сарайшыққа қатысты архивтік құжаттарды жинау. Бұл жобамыз өтер болса, бізден екі маман Мәскеу қаласына аттанады. Екінші жобамыз шетке кеткен жәдігерлерімізді кері қайтару мақсатында экспедиция жасақтап, мамандарымызды Батыс Қазақстан арқылы Саратов, Санк-Петербург, Мәскеу, Астрахан қалаларына жіберу. Жоспар бойынша осы қалалардағы музейлердің басшылығымен байланыс орнатылады. Үшінші жобамыз – Ақтаудың ұлу тастарын пайдаланып, ескерткіштер паркін жасақтау.

Бізге Қамқоршылар кеңесін құру да ауадай қажет. Қамқоршылар кеңесі құрылып, оған шетелдік кәсіпкерлер тартылатын болса, өзіміздің бизнес өкілдері қолдаса, Сарайшық сөзсіз гүлденеді. Оның төрағасы облыс әкімі Нұрлан Асқарұлы болмақ.

Бұған қоса археологиялық қазба жұмыстарын кешенді түрде жүргізу, оның ішінде 2019-2025 жылдар үшін әр жылға 40 миллионнан қаржы бөлу мәселесін көтердік. Осы жобалар үшін қаржы бөлінер болса, Сарайшық қаласы тамаша мәдени туристік орталыққа айналары анық, – дейді Әбілсейіт Қапизұлы бізбен әңгімесінде.

айтқанда ғылыми-зерттеу жұмыстары, көрмелер ұйымдастыру, буклет, альбом, монография әзірлеу, бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, дөңгелек үстелдер, кездесулер, лекциялар өткізу мәселелерін ортаға салдық. Ғылыми кеңестің мүшелері тарих ғылымдарының кандидаты Ж.Мұстафин «Сарайшық қаласының тарихы мен тағдыры» атты еңбегін, «Ортағасырлық Сарайшық» атты ағылшын тілінде жазылған шағын брошюрасын музейге табыс етті. Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы Атырау облыстық филиалының төрағасы Қ.Сүндетұлы 1960 жылдардан бері қарайғы басылым беттерінде жарияланған Сарайшық туралы жазылған мақалаларды жинақтап тапсыруға уәде берді. Облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі мекеменің басшысы М.Кипиев Әлкей Марғұланның 1950 жылдары түсірілген 4 фотосын, т.б құнды деректерді сыйға тартты. Ғылыми кеңестің келесі отырысын қалалық деңгейде өткізу ойымызда бар, – дейді Фархат Байдәулетов.н

САРАЙШЫҚҚА ӘЛЕМ КӨЗ ТІГЕДІ

тек оған қаржылай қолдау қажет

КЕШЕНДІ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Бұған қоса жуырда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №162 қаулысымен Сарайшық қорығына республикалық мәртебе берілді. Музей-қорықтың директоры **Әбілсейіт Қапизұлының** айтуынша, содан бері біршама маңызды жұмыстар жасалыпты. Алайда атқарылуға тиісті ауқымды жұмыстар мен жан бітіруді күтіп тұрған жобалар жетіп артылатын көрінеді.

- 1999 жылы ел жанашыры Иманғали Тасмағамбетовтің бастамасымен осы мемориалды кешен бой көтеріп, хандар пантеоны салынған болатын. 12 әулие, 7 ханның сүйегі, 1 ханның басы жерленген қасиетті мекен содан бері туристер келіп тамашалайтын тарихи-мәдени орынға айналды. Өзім осы жерге басшы болып келгеннен кейін бірнеше тарихшы мамандарды қызметке алып, музей-қорықтың жұмысын жандандыру бағытындағы жұмыстарды бастап кеттік. Атап айтқанда Жайықтың жағасында күні кешеге дейін шашылып жатқан адам сүйектерін жинап, қайта жерлеу жұмыстарын жүргіздік. «Сарайшық – Қазақ Елінің астанасы» атты үш сериялы брошюралар дайындадық. Оның бірінші сериясында Сарайшықтың тарихы қысқаша келтірілген. Екінші сериясы Қасым ханға арналған. Үшінші сериясына күні бүгінге дейін ақындардың Сарайшыққа арнап шығарған өлеңдері топтастырылған. Сарайшыққа байланысты жобаларды қолға алу мақсатында облыс әкімдігіне, Жылыой, Махамбет, Индер аудандарының әкімдіктеріне ұсыныстар жібердік. Ең үлкен жұмысымыздың бірі археологиялық қазба жұмыстары мен табылған жәдігерлерді реставрациялау жұмыстарына лицензия алдық. Оны алу үшін Ә.Марғұлан атындағы Археология институты, Сарыарқа ғылыми институты, ҚР ұлттық музейімен байланысып жұмыс жасадық. Алдағы уақытта Сарайшық энциклопедиясын шығармақ ойымыз бар. Мемлекеттік деңгейдегі ғылыми жобаларға, конкурстарға қатысу үшін мекемені ғылыми субьект ретінде аккредитациядан өткізу жұмыстарымен айналысып жатырмыз. Тағы бір жаңалығымыз Сарайшық виртуалды музей жобасы аясында Атырау мемлекеттік университеті, бағдарламалық инженерия кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты Жанна Дүйсенбайқызының қолдауымен еуропалық нұсқадағы музей қорықтың сайты жасақталуда. Бұл сайт арқылы әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдар Сарайшық туралы мағлұмат ала алады. Шетелдік ғалымдарды онлайн жүйе арқылы ғылыми кеңесіміздің отырыстарына қатыстыра аламыз.

Сарайшықты әлем көз тігетін мәдени орынға айналдыру үшін жасап жатқан жобаларымыз жетерлік. Алайда

Орын ҚАЛИҚЫЗЫ, музей-қорық директорының орынбасары:

-Музей-қорықтың халыққа қызмет көрсету аясын кеңейту мақсатында ауладан шеберханалардың макетін жасап, танымдық сабақтар ұйымдастыруды ойға алып отырмыз. Соның бірі – өрмек тоқу өнері. Ауылымыздағы Мәкөн апа жастарға білгенін үйретуге дайын.Сондай-ақ Сағыз ауылында Жайлау Талас есімді сазсырнай жасайтын жігіт бар. Сол жігіт біздің музейге келіп, мастер класс өткізе отырып, сувенирлік бұйымдарын сатуға қойғысы келеді. Ол сонымен қатар адам көп жиналған күндері қобызшы, сазсырнайшы өнерпаздарды шақырып, келген көрерменге дайындалған бұйымнан қандай дыбыстар шығатынын көрсетіп, ұлттық бұйымдардың әсерін жоғарылатуды ұсынып отыр. Бұдан басқа жаз мезгілінде келушілердің демалысын қамтамасыз ету мақсатында көгалдандыру жүргізіп, киіз үйлер тігуді ойластырып жатырмыз. Бұны іске асырсақ, келушілердің саны көбейері анық.

Жанар ДИАРОВА, бас қор сақтаушы:

-Фейсбук әлеуметтік желісінде «Хан ордалы Сарайшық» деген парақшамыз бар. Осы әлеуметтік желі арқылы «Музейге сый тарту» акциясын тұрақты өткізіп келеміз. Осы акция аясында ауыл тұрғыны Замза Хайрошова апай енесінің терме алашасы мен қылышын сыйға тартты. Сарайшықты зерттеген ғалымдардың жеке қорларын ұйымдастыруды мақсат етіп отырмыз. Қазіргі уақытта жалпы мекеменің қорында 3827 жәдігер бар деп есептелінеді. Оларды толықтыру басты міндетіміз. 2019 жылы өзге облыстарға, тіпті шетелге көрме апаруды жоспарлаудамыз. Мәселен, Дағыстан Республикасындағы Ноғай ауданымен келісіп жатырмыз.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ БЕКІТІЛДІ

Музей-қорықтың бөлім басшысы Фархат Байдәулетовтің айтуынша, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» Ғылыми Кеңесінің құрамы бекітіліп, құрамына 4 ғылым докторы, 2 ғылым кандидаты, облыстық мемлекеттік мекемелер басшылары енгізілді, 2019 жылға арналған жылдық жұмыс жоспары жасақталыпты. Ғылыми кеңестің отырысын екі айда бір рет өткізу жоспарланып отырған көрінеді.

– Қаңтар айының басында ғылыми кеңестің алғашқы отырысын өткіздік. Биылғы жасалатын жұмыстарды, атап

ТҮЙІН

Сарайшық –бүкіл Қазақ елінің бетке ұстар тарихи қазынасы. Еліміздің түкпір-түкпірінен де, алыс-жақын шетелдерден де келген азаматтар, осы қасиетті жерді көзімен көріп, тарихына қанығуды жөн көреді. Алайда атағы шартарапқа жайылып үлгерген «Хан Ордалы Сарайшық» музей-қорығы келушілерге толыққанды қызмет көрсетуге дайын ба? Өкінішке орай, музей-қорықтың материалдық жағдайы осыдан 20 жыл бұрынғы қалпында тұрғаны ащы да болса шындық. Ішінің тарлығы, тоқ жүйелерінің ескіріп, ауыстыруды талап етіп тұрғаны өз алдына бөлек әңгіме. Ең бастысы, биотуалет мәселесі де шешімін таппай отырған жайы бар. Жергілікті әкімшілік, туған жерге туын тігуді жөн көретін қалталы азаматтар осы бағытта бізге қолдау көрсетсе, нұр үстіне нұр болар еді» дейді Әбілсейіт Қапизұлы.

Сарайшыққа сапарымыз барысында тағы бір байқағанымыз, Жайықтың жағасындағы көне қаланы жауын-шашыннан қорғау үшін салынған қалқаның, қатты желге шыдай алмай құлап жатқаны болды. Ал, бұл да өз кезегінде өткен жылы миллиондаған қаржы бөлінген реставрация жұмыстарының бірі болып саналады.

Баян СҮЙЕУОВА.

CMYK

● Сарайшық тек қана атыраулықтардың емес, бүкіл қазақ халқының, тіпті шет ел азаматтарының да сүйікті орнына айнала білді.

Көзге жылы, көңілге ыстық кіндік қаны тамған туған өлкесін бәрінен артық көруге әр адамзат баласы хақылы болар. Туған жердің бір түйір тасы жаттың ат басындай алтынынан да қымбат емес пе? Туған өлкеміз тарихындағы бірегей ескерткіш, бұл әрине – Сарайшық. Сарайшықтың тарихы қазақ халқының құрылу, бірігу, тарихы екендігі күмәнсіз. Сондықтан, Сарайшықтың әрбір тасын, әрбір кірпішін, қыш ыдыстары мен мыс тиынын ықылас қойып зерттеу, қастерлеп, жас ұрпақтың санасына сіңіру – біздің адамгершілік парызымыз.

Қасым хан

Қазіргі кезде Сарайшық тек қана атыраулықтардың емес, бүкіл қазақ халқының, тіпті шет ел азаматтарының да сүйікті орнына айнала білді. Мұнда алыс-жақыннан ат ізін салушы көрермен қарасы көп. Қазақтың белгілі мемлекет, қоғам және өнер қайраткерлері, басқа да зиялы қауым өкілдері Сарайшыққа арнайы ат басын бұрып, тәу етуі дәстүрге айналды десек ешкім таласа қоймас. Жылына Сарайшық ескерткішіне ондаған, жүздеген мың көрермен келіп, халқымыздың өткен тарихынан қызықты мағлұматтармен қанығуда.

дить и части нынешних построек Сарайчиковской крепости» деп аталады. Мұнда қала орны ғана емес, аңыздарда айтылатын Секер көлінің орны да бар, оны «Ханский Ильмень» (Хан көлі) деген атаумен беріпті. Қаланың оңтүстік, оңтүстік-шығыс жағында орналасқан. Одан басқа суретте әулие орындары, яғни жерленімдер де көрсетілген. Әулие орнының бірі қаланың орталық бөлігі – цитаделі үстінде орналасқан. Деректер

зерттеуінше, Қасым хан 1521 жылы қыста қайтыс болған.

«Тарихи Рашиди» шығармасының авторы Мұхамед Хайдар Дулати Қасым хан туралы «Ол өз билігін Дешті-Қыпшақтың үстіне жайды, оның қарамағындағы халқының саны миллионнан асты. Жошыдан басқа ешкім дәл ондай құдіретті боп көрген емес. Оның әскерінің саны жүз мыңнан асатын» деген мәлімет келтіреді.

Қадырғали Жалайыр болса: «Олардың әрқайсысы (Жәнібек ханның балалары мен немерелері) өз алдына билік жүргізді және аттарын шығара алды. Олардың есімдері әлі күнге шейін ауыздан түспейді. Алғашқысы – Жаған бикеден туған Қасым хан. Ол өз әкесінің ұлысында бірталай уақыт патшалық етті және көптеген көрші елдерді бағындырды, оның аты қазірдің өзінде барлық жерде ұмыт болған жоқ. Сарайшықта қайтыс болды, сонда жерленді, оның зираты күні бүгінге шейін сол жерде» деп жазба қалдырған. Тарихшы А.П.Чулошников те Қасым

ондаған, жүздеген мың көрермен келіп, халқымыздың өткен тарихынан қызықты мағлұматтармен қанығуда.

Ғасыр жүгін арқалап, өшпес із қалдырған ұлы тұлғалар тарихымызда аз емес. Жылдар жылжып өткен сайын тарихи тұлғалар туралы көп деректердің көзі көміліп, көп шындықтың орны толмай қалып жататыны бар. Сондықтан, қол жеткен әрбір дерек – зерттеушілер үшін маңызды. Міне, осындай деректердің бірі – біздің қолымыздағы 1861 жылы әскери топограф А.Алексеев сызған Сарайшық құландысының сурет сызбасы. Бұл сызба жоба «План развалин древней мусульманской крепости Сараиль-Джа-

Қасым хан

Қасым **1445** жылы – шамасында дүниеге келеді.

Оның әкесі – Қазақ Ордасының негізін салушы Әз Жәнібек хан. Анасының аты – Жаған-бегім. Ол отбасында тоғыз ұлдың бірі болып өсіп, ер жетеді.

1510 жылы –
Қасым сұлтан қысқы соғыста қазақтардың басты жауы Мұхаммед Шәйбани біржола талқандап, ұлыс шегінен асыра қуды. Сол кезеңдегі Түркістан уалаятына қарасты қалалардың көпшілігі Қазақ Ордасының құрамына енді.

1511-1520 жылдары –
Қасым ханның билік құрған дәуірі. Ежелгі Көк орда жерінің басым бөлігі және Жетісу қазақ ордасының иелегіне айналды. Халықтың саны бір миллионнан асып, әскер саны үш жүз мыңға жетті.

Шамамен **1511** жылы –
Қасым хан «Қасқа жол» деп аталатын ең алғашқы заң жүйесін қабылдады.

1512 жылы –
Қасым хан Сайрам қамалын алды, Ташкентке жорық жасады.

1521 жылы –
Жайық өзені бойындағы салтанатты қала Сарайшықта дүние салады.

«бұл жердегі екі моланы Жәңгір ханның тапсырмасымен, татар саудагерлері ағаш қоршаумен қоршаған екен» дейді. Жәңгір хан шежіре бойынша Жәнібек ханнан, оның кенже ұлы, Қасым ханның інісі Үсек ханнан тарайтыны жалпыға белгілі болар.

Біздің ойымызша, бұл көп жазба деректерде айтылатын атақты Қасым ханның жерленген жері болуы әбден мүмкін. Қасым хан – қазақты жер жүзіне танытқан ұлы тұлға. Оның билігі тұсында Қазақ хандығы қазіргі Қазақстан аумағындай көлемге сәйкес ұлғайып, қазақ халқының этникалық аумағы біріктірілді. Оның тұсында «қазақ», «Қазақстан» деген этноним, саяси терминдер алғаш қолданысқа еніп, Қазақ хандығының аты сонау Еуропа елдеріне дейін белгілі болды. Алғашқы қазақ заңы, мемлекеттік құрылымның маңызды атрибуты – «Қасқа жол» заңы қоғамға енгізіліп, сол кездегі өмірге үйлесімді әдет-ғұрып ережелері жиынтығы жүйеленді. Тарихшы А.Исиннің

ханның мазарының XVII ғасыр басында Сарайшықта құламай аман тұрғанын жазған екен. Ал, А.Алексеевтің мәліметіне қарағанда, Қасым хан мазары XIX ғасырдың ортасында да ел-жұрт тәу ететін орын болған.

Академик Әлкей Марғұлан «Сарайшық – Каспий өңірі ойпатындағы орта ғасырлық қала» мақаласында да: «Жазба қайнар көздерінен байқауымызша, XV-XVI ғасырлардағы тамаша сәулет ескерткіштері қазақ хан

● «Қасым хан тарихи деректер бойынша Сарайшықта дүние салды, осында жерленді» деп көрсетеді.

Сарайшықта жерленген!

КАМАЛ АД-ДИН БИНАЙ, «Шайбани-наме» кітабының авторы:
«Ол – Бұрындық ханның әскерлері ішіндегі атақты баһадүрі және мықты сұлтанның бірі болды».

БАБЫР, билеуші:
«Қазақ халқының бұрынғы-соңғы хан, сұлтандарының ішінде Қасым хандай құдіретті әмірші болған емес. Оның үш жүз мың әскері бар еді».

АБДАЛЛАХ БЕН МҰХАМЕД БЕН ӘЛИ НАСРУЛЛАХ, ортағасырлық тарихшы:
«Қасым хан бүкіл Дәшті-Қыпшақтың падишахы болды. Ол ұлы істер жасау үшін туған адам еді. Қасым ханның қисапсыз әскері қазақтар мен ноғайлардан құралған еді».

МҰХАМЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ, тарихшы:
«Қасым хан бүкіл Дешті-Қыпшаққа билік жүргізді. Оның қарулы халқының саны миллионнан асатын. Шыңғыстың ұлы Жошы ханнан соңғы жерде бұл жұртта Қасымнан асқан құдіретті хан болған жоқ».

дары Жәнібек пен Қасымға Сарайшықта тұрғызылды» деп жазған. Яғни, кеңестік және қазіргі кездегі тарихшы ғалымдар да Қасым ханның Сарайшықта жерленгеніне толық сенімді болды.

Сарайшықты зерттеумен жүйелі айналысқан археолог ғалым Зейнолла Самашевта бір топ авторлармен бірігіп жазған «Сарайшық тиындары» кітабында «Каспий және Жайық даласы, оның территориясына енді, хандықтың ордасы да бір мезгіл Сарайшық болды. Қасым хан тарихи деректер бойынша Сарайшықта дүние салды, осында жерленді» деп көрсетеді. Б.Кәрібаев және Қазақ хандығы тарихын зерттеуші басқа ғалымдар да осы пікірді қостайды.

«Қазақстанның киелі жерлер географиясы» Ұлттық жобасының республикалық тізіміне енген көне Сарайшық қаласының орнында ғылыми зерттеулердің ұдайы жүруі қазіргі кездегі жаһандану процесіне жұтылмай ұлттық кодымызды сақтап қалуымызға күшті серпін береді деп санаймын. Сол жұмыстардағы басты мақсаттың бірі – қазіргі заманғы зират астында қалған Қасым хан мазары орнын анықтау мен қала цитаделін ашу. Әрине, ол үшін эстетикалық талаптарды сақтай отырып, жергілікті басқару органдарымен, халықпен келісіп жұмыс жасау керек.

1999 жылы көне қала орнына өткен тарихтың даңқты символы ретінде «Хан ордалы – Сарайшық» мемориалды кешені тұрғызылған болатын. Кешенде музей, мешіт және биіктігі 14 метрлік «Хандар кесенесі» орналасқан. Кәсіпорын 2018 жылы қыркүйекте республикалық дәрежедегі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы болып қайта құрылды. Қазіргі музей ғимаратындағы жалғыз экспозициялық зал таршылық етіп, көрермендердің қажеттілігін толық өтей алмайтыны анық.

Сондықтан, қазіргі заманауи орынның қажеттігі ескеріліп, келушілерге кең көлемді қызмет көрсететін сапар орталығын салу қолға алынуда. Мұнда келушілер үшін барлық жайлылықпен қатар, экспозициялық залдар, жәдігерді сақтау бөлмелері, камералық өңдеу зертханасы және қалпына келтіру үй-жайы да ескерілмек. Демек, болашақта Сарайшықта ғылым дамып, үлкен ғылыми орта қалыптасады деп сенгіміз келеді. Тарихшылармен қатар қолөнер және сәулетші шеберлерді осы орталықтан кездестіреміз деп ойлаймын. Сарайшықтың көне зергерлік бұйымдары үлгісінде жұмыс жасағысы келетін зергерлер үшін қазірдің өзінде көп материалдар жинақталған. Сарайшықтың қыш бұйымдары, нумизматикасы туралы арнайы баспа өнімдері жарық көрді. Болашақта көне қаланың сәулеттік өнері, басқа да қолөнер бұйымдары туралы зерттеу еңбектер шығатынына сенімдіміз.

Айбек ТҰРАРҰЛЫ,
«Сарайшық» тарихи-мәдени музей-қорығының ғылыми қызметкері.

"САРАЙШЫҚ - ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ АСТАНАСЫ"

Аудандық «Өнерпаз» мәдениет үйінде «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұйымдастыруымен жылжымалы көрме өткізілді.

Аталған көрмеге 100-ге жуық жәдігер, Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінен Сарайшықпен байланысты салынған 11 картина, Сарайшықтың тарихы жөнінде 6 стенд, музей қорындағы тарихи 15 кітап, 10 шақты архивтік құжаттар, брошюралар мен магнетиктер қойылды.

Аудандық мәслихат хатшысы Марат Мырзашев:

- Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдаған «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалалары аясында ұйымдастырылып отырған бұл көрме еліміздің тарихи-мәдени мұрасын насихаттау бағытында жаңа бастамаларға серпін берері анық. Сарайшық – еліміздің тарихқа бай өлкелердің бірі. 1999 жылы облысқа Иманғали Нұрғалиұлының келуімен Сарайшықтың жаңа дәуірі басталды деп айтуға болады. Одан кейін Үкімет, мәдениет министрліктерінің қолдауымен де бірқатар жұмыстар қолға алынды. Мұнда тек елімізден ғана емес, шетелдік азаматтар да келеді. Сондықтан Сарайшықтың туристік орталыққа айналуы еліміз үшін маңызы зор.

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Республикалық қазыналық кәсіпорнының басшысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт Мұқтар:

- Музей өткен жылдың аяғында мемлекеттік мәртебе алды. Алдымызда үлкен міндеттер тұр. Сарайшық енді бұрынғыдай емес, әлем елдерінен келетін туристік орталыққа айналуы тиіс. Алла сәтін салса, облыс, аудан әкімдігі қолдауымен Жайық жағасынан 8 гектар жер алып, онда екі қатарлы сапар орталығы, оған қоса ортағасырлық қалашық салынады. Болашақта туристік орталыққа айналса, қосымша жұмыс көздері ашылып, халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайы жақсарады. Біздің алғашқы жетістіктеріміздің бірі археологиялық реставрациялық қазбаға тікелей министрліктен рұқсат алдық. Жақында ғана облыс әкімі Н.Асқарұлы бастаған басшылық Сарайшықта Қасым ханға арналған ескерткіш тұрғызу туралы ұсынысымызды қолдады. Бүгінде ғылыми кеңес құрылды. Енді облыс әкімі Н.Ноғаевтың төрағалығымен Сарайшықты қамқорлайтын қамқоршылар кеңесі құрылады. Сарайшықты қазақ елінің орталығы еткен еліміздің билеушілеріне бәріміз мәңгілік қарыздарымыз. Біздің парызымыз – Сарайшықты ұлы қалалардың қатарына қосу.

Көрменің ашылу салтанатының лента қию рәсімі аудандық мәслихат хатшысы Марат Мырзашев пен еңбек ардагері Қобылан Сисеновке тапсырылды. Одан әрі музей қызметкері Жанар Диярова жиналған жұртшылықты көрмемен таныстырды.

Б.САПАРОВА.

Сарайшық қазба орнынан 2003 жылы табылған ортағасырлық құмыралар: қыштан жасалған тостағандар, тастан жасалған келсап (ұнтақтау үшін пайдаланған), сырлы ыдыс ішінде тары. XIV ғасыр.

Сарайшық қазба орнынан табылған ортағасырлық құрылыс кірпіштері, көк бөрінің ізі, көшелерге төсеуге арналған тастар, құрылыс кірпіші,шебердің таңбасымен диірмен тасының жоғары бөлігі. Жоғарғы қатарда: мешіт күмбезінің тастары, мозаика тастары едендерін, қабырғаларын әсемдеу үшін.

Сұйық тағамдарға арналған тасымалдауға пайдаланған құмыралар.

Жоғарғы қатар: ауыз су құбырлары, жылу жүйесінің және кәріз құбырлары. Бұл құбырлар Сарайшықтың өркениеті жоғары қала екенін дәлелдейді.

Төменгі қатарда: үлкен екі құмыра шығырдың құмыралары. Шығыр өзенінен,құдықтан су айдап отырған, балық аулауға арналған ауырлатқыштар қыштан жасалынған.

Майшам түрлері қыштан жасалынған.

Жоғарғы қатарда: мыс тиындар, хандардың мөрлері соғылған тиын сауыттар қыштан жасалған. Ресей патшалары тұсындағы қағаз ақшалары мен мыс тиындары. Сферлконус (сынап көзе) сынап тасымалдауға немесе хош иістендіргіш тұнбалар сақтаған.



Сарайшық тарихына қатысты Сарайшық музей-қорығындағы кітаптар. И.Тасмағамбетов пен З.Самашевтың «Сарайшық», З.Самашевтың «сарайшық керамикасы мен тиындары», жергілікті өлкетанушы, музей ардагері Ж.Ғизатовтың да жазған еңбектері т.б.кітаптар.

Сарайшық-сапар орталығының макеті

Музей-қорығын насихаттау үшін «Қазақ хандығының астанасы» атты сериясымен шығарылған брошюра-кітапшалар, магнетиктер.

Қыздардың әшекей бұйымдары, жүзік, білезік, сырға мен қапсырмалары. Тастардан жасалынған моншақтары түрлі түсті.

Қазақ халқының дәстүрлі жүзігі – құдағи жүзік. Екі саусаққа бірдей кигізіледі. Екі жас немесе екі ру басын қосып отыр деген мағынаны білдіреді. Қызыл ақық тасымен әшекейленген.

СМК

№15. 2 ақпан.

Көрме

Сарайшықтың екінші тынысы

Махамбет ауданындағы «Өнерпаз» мәдениет үйінде «Ортағасырлық Сарайшық: Қазақ елінің астанасы» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Мәдениет және спорт министрлігі мен «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қолға алған көрме сөрелеріне музей қорынан 100-ден аса жәдігер, Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы сәндік өнер музейінен көне шаһарға байланысты суреттер, қала тарихын баяндайтын стендтер, архивтік құжаттар, кітаптар мен кітапшалар қойылды.

Шараның ашылу салтанатында аудандық мәслихат хатшысы Марат Мырзашев Сарайшықтың туристік орталыққа айналуын қолдап, оның маңызын түсіндірді. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы басшысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт Мұқтар музей-қорықтың алдағы жұмыс жоспарларымен таныстырды. Сондай-ақ, Қасым ханның ескерткішін тұрғызу жайлы ұсыныстардың қабылданғаны туралы айтылды. Сарайшық қаласының екінші тынысы басталғаны айтылып, оны ұлы қалалар қатарына қосу қажеттігі де сөз болды. Екі күнде көрермендерге 400-ден астам жәдігер ұсынған көрмені бірқатар тұрғын тамашалады.

Жүніс БАЙҒАЛИЕВ,
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының әдіскері,
Махамбет ауданы.

№18. 8 naýryz, 2019 j. «Atyraý» e-mail: atyrau_gazeti@mail.ru

● **Ұлы даланы қорғау үшін үлкен әскер жасақтаған,** оның ішінде он үшке жасы толған қыздардан құрылған ерекше жасақтар да болған екен.

Ұлы дала арулары

Тұмардан Сүйінбикеге дейін…

Кезінде Ертістен Дунайға дейін созылып жатқан ұланбайтақ сахарада желдей жүйткіп, құйындай ұйтқыған біздің қаһарман бабаларымыз, соның ішінде аруларымыз туралы аңыз-әфсана көп-ақ. Ел аузындағы ауызекі әңгіменің тарих атасы Геродот жазбалары арқылы тарихи шындық екеніне көз жеткізу де оңай емес. Өйткені, ол жазбаларда тарихи тұлғалардың есімдері бұрмаланған. Мәселен, Тұмар ханым – Томирис, Құрыш патша – Кир, Сыпатай батыр – Спаргапис, Сара – Зарина болып тұр…

ATYRAÝ Гүлзада НИЕТҚАЛИЕВА



Тұранның Тұмар падишасы

Дөңгеленген дүниеде соңынан ерген жұртын ел қылып, қатарға қосып, ұлангайыр даланы мәңгілікке мұраға қалдыруды армандамаған хан мен патша жоқ шығар! Солардың бірегейі — Тұмар падиша.

Әкесі Тарғытай дұшпандарының қолынан қаза тапқаннан кейін қондыгер жұртының билігі Тұмар падишаға көшкен еді. Қондыгер жұрты деп сол кездегі Дешті-Қыпшақ даласын мекендеген жауынгер тайпаларды атаған. Сол бір қатал да қиын кезеңдерде өзінің қол астындағы елдің тағдырын жеке басынан жоғары қойған Тұмар падиша өз жұртының анасына айналды. Құрыш, яғни, кейіннен елдің бәрі Кир патша деп атаған парсы әміршісі де көшпелі тайпаның көсемінің ұлы болатын. Аңыз бойынша Тұмар мен Құрыш жас кезінде бір-біріне ғашық болыпты. Алайда, тағдырдың жазуымен парсы елін басқарып, жер-жаһанға даңқы кеткен ұлы Кир патша аталған Құрыш оның бәрін ұмытып кетіп, аяқ астынан Дешті-Қыпшақ даласына жорық жасады. Сол кезде Тұмар ханым өзінің қол астындағы елді құтқарып қалу үшін біріктіріп, қас дұшпанға қарсы жұдырықтай жұмылдыра білді. Немересі Аспараны өлтірген Кир-Құрыш патшаны жекпе-жекте жеңіп, басын кесіп алып, қан толы меске салды. «Сен тірлігіңде қан төгуді мақсат етіп едің, енді қанға тойып жат!» деген Тұмардың сөзі бүкіл жер шарын аралап шықты. Бұл — дала заңын бұзған әр опасызға берілетін сыбаға! Отанды қорғау, елі мен жерін өз қара басынан жоғары қою — көшпенді халықтың бұлжымас қағидасы! Тұмар ханым да бабаларынан жеткен осы қағидаға адал болды. Заманалар өткенімен, Тұмардың есімін халық көкірегінде сақтады, бүгінгі күнге жеткізді.

Сақ патшайымы – Зарина

Ұлы даланың даңқты аруларын сөз еткен кезде Зарина патшайымды, яғни, Сараны айтпай қала алмайтынымыз кәміл. Ол да өзінің қол астындағы жұртын аман сақтап қалу үшін талай құрбандықтарға барды, талай өткелектерден өтті. Зарина патшайым мен Мидияның ханзадасы Стриангей туралы аңыз да ғасырларды көктей өтіп, бүгінге жетті. Сақ елінің патшайымы Зарина өзі жан-тәнімен ғашық болған Стриангей ханзадаға: «Біз ешқашан бірге бола алмаймыз. Егер саған қосылсам, менің өзім саған, менің елім сенің еліңе бағынышты болмақ. Өйткені, сен — патша боласың, мен — патшайым боламын. Елімнің тағдыры мен үшін қара басымнан әлдеқайда қымбат. Қош бол, сүйіктім! Кешір мені!» деп ат жалын құшып жылап, даланың жүйрік желімен жарысып, шаба жөнеліпті» деген бағзыдан қалған әфсананы бей-жай тыңдай алмайтынымыз айқын. Ұлы даланы қорғау үшін үлкен әскер жасақтаған, оның ішінде он үшке жасы толған қыздардан құрылған ерекше жасақтар да болған екен. Оны біреулер «Абысын жасақ», екіншілер «Әпкелердің жасағы» деп те жүр. Еуропалықтардың таңырқап, тамсанып, ауыздарынан суы құрып айтатын, аңызға айналған «Амазонкалар» деген термин осыдан шыққан.

Қыпшақ қызы – Тұрандот

Ежелгі гүржі (грузия) патшасы IV Давид Құрылысшы атанған патша қыпшақ қызына үйленген екен. Оның себебі, ол жан-жағындағы жаулардан қорғану үшін жауынгер қыпшақ тайпаларын өзіне одақтас еткісі келген. Басында бағы тұрған, жұлдыздары жарқырап жанған қайран біздің батыр бабалар! Қыпшақ патшасы Артықтың қызы Тұрандотты өзіне жар етіп таңдаған Давид Құрылысшының елінің дербестігіне, тыныштығына қол жеткізгені тарихтан мәлім. Гүржі елінің ел болып, мемлекет болып тарихта қалуына қыпшақ қызы Тұрандоттың да сіңірген еңбегі айрықша. Өзге елге ұзатылып барып, сол жерде елінің атын шығарып, өзі туып-өскен Дешті-Қыпшақ даласы мен гүржі елінің саяси қатынасына ықпал еткен Артықтың қызы Тұрандот патшайымды гүржі халқы әлі күнге ұмытпай, есімін ардақтап келеді.

Сүзге ханым

Сібір өлкесінің билеушісі Көшім ханның кіші ханымы атанған Сүзге ханым жайындағы аңызды да оқырмандарға жеткізуді жөн көрдік. Ертістің жағасына салынған Ескер қаласын орыс патшасының атаманы Ермак шабуыл жасап, басып алғаннан кейін Көшім хан шегініп, бас сауғалауға мәжбүр болады. Сол кезде Ертістің жағасындағы Сүзге-түра аталатын шағын қамалдағы кіші ханымға қайырыла алмай кете барады. Сол кеткеннен мол кеткен Көшім ханды күткен Сүзге ханым өзін құтқару үшін басын бәйгеге тігіп жеткен Көшім ханның немере інісі Мұхамедқұл ханзадаға ілеспей, не де болса, «Хан — иемнен бір хабар күтемін» деп қала барады. Ақыры, Ермактың жасауылдарының бірі Грозный Сүзге-тұраны қоршайды, тұрғындар аштықтан әлсірей бастайды. Көшім ханның енді келе алмасын түсінген Сүзге ханым Грозныйға елші салады: «Үлкен кемеге қаладағы тұрғын халықты тиеп, аман-сау аттандырсын» деп шартын айтады. Сонда Грозный: «Ханымның тілегін орындаймыз, бірақ, өзі қамал-бекіністе қалуы керек» деп зымиян жоспарының шетін шығарады. Оған да көнген Сүзге ханым кемеге тиелген ел-жұрт аман-сау құтылып кеткенін көрген соң өзін қанжармен жарып өлтіреді. Елжандылықтың осыдан асқан үлгісін, қазақ қызының биік намысын көрсететін Сүзге ханым туралы аңыз осылай ауыздан ауызға жетіп келеді.

Сүйінбикенің көз жасы

Сүйінбике! Оның атын Қазан тұрғындары ерекше бір ілтипатпен атайды. Қазанның соңғы ханы Сапаргерейге тұрмысқа шыққан қыпшақ қызы. Сапаргерей о дүниелік болған соң, ұлы Өтеміскерей жас болғандықтан, Қазанның ханы атанған тарихтағы тұңғыш әйел. Атақты Иван Грозный патша Қазанға шабуыл жасап, Қазан бекінісін құлатады. Сүйінбикені тұтқынға алып, Мәскеуге аттандырады. Сүйінбике қара басының қамы үшін қапа болған жоқ, боданда қалған халықтың жайына нала болды. Ол Қазанмен қоштасқанда кірпігінде бір тамшы жас тұрып қалған деседі. Кейін суретші Бақи Урманче Сүйінбикенің суретін ағаштан ойып салады. Сонда суретте кірпіктің астындағы жасты ерекше көрсеткен. Бұл сурет сол бір тамшы жас арқылы әйгілі болды. Ал, Сүйінбике есімі ғасырдан ғасырға жетті. Қазанда татар тілінде «Сөөнбикә» деген журнал шығады екен. Олардың елге еңбегі сіңген, өнерде талантымен танылған татар қыздарына марапаты да - Сүйінбике есімі жазылған күміс білезік.

P.S.

Осынау есімдері ғасырлар қойнауында қалмай, бүгінге жеткен ұлы дала аруларын ұрпаққа үлгі-өнеге ету – баршамыздың борышымыз. Осы мақсат жолында біз не тындырдық? Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласындағы Ұлы даланың ұлы тұлғаларын ұлықтау жөнінде ерекше тапсырма бар. Бүгінгі таңда шерлі шежіреге үңілген тарихшыларымызды үлкен жұмыстар күтіп тұрғаны анық.

Әлкей Марғұланның

Әбілсейіт МҰҚТАР,
Тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры.

1950 жылдың 12 тамызындағы Гурьев облысының (бүгінгі Атырау облысы) «Социалистік құрылыс» газеті Ә.Марғұланның Жайық жағалауында қолына сфероконус ұстап, терең толғанып тұрған суретін жариялады. Сурет астына: «Қазақ ССР Ғылым Академиясының археологиялық экспедициясы Бақсай ауданындағы(бүгінгі Махамбет ауданы) ескі Сарайшық қаласын қазып, зерттеп жатыр. Экспедицияны Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, профессор Ә.Марғұлан басқарады» деп жазылған екен. Міне, содан бері 70 жылға жуық уақыт өтті. Осы аралықта археолог М.Қасенов сол бір тарихи кезеңде Ә.Марғұланның Жайық жағалауында түскен 4 суретін Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінен тауып жариялады. Мұның өзі ғұлама ғалымның ортағасырлық Сарайшық қалашығын зерттегенін айғақтайды. Сонымен Ә.Марғұлан Сарайшыққа қалай келді, оның зерттеуінің нәтижесі қандай, экспедицияға қатысушылар мен кейінгі зерттеушілер неліктен оны толығырақ жазбады? Бұл сұрақтар кім-кімді де қызықтыратыны белгілі.

Ал газетке жарияланған ғалым қолындағы сфероконус немесе сынапкөзенің қазіргі тарихы белгісіз. Саз балшықтан шарықта нәзік түрде әсем жасалып, жоғары температурада күйдірілген қыш сфероконусты ыдыстар немесе сынапкөзелер заманында сынапты тасымалдау үшін немесе жұпар судың ыдысы ретінде пайдаланылған екен. Осыған ұқсас оның өзге бір данасы бүгінде Сарайшықта сақталған.

ІЗДЕНІС. ТАЛАП. МАҚСАТ

1950 жылға дейін Ә.Марғұлан Ленинградтағы Шығыс институтының тарих-филология факультетінде оқып, 1926-1927 жылдары КСРО Ғылым академиясынан С. Руденко бастаған Алтай экспедицияларына қатысады, 1931-1934 жылдары Ленинградтағы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспиранты, 1936-1938 жылдары Мәскеудегі материалдық мәдениет тарихы институтының ізденушісі және ғылыми қызметкері болса, 1938 жылы Алматыда КСРО ҒА-ның бөлімшесінің ашылуына байланысты елге шақырылады. КСРО көлемінде орыс археологтары тарихын зерттеуші А.А. Формозовтың анықтауынша, бұл кезеңде «академиялық ғалымдарға қарсы басталған іс біртіндеп археолог ғалымдарды қамтыған, археологтар КСРО Ғылым Академиясы мүше-корреспонденті Ю.В.Готьені(1873—1943), С.К.Богоявленскийді(1873—1947), Симферопольден А.И.Маркевичті(1855—1942), КСРО Ғылым Академиясы қызметкері С.Руденконы(1885—1969), 1937 жылы 14 сәуірде Қазақстанмен шектес Саратов музейі директоры, профессор П.С.

шәкірті Н.К.Арзютовті(1899—1942) тұтқынға алған» қуғын-сүргін жүріп жатқанды(А.А. Формозов Русские археологи и политические репрессии 1920-1940-х гг. // www.ihst.ru/projects/sohist/papers/archeology/1998/3/191-206.pdf).

Археология саласына ден қойған Ә.Марғұлан аталған ғалымдар ізденістерімен жақсы таныс еді. Солардың ішінде оны Н.К.Арзютовтың 1937 жылғы қыркүйек айындағы Сарайшықтағы археологиялық қазба жұмыстары қатты қызықтырады. Өйткені, ол Сарайшықта жүргізілген алғашқы кешенді ғылыми зерттеу болатын. 1949 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясы хабаршысында жарияланған Н.К.Арзютовтың экспедиция есебімен мұқият танысып, ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихын зерттеу кешегі орыс патшасы заманында басталғанын, оның бүгінге дейін негізінен 2 бағытта бірі қаланың пайда болуы мен қалыптасуын тарихи деректер мен ортағасырлық саяхатшылардың жазба деректері, екіншілері археологиялық қазбадан табылған жәдігерлер арқылы зерттеліп жатқанын тағы бір ой елегінен өткізеді. Бұл арада Н.К. Арзютов Саратов ғылыми музейінде археологиялық бөлім меңгерушісі болып, 1928 жылдан бастап төменгі Еділ бойының археологиялық зерттеу жұмысымен айналысып, көшпелі түркілер мен Алтын Орда

бойында орналасқан ортағасырлық қалаларына қатысты археологиялық қазба жұмыстарын ұйымдастырғанын жақсы білетін. Ғалым Сарайшық қаласы туралы алғашқы мәліметтер жинақтап жариялаған Орынбор өлкесінде еңбек еткен П.И.Рычков, XVIII ғасырдың II жартысында Қазақ хандығы территориясына жасалған экспедиция құрамында болған П.С.Паллас, 1861 жылғы топограф А.Е.Алексеев еңбектерімен танысады. Нәтижесінде қазба жұмыстарын жүргізген А.Е.Алексеевтің топографиялық түсірулерінің көне қаланың қазіргі жағдайымен сәйкеспейтінін анықтайды. Біздіңше Ә.Марғұлан Н.К. Арзютовтың ғылыми ұстазы П.С.Рыковпен де таныс болғандай. П.С.Рыков қазақ зиялыларына Батыс Қазақстан бөлімшесі өлкетанушылары алдында жасаған, кейін «Советская степь» газетінде жарияланған «Изучение Уральской губернии в археологическом отношении» тақырыбындағы баяндамасымен таныс болатын. Оның үстіне П.С.Рыков 1932-1933 жылдары Ленинградтағы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясы тапсырмасымен Орталық Қазақстанды зерттейді. Атақты Нұра экспедициясы Дандыбай ауылы маңынан көне ескерткіштер орнын ашып, Ә.Марғұланның болашақ жаңалықтарына жол ашқанды.

Сонымен 1937 жылғы 15 күндік экс-

Сарайшықтағы ізденістеріне негіз болады. Саратов ғалымдарының еңбегін жоғары бағалаған Ә.Марғұлан «дегенмен олар барлау белгілерін салумен шектеліп, тарихи хронологиясын анықтау тәрізді үлкен міндеттерді алдына қоймады» дей келе, алдына Сарайшық қалашығының 1950 жылғы көрінісін анықтап, оны бұрынғы орнымен салыстыруды, ол арқылы қаланың қаншалықты өзгеріске ұшырағанын анықтауды мақсат етіп қояды.

АЛҒАШҚЫ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ

Қазақ КСР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институты тапсырмасымен Сарайшыққа 1950 жылы тамыз айында келген Ә.Марғұлан Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы құрамына институт ғылыми қызметкері Г.И. Пацевич, аға лаборант П.В.Агапов,



№13(6378) 28 nayỷryz
zhayk-shugylacy@mail.ru
www.zh-shugylasy.kz

Сарайшықты зерттеуі

фотограф А.А.Поповты қосады.

Ә.Марғұлан басқарған археологиялық қазба қорытындысы 1951 жылы 24 сәуірде КСРО Ғылым Академиясының материалдық мәдениет тарихы институты пленумының Орта Азия археологиясы секциясында талқыға салынады. Секция төрағасы профессор М.М. Дьяконов Ә.Марғұланның «Сарайшықтағы қазба жұмыстары» атты баяндамасын тыңдауды ұйымдастырады. Отырыс барысында ұйымдастырылған пікірталаста т.ғ.к. С.С. Черников: «Сарайшықтың жыл сайын Жайық өзені тасуымен жойылуына және қазіргі кезеңде Жайық өзенінің қала орталығына жақындауына байланысты Сарайшықты зерттеу маңызды міндет. Сарайшықтың Сталинград ГЭС-і жұмыстары аймағына жақын орналасуы Сарайшықта қазба жұмыстарын қарқынды жүргізуге мүмкіндік береді деген сенім ұялатады. Профессор Толстовтың Сарайшықты - Хорезм колониясы деп есептейтіні белгілі, өйткені оның анықтауынша ежелгі қабаты Хорезмдікі. Ал Марғұлан қазба жұмыстары қорытындысына сүйеніп, ежелгі қабатты печенегтер мұрасы деген тоқтамға келген. Мұның өзі ғылыми шындықты анықтау үшін қазба жұмыстарын жалғастыруды қажет етеді.

Қазақ КСР Ғылым Академиясының

Қазақ КСР Ғылым Академиясының жақын уақыттағы міндеті Сарайшықта үлкен қазба жұмыстарын жүргізу», т.ғ.д. Н.Я. Бернштам: «Мен Сарайшық орнында Алтын Орда заманындағы тұрақтың алдында тұрақ болды деген Марғұланның пікірімен келісемін. Мен Сарайшықты Хорезмдік дегенін қолдаймын», т.ғ.д. М.М. Дьяконов: «Марғұлан баяндамасы өте қызықты. Сарайшықтағы 1950 жылғы зерттеу жұмыстары үлкен болмаса да, кейінгі жылдары қазба жұмыстары үлкен аумақты қамтуы қажет» деп ойларын қорытады(АоТӨМ Н.ҚОР №11453). Секция отырысынан қолдау тапқан Ә.Марғұлан қазба қорытындыларын 1951 жылғы КСРО-дағы Бүкілодақтық археологиялық Кеңеске шығарады. Бір ерекшелігі, ғалым баяндамасын 21 шағын тезиске бөліп баяндайды. Жаңадан топографиялық түсірілім жасалып, ежелгі қаланың орнын қазу барысында қала дамуының үш кезеңі анықталады: Моңғолға дейінгі(XI-XIII ғғ.), Алтын Орда заманы(XIII-XIY ғғ.) және Қазақ-Ноғай заманы(XY-XYI ғғ.). Ғалым осы арқылы Сарайшықтың байтарихын, оның Қытай-Орта Азия-Шығыс Еуропа аралығындағы аса маңызды керуен орталығы болғанын дәлелдеп, өзеннің оң жағасындағы қала орнының батыс шетінен керамика күйдіретін үлкен пешті ашады. Ол: «Қазба жұмыстарын жүргіздік. Жұмыстар қаланың солтүстік батысындағы Жайық өзені жарқабағынан басталды. Нәтижесінде мол керамика мен тұрмыстық материалдар табылып, Сарайшықтың қолөнершілер аумағы анықталды» дей келе, қаланың моңғол шапқыншылығына дейін қалыптасқанын жария етеді.

Ә.Марғұлан Сарайшық қирандыларының болашақ зерттелуін сол уақыттағы орасан зор құрылыс Сталинград каналымен байланыстырып, Қазақстан ғалымдарын жаңа ізденіске шақырады.

Сарайшықтағы археологиялық қазбадан табылған бас сүйектерді Ә.Марғұлан 1952 жылы антропологтарға табыстайды. 1955 жылы В.В.Гинзбург пен Т.А.Трофимов бас сүйектерді зерттеп, олардың моңғолдық нәсілге жататынын және Алтын Орда заманындағы Орта, Төменгі Еділ бойларынан табылған бас сүйектерге ұқсастығын анықтайды(Қасенов М. Академик Ә.Х.Марғұланның Сарайшықтағы зерттеулері// Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті хабаршысы. -2011. -№4 (23). 8-13 б.).

АЯҚСЫЗ ҚАЛҒАН АРМАН

Дегенмен Әлкей ағамыздың Сарайшықтағы қазба жұмыстары нәтижелері бүгінге дейін толыққанды сараланбай келеді. Ол турасында З.Самашев: «1950 жылы Сарайшық қирандыларын Ә.Х. Марғұлан зерттеді. Міне, осы жұмыстың нәтижелері әлі толық сараланған жоқ, өйткені, Ә.Марғұлан ол кезеңде тұтқынға алынып, қудаланып жүрген болатын. Кейбір керамика үлгілері ғана 1960 жылы Қазақстан археологиялық картасында жарияланды» деп мойындайды (АОТӨМ ҚҚ (қосымша қор) № 10682/2 (Атырау облысы тарихи-өлкетану мұражайы) Самашев З, Кожаков Д.Талеев Д.Сарачик: Проблемы исследования великого города). Ә.Марғұланның Сарайшық қазбалары туралы кейінгі жарияланған археологтар мақалаларында да айтылмайды. Ә.Марғұлан экспедициясына қатысты қызықты ақпарат Атырау облысы тарихи өлкетану музейінің этнография және археология бөлімінің ғылыми қызметкері Қ.Құдабайдың 2008 жылғы 25 шілде-14 тамыздағы Сарайшық экспедициясы барысындағы күнделігінде сақталған. Қ.Құдабай археолог Василий Викторовичпен дидарласқан соң «Содан кейін әңгімеміз Ә.Марғұланның Сарайшықтағы қазба жұмысы туралы болды. Ол кісі хандарға қатты қызығушылық білдірген екен. Сол кезде табылған жәдігерлер әлі күнге дейін толық нұсқасы жоқ екендігін айтты. Сол кездегі саясаттың кесірі дейді ол» жазып қояды. Бір қызығы, Қ.Құдабай өз ойын «археологтар фамилиясын жасырады, айтпайды. Василий Викторович украиндық археолог» деп қорытады (АОТӨМ НҚ №19851).

Археолог М.Қасеновтің анықтауынша Ә.Х. Марғұланды қатты қызықтырған қала қорымындағы Қасым хан кесенесі болды. Ол кесене орнына қазба салып, зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ол турасында 1913 жылы туған, кезінде Атырау облысында басшылық қызметте болған Шоқан Қаржауов: «1950 жылы Әлкей Марғұлан Сарайшықта қазба жұмысын жүргізгенде, Қасым ханның қабірін іздеді. Бірде Әлекеңдер жұмыс істеп жатқан жерге келсем, ол: «Мешіттің жанын қазып едік, наубайхана шықты, бұл қалай?»- деп, бізден сұрады. Сонда біз: «Ертеде мешіт жанынан наубайхананы қоса салатын болған. Себебі, намаз жаназаға жиналғандарға таба наннан дәм таттыру дәстүрі болған»- деп жауап беріп едік, «Ә солай екен ғой»- деп, Әлекең жауабымызға қанағат білдірді» деп айғақтайды (Тоқтабаев А. Сарайшық аққу көлі // Егемен Қазақстан. — 1998.- 21 наурыз). Ел ішінде экспедиция соңында Ә.Марғұлан Алматыға қайтар жолда Қызылорда қаласында тұтқынға алынып, ауруханаға түскен деген де әңгімелер бар. Ғалымның шәкірті М.Қадырбаевтың анықтауынша, тұтқынға алынған соң Марғұлан үйі бульдозермен тегістелген екен. Ұстазына адал шәкірті оның мұрасын түнделетіп жинап кейін өзіне табыстаған (Кузьмина Е.Е. Классификация и периодизация памятников андроновской культурной общественности: монография. -Актобе: ПринтА, 2008. -6 с.). Қайткенде де Сарайшық ғалым тағдырында терең ізін қалдырды. Біздіңше «ұлы орыс халқының тарихын ұлықтаған» кеңестік жүйе Ә.Марғұланның Сарайшықта жерленген Алтын Орда және Қазақ хандығы хандары мен Ноғайлы билерінің, соның ішінде Ер Едігенің тарихына ерекше мән беруін құптамағандай.

МОЛДАШ АҒА ЕСТЕЛІКТЕРІ

Сарайшықта болған ғұлама ғалым атыраулықтарға ерекше әсер қалдырған. Онымен қазба жұмыстары барысында кездесіп, батасын алған М.Бердімұратов: «Сүйікті ұстазымның бірі — тарих пәнінің мұғалімі Бисенғалиев Жаролла ағайымның сабақ түсіндіруі, әрбір тақырыпқа жасалған талдауы, әсіресе, қазақ тарихына байланысты түсінік беруі тым бөлектұғын. Кейде ортағасырлық қалаларды атап, оның ішінде, Сарайшық Қасым ханның кезінде астана болған қала деп түсіндіргенде біз таң қалатынбыз. Бірде ол, «Көне Сарайшықтың тарихын зерттеу мақсатында, Жайықтың жағасында қазба жұмысы жүріп жатыр, оның басшысы атақты ғалым Әлкей Марғұлан деген ағаларың. Барып көрулеріңе болады, бірақ, бір заттарын шашып, бүлдіріп жүрмеңдер! — деп ескертті. Сол күннен бастап мен Жайық жағасында қазба жүргізіп жатқандардың қасына жиі барып, қолымнан келгенінше көмектесіп жүретінмін. Әрбір қазбадан табылған көне тарихи жәдігерлерді көріп, таңырқайтынбыз.

Ауыл іргесінде қазба жұмыстарын жүргізуге келген ғалым Әлкей Марғұлан бірде маған келіп: — «Әй, бұйрабас, күндердің күнінде Сарайшықтың тарихына сен жауап беретін боласың» — деп, басымнан сипағаны есімде» деп еске алған болатын(Хан ордалы Сарайшық ашық аспан астындағы ел тарихын сөйлетер музей // merei-m.kz/2016/11/30/han-ordaly... копия. 02.12.2018..). Расында да ғұлама ғалым көреген екен. 1999 жылы 3 қыркүйекте «Хан Ордалы Сарайшық» музей қорығы ашылған кезеңде Молдаш ағамыз оның директорлығына бекітіліп, 2018 жылға дейін басқарады. Оның кабинеті төрінде Әлкей Марғұланның суреті әлі де ілулі тұр. Ал өлкетанушы В.К. Афанасьев ғалыммен таныстығын әлі күнге дейін мақтан етеді. Өз естелігінде ол: «Мен Сарайшықты зерттеп, едәуір тәжірибе жинақтадым. Сондықтан Ақтөбе-Лаэти қазбасындағы керамиканың Сарайшықтағы керамикамен ұқсастығын бірден сезіндім. Оны бірде Ә.Марғұланға көрсеттім. Әлі есімде Ш.Уәлиханов атындағы институттың екінші этажына көтеріліп келе жатқан ол жиналған топқа қарап: «Сарайшықтан кім бар? Сарай әл Джәдид, Сарай әл Махрус» демей ме! Сол арада мен өзім әкелген кремнийді көрсеттім. Ол «бұл неолит қой» деп тамсанды» деп жазады(Галкин Л.Л., Касенов М.С, Афанасьев В.К. Средневековое городище Актобе-Лаэти(XIII-XY вв.). —Атырау: Типография АГУ им. Х.Досмухамедова, 2013. -102 с.(С.7)).

Олай болса, ғалым Әлкей Хақанұлының ізденіс іздері Сарайшықта сайрап жатыр. Ол әлі де зерттеушілерді, ел зиялыларын Сарайшыққа айрықша маңыз беруге шақырып тұрғандай.

Камиль МУЛЛАШЕВ,
суретші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик:

Сүйімбике азаттық ескерткішіне айналады

Камиль Муллашев – гиперреализм жанрын Кеңес Одағына әкелген алғашқылардың бірі. Муллашев шығармалары күрделі стилистика мен жасырын сюжетпен ғана емес, философиялық шындықпен айшықталады. Таңдаулы жұмыстарының кейбірі Третьяков галереясында, Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі сынды орталықтарда сақтаулы. Өнерсүйер қауымға декоративтік мәнері айрықша «Сүйімбике», «Ғабдолла Тоқай», «Бозоқ аруы» сынды айтулы туындыларды тарту еткен суретшінің астанадағы шеберханасына арнайы барған едік. Бұл жолы Сүйімбике ханшаның бір емес, бірнеше мүсін эскизін қатарластыра тізіп, қашап жатыр екен.

– Сіз бейнелеген «Сүйімбике» сәні мен салтанаты асқақтаған, өр рухымен еңсесін биік ұстаған, әлдеқайда тіктеген сұлу жанарынан сынық көңілі қылаң беретін дәуірлі шығарма. Байқасақ, Сүйімбике образы соңғы жылдардағы шығармашылық ұстынымызға айналғандай.

– Сүйімбике халыққа жақсылығы көп өткен, парасатты ғана емес, білімді патша болған. Ханша туралы жыр-дастанға, аңыз-әңгімеге қанығып өстім. Әкешешем аңыз ғып көп айтатын. Үлкен Ноғай ордасының билеушісі болған Жүсіптің қызы. Әкесі Сүйімбикені Қазан билеушісі Сафагерей ханға ұзатып, Қазан хандығы саясатын жақсылыққа бұрғысы келеді. Ол кезде Мәскеу жағы Қазан хандығын уысында ұстап тұрған болатын. Сүйімбике асқан сұлу еді, Сафагерей бір көріп ғашық болады. Күйеуі соғыста қайтыс болған, Сафагерейден көрген ұлы Өтемісгерей Қазан хандығының мұрагері болып жарияланып, Сүйімбике баласының атынан билік жүргізеді. Мәскеуден қысым көрген орда төңірегінде сатқындық жиілеп тұрған кез. Бытыраған халқының басын біріктіріп, әскерін құрап Қазан қаласын қорғаған соңғы билеушісі болды. Оның ұлтына, халқына деген сүйіспеншілігі әлі күнге дейін ел аузында. Мен де татар халқының бір ұлы ретінде 1997 жылы Сүйімбике портретін салып шықтым.

– Мына қашап жатқан жаңа мүсініңіз де Сүйімбикеге арналыпты.

– Қазір ала таңнан қара кешке дейін айналысып жатқаным осы. Өзіме ұнамай, жаңадан тағы бірнеше нобайын жасап шықтым. Сәулетті, сұлу болу ке-

...рек. Жұмыс аяқталған соң, тездетіп Татарстанға апармақшымын. Бүкіл татар халқы күтіп отыр. Алматыдағы Тәуелсіздік монументі сияқты, бұйырса, Қазанның қақ ортасына қойылатын азаттық ескерткішіне айналады. Түркі халықтарының ешбірінде Сүйімбикенің ескерткіші жоқ. Кім білсін, қарсылық білдірушілер тағы бел алып кетпесе, Татарстан президенті бар, мемлекеттік комиссиясы бар, қоюға құлшынып отыр.

– Тағы да деуіңізге қарағанда, жоба бұрын да ұсынылған ба?

– 2002 жылы Татарстан президенті Минтимер Шаймиев мүсінді қоя алмаймыз, құзыретім жетпейді деген. Бүгінге дейін Ресей бұл мүсінді Қазанға қоюға мүмкіншілік бермей келген-ді. Иван Грозный басқыншылығынан бұрын 100 жыл емін-еркін өмір сүрген Қазан хандығын тарихта болмағандай көреді. Сыңаржақтылық, мойындағысы келмеу бұрыннан, Кеңес кезінен бар үрдіс. Қазір азлап еркіншілік болып жатқан сияқты. Заман өзгерді ғой, халықта ақпарат көп.

– Тәуелсіздік аясындағы Муллашев әлеміндегі тұтас портреттер галереясының орны айрықша. Осындағы образ табиғатын ашуда қандай негізге сүйендіңіз?

– Бірнеше жыл бұрын елорда маңындағы ежелгі Бозоқ қаласынан қару-жарағымен бірге көмілген әйелдің мүрдесі табылды. Оның үстінде жібек жамылғы, басында дулыға тектес пішінде бас киімі болған. Сегіз жүздей інжу тастармен көмкерілген. Сол жауынгер әйелдің қаңқасын маған көрсетіп, бейнесін салып берсеңіз деп хабарласты. Осыны мен ескі шеберлердің әдісімен салдым. Артында ескі Бозоқ көрініп тұрады. Картина «Бозок аруы» (2018 жыл) деп аталды. Ал ең бір толғандырған жұмысым Ғабдолла Тоқайдың портреті (2012 жыл). Картинаға бес жыл бойы кірісе алмай жүрдім. Тоқайдың шығармашылығы жан-жақтылығымен ерекшеленсе, өзінің тағдыры, өмір сүрген дәуірі заманның қиын тұсы еді. Сондықтан ақын, философ Тоқайды ғана емес, қысқа ғұмырында мол мұра қалдырып үлгерген қайраткер тұлғасын көрсетуді мақсат еттім. Тәуекел етіп, жұмысқа кіріскен соң тоқтамай бір деммен салып шықтым, өйткені ақын болмысын, тауқыметін жан-жүрегіммен сездім.

– Өнер иесінің бастан кешірген дәуірі шығармашылығында із қалдырары анық. Балалық шағыңыз туралы айтқанда ең алдымен есіңізге не оралады?

– Менің балалық шағым Қытайда өтті, 19 жасыма дейін. Екінші дүниежүзілік соғыстың енді-енді бітіп келе жатқан кезі. Бұл уақытта Қытай мен Кеңес өкіметінің достық пейілі жақсы, мамыражай тұс. Үрімжіде тұрғанына қарамастан, әкем «Правда», «Огонек» сынды газет-журналдарға жазылып, КСРО-да, Қазақстанда болып жатқан жаңалықтардан үнемі хабардар болып отырдық. Жалпы суретші болудың алғышартын отбасымнан көріп өстім. Мектепте де қолым қалт ете қалса сурет салумен айналыстым. Әкем сурет салған, атақты каллиграф. Заманында маңызды кәсіп саналатын еді. Осы өнерімен Үрімжідегі аз ғана сыйлы адамдардың бірі болды. Шешем де көзіқарақты, сауатты кісі еді. Әйелдер гимназиясында мұғалім бола жүріп, Қытайдағы сауатсыздықты жою науқанына атсалысты. Қатарынан бес жыл бойы Бүкілқытайлық халық өкілдері құрылтайына депутат ретінде шақырылды. Мао Дзэ Дунның өзі Бейжіңге шақыртып, үш мәрте орденмен марапаттады. Беделі мықты еді. 1961 жылдары Қытайда жаппай анархия белең алып, отбасымыз елге, атақонысқа оралуды ойластыра бастады. Негізі екеуінің де түп-тамыры Семейден. 1930 жылдардағы аштық пен қуғын-сүргін кезінде Аягөз арқылы Шыңжаң асып кеткен екен. Сондықтан мен өзімді толық еуразиялық адам санаймын: Қытайда тудым, Мәскеуде білім алдым, Қазақстанда бақуатты өмір кешіп, өнерімді өрістеттім.

– Өзіңізге тікелей тәлім берген тәжірибелі педагогтардан кімдерді айтасыз?

– 1967 жылы Н.В.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесіне түсіп, театр суретшісі мамандығы бойынша оқыдым. Басқаларға қарағанда озық болып, бес жылдықты үш жылда бітіріп шықтым. Сол кездегі Ақрап Құлайбергенұлы Жұбанов деген біздің құрметті директорымыз мені Ленинградтың И.Е.Репин атындағы кескіндеме, мүсін және сәулет өнері институтына оқуға жіберді. Пәтерде жүрген кезім еді, әуелі әке-шешемді орнықтырып тастайын деп 2-3 жыл жұмыс істеп, үй салдым. Сөйтіп 1972 жылы Ленинградқа, қазіргі Санкт-Петербургке оқуға бардым. Қала өте суық, үйренісу қиынға соқты. Күннің көзін көрмегеннен кейін көзім ауыратынды шығарды. Ақыры В.И.Суриков атындағы Мәскеу мемлекеттік көркемөнер институтына ауысып алдым. Питерде академиямызды қатты ұстанса, мұнда бұрыннан келе жатқан еркіншілік бар. Маған өте жақсы болды. Салған суреттеріме қайран қалған профессорлардың өздері қайбір жұмыстарымды босатып жіберетін. Онда Таир Салахов деген бүтін дүниеге әйгілі академиктің қолынан оқыдым. Ол уақытта «қатаң стильдің» кезі, яғни күнделікті өмір тынысын, халықтың қара жұмысын бейнелеу керек. Кеп қазушылар мен колхозшыларды, сауыншыларды жаппай салдық. Ал мен осыған қарсы болдым. Нәзіктік пен тазалыққа құштар едім. Сөйтіп жүріп гиперреализм бағытына жақындадым. Бұл шындықты шындықтан да асыра көрсету деген ұғымға саяды.

...бүкіл Одаққа әйгілейтін реалистік мәндердегі туындыларыңызды жазып жүрген шақтарыңыз ғой.

– Иә, «Таң» (1976) деген жұмысыммен Мәскеуде өткен Бүкілодақтық көрмеге қатыстым. Оқып жүрген студенттің Одақ деңгейіндегі көрмеге қатысуы институт тарихында бұрынсоңды болмаған. Жұмысым сондағы академиктерге ұнады. «Жер және уақыт. Қазақстан» триптихі де осы қатарда туған дүние. Мұны көрме кезінде Третьяков галереясы сатып алып, бірнеше рет басылып шықты. Мұның барлығы Қорғалжынның маңайынан тапқан суреттер. Күн ұзақ қой бағып, кешке өрістен келе жатқанда алдыңнан неше мыңдаған киіктердің отары өріп шығатын. Киіктің көптігі соншалық, қолхолдың қойынан асып кететін. Кең далаға жайылған телегей теңіздей еді. Аспан. Дала төсіндегі толқындай тербелген жусан. Сол теңізде дельфиндей асыр салған киіктер. Осылардың арасында өз бақытын іздеп сапарға аттанған жолаушыдай дала кездім.

– Мұндай аяқасты келген танымалдылықты қасыңыздағылар қалай қабылдады?

– Достар көп болды. Ал шығармашылықта әманда жалғызсың. Көре алмағандар да аз емес. Қолдап-қоштап, қуанғандар да баршылық. Қазір де сондай. Жердің түбі Камчатқаға барып «Мен Муллашевпін» десем танитындар табылады.

– Ал композиция табу, сюжет іздеуде қандай ізденістерге барасыз?

– Оның жолы көп. Бір тақырыпты әртүрлі жолмен ізденесің. Тарихи, реализм, портрет, классицизм, авангард бойынша түрлі тақырыпта ізденіп, істедім. Қазіргі жұмыстарымның бағыты тіпті бөлек. Мені танытқан жұмыстарым өмірден алынған, арман қылып іздеген, сезім тасасында жатқан сындарлы көзқарастан туып, тез сызбалар арқылы салынған шығармалар. Қиялдан да шығаруға болады. Ал тарихи тақырыптар үшін іздену барысы тіпті бөлек. Мәселен, Абылай хан мен Жәнібек-Керей образын этнографиялық ыңғайда тарқату үшін ішкі сезіміңе ден қоясың. Өйткені ешқандай нұсқаулық жоқ. Қаншалықты көп ізденсең, соншалықты мазмұны тереңдей түседі.

– Француз, неміс, италиялық суретшілердің шығармашылығыңызға елеулі ықпал еткенін айтасыз.

– Орта ғасыр суретшілерін, әсіресе мынау XX ғасыр басындағы кубизм, импрессионизм өкілдері – Пикассо, Пол Гогенді өте жақсы көрем. Сол қатардағы суретшілерден Анри Матисстен үйрендім, таныдым. Профессорымыз Салахов «Ешкімге бағынып, ықпалында кетпе. Аз болса да өз сөзіңді айтып қал», дейтін. Бір суретшілер болады, біреулерді Құдайдай көріп, табынып жататын. Ол – жақсы нәрсе емес.

– Казимир Малевичтің «Қара квадраты» әркез айтылып келеді. Бұл картинаны сіз қалай түсіндірер едіңіз?

– Малевич өз дәуірінде үлкен жаңалық болды. Ол квадраттың ішінде ештеңе жоқ, қара бояу ғана. Мәселе, ең бірінші болып «Міне, өмір осындай болады» деп айта алуында. Үлкен мағыналы дүние. Сол тәрізді Париждегі Жорж Помпиду музейінде биіктігі 8 метрлік картина бар. Көрдім, ештеңе жазылмаған аппақ кенеп қана. Соның алдына келген ел-жұрт өзінің ойын ақ құбылыстан іздейді. Пикассоны да салу қиын емес, тек қайталап сала аласың. Бірақ қайталау – өнер емес. Малевич өз кезіндегі талантты суретші, тарихта Малевич болып қалды. Соны сән ретінде қайталап, көтеріп жататындар бар. Қара квадратта ешқандай құпия жоқ. Малевичтің квадратынан соң, кубизм біздің өміріміздің сан саласында көрініс тапты. Қазір хай-тек мағынасы өзгеріп, 100 жыл дегенде кубизм стилистикасы біртіндеп кетіп бара жатыр. Бірінші болып жасай алсаң, сол сенің даңқыңды асырады. Өнер осындай даралықты сүйеді.

– Дегенмен сол 70-80-жылдардағы шығармаларыңыздан өзіндік қолтаңба, ерекше ұқыптылық байқалатындай.

– Қазақстан бейнелеу өнерінің көш басында тұрған Әубәкір Смаилов, Әбілхан Қастеевтерді түгел көрдім. Салихитдин Айтбаевтармен бірге жұмыс істедік. Айша Ғалымбаевамен өте жақын араласып тұрдық. Абайды қашаған Хакімжан Наурызбаев, дүниеден ерте өтіп кеткен Мақым Қисамединов қандай жігіт еді. Оның «Махамбет» (1973) топтамасы – графикалық шығармаларының ең төресі. Өте мәдениетті, зиялы жан болды. Алдыңғы толқын ағалардан үйрене жүріп, ғылымдағы, мәдениеттегі орасан зор өзгерісті аңдай білдім әрі романтикалық лирика арқылы жеткіздім. Шығармашылық, пластикалық тұрғыдан қазір де маңызын жоғалтқан жоқ. Кеңес Одағында бірінші болып гиперреализмді аштым. Ол кезде бар болғаны 32-33 жастамын. Атбасар, Қарағанды жақтағы колхоздарды аралай жүріп, шопандар өміріне қатысты жұмыстарды әкелдім. Бұл жұмыстардың барлығы замана шындығын, тынысын көрсететін туындылар. Қойшылардың да адам екенін, жер иесі екенін, оларға да ерекше назар аударылуы тиіс екенін мақсат етіп салынған картиналар. «Казахстанская правда» газеті «Совет шопанын неге бейшара етіп көрсетесіз? Совет шопанының қолында домбырасы бар, әрдайым көңілді жүруі тиіс», деп жазды. Одан кейін 90-жылдар мүлдем қиын болып кетті. Осы кезде шеберханамнан шықпай, ерекше тақырыптармен жұмыс істедім.

– Сол аумалы-төкпелі кезеңде туған шығармаларыңызға тоқталайықшы.

– Бұл жұмыстардың барлығы сериялы, жалғасты дүниелер. Негізгі идеясы адам мен табиғат тепе-теңдігін көксейді. Шет мемлекеттерге көп сатылды. Тарихпен, символизммен, түсте көрген, ақылдан сырт ойларды мүмкіншілігің жетсе салуға болады. Қазақстан тәуелсіздігін алған соң бұрын айтылмаған қазақ тарихы, портреті, көзқарасы жазыла бастады. Мен де сол кезде кірісіп, Абайдың, қазіргі әртістеріміздің, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының портреттерін салдым.

– Ал ең қымбатқа бағаланған туындыңызды айта аласыз ба?

– Бұл енді коммерциялық құпия (күліп). Екі картинаны 70 мың, бір картинаны 50 мың АҚШ долларына сатқаным бар. Одан қымбаты...қайбір суретім шетелдік аукционда 150 мың АҚШ долларына бағаланды. Түгел классикалық жұмыстар.

– Атақты суретшінің бүгінгі жас шеберлерге айтары бар ма? Бір әңгімеңізде үйренемін деген талантты жастар болса, үйретуге даярмын деген едіңіз.

– Дарынды талапкер болса деп көптен іздедім. Ара-тұра екі-үш қыз-жігіт келіп тұрады маған. Қазір жастардың уақыты компьютерге, телефонға алдanумен өтіп жатыр ғой. Көркемөнер саласында абдырап қалған жастар көп. Бір жағынан оларға анау айтқандай үлгі де жоқ. Көркемдік кеңес арқылы өткен көрмелер болғанда, жастар кәсіби суретшілерді танып еді. Анда-санда бір болатын конкурстар түк те болмайды. Суретші болу үшін ең әуелі сезімталдық керек. Ол талантқа жата ма, білмедім. Экономистер, саясаткерлер ел жағдайын күні бұрын болжап жатса, суретші де нақ солай ішкі сезіммен уақыт тынысын көре алуы тиіс. Биыл мен 75-ке толамын. Осы жасыма дейін астананың архитектуралық жұмыстарында, көркемөнер саласында едәуір жұмыс істеп келдік. Күзде мерейтойлық үлкен көрмемді өткізсем деп жоспарлап отырмын.

– Мерейтойлық көрмеңіздің жаңалықтары қандай?

– Астанада жиырмадан астам көрмем өтіпті. Үш көрмеме Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысып, оң бағасын берген еді. Жұмыстарымның кез келген адамға түсінікті, қарапайым, ұғынықты болғанын қалаймын. Тарихи мазмұнды арқау ете отырып, дәуір келбетін ашатын шығармалар тудыру үшін жұмыс істеймін. Көрмеде кейінгі жылдардағы ізденістеріме куә боласыздар. Осы ретте жұбайым Роза Мұратбекқызына алғысым шексіз. Ол кісі болмағанда суретшілікті жалғастыра алмай қалған болар едім. Оқып жүргенде танысып едік, оқуға кері әсер етер деп жүріп қалдым. Кеш үйлендік. Мінекей, содан бері біргеміз. Бақыттымыз. Барлық жұмысты бірге атқарып келеміз. Келімді, кетімді қонақ көп. Соның барлығын өзі реттейді.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен
Ая ӨМІРТАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

> ЕКІ КАРТИНАНЫ 70 МЫҢ, БІР КАРТИНАНЫ 50 МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫНА САТҚАНЫМ БАР. ОДАН ҚЫМБАТЫ... ҚАЙБІР СУРЕТІМ ШЕТЕЛДІК АУКЦИОНДА 150 МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫНА БАҒАЛАНДЫ.

Сүйімбике-ханшайым (1997 жыл)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы мен облыстық білім беру басқармасының әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Махамбет көпбейінді ауылшаруашылығы колледжінде «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» тақырыбында облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

ӨЛКЕНІ ТАНУ ӨЗІҢДІ ТАНУ ДЕГЕН СӨЗ

Облысымызға қарасты жеті аудан және қала мектептерінің 100-ге жуық мұғалімдері мен оқушылардың басын қосқан аталмыш конференция шымылдығы «Атырау өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштері мен киелі жерлері» атты фотокөрмемен ашылды.

Бұдан соң «Тарихи-мәдени ескерткіштер, жер-су атаулары және этнография» және «Өлке тарихы» тақырыптарында екі секция бойынша оқушылар мен ұстаздардың баяндамалары тыңдалды.

Түстен кейін конференция «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры, т.ғ.д., профессор Әбілсейіт Мұқтардың жүргізуімен пленарлық мәжіліске ұласты. Онда Атырау өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің жетекшісі Орынтай Биманова, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.к. Жеңісбек Мұстафин, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясының басшысы Мұханбетқали Кипиев, Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.д. Ұлжан Ахметова, Құрманғазы ауданынан келген мұғалім Гүлайым Қуанбаева және «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бас қор сақтаушысы Жанар Дияровалар әр түрлі тақырыптарда баяндама жасады.

Екі секция бойынша оқушылар мен мұғалімдердің баяндамаларына баға берген белгілі өлкетанушы, жазушы Өтепберген Әлімгерей, т.ғ.д.,Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессорлары Аққали Ахмет пен Ұлжан Ахметова, «Сарайшық» музей-қорығының археологі Мир Әбдіғалиевтар ғылыми жобалар жайлы өз ой-пікірлерін білдіріп, ғылым жолындағы еңбектеріне жеміс тіледі. Үздік баяндама жасаған әр ауданның мектеп оқушылары мен ұстаздары оның ішінде Г.Ауданова, Н.Қабдығалиев,А.Бекқалиева,Б.Мадирова, К.Ермұханова, Н.Орынбаева, Д.Жұқатаева, З.Ажғалиева, А.Тлепбергенова, У.Дүйсенбаев, Д.Разихова, Т.Аренова, Д.Жетібай, А.Бисекен, А.Сатановалар облыстық білім беру басқармасының әдістемелік орталығының "Алғыс хатымен" марапатталды.

«Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» тақырыбында облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясы бойынша төмендегідей ұсыныстар қабылданды:

Орта білім беру ошақтарындағы облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясын жыл сайын «Сарайшық» музей-қорығында ұйымдастыру;

Атырау облыстық білім беру басқармасымен бірлесе отырып, ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихи орнында жас археологтар клубын ұйымдастыру;

Облыс аумағынан тарихи жәдігерлерді «Сарайшық» мұражайына тапсыру шарасын, акциясын қолға алу;

Облыс аумағында табылған тарихи жәдігерлер туралы ақпаратты осы қорықтың мамандарына хабарлау;

Аудандық білім беру бөлімдері өлкетану бойынша семинар-кеңес, дөңгелек үстелдер өткізуді ұйымдастыру;

Ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихын «Өлкетану» оқулығындағы ақпаратты көбейту және қала тарихына қатысты ашық сабақтарды «Сарайшық» музей-қорығында ұйымдастыру;

Өзге де ұсыныстар «Сарайшық» музей-қорығының электронды поштасы арқылы қабылданады.

«Сарайшық» музей-қорығының қаз басып, қалыптасуына сүбелі үлесін қосып, оның тарихын әлемге паш еткен елжанды азаматтар еңбегі қандай құрметке де лайық. Сондай нардың жүгін көтерген нағыз отаншыл тұлға, 1999 жылдан бастап күні кешеге дейін музейде басшылық қызмет атқарған Молдаш Бердімұратов Атырау өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің атынан ұзақ жылдар бойғы үздіксіз де өнегелі еңбек жолы мен ұрпақ тәрбиесіне сіңірген елеулі еңбегі, еліміздегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін "Алғыс хат" және арнайы сыйлықпен марапатталды.

Алыс-жақыннан ат арытып келген ағайынға жеріміздің атаулары оның тарихы жөнінде шамамыз жеткенінше түсіндіруден әрдайым жалықпай, баяндадық. Мәселен, өздеріңіз білетіндей XVI ғасыр аяғы мен XVIII ғасыр басында бұл өңірді казактар билеп-төстеп, жергілікті тұрғындарды шұрайлы қоныстарынан қуып шығып, Жайық жағасына жолатпаған. Сол себепті, ол қаланы «Жаманқала» деп атап кеткенін баяндасақ, музейге келген қонақтарымыз таңғалып жататын еді. Біздің мақсатымыз да, міндетіміз де тек қана Сарайшықты емес, бүкіл қазақ тарихын кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында бар күш-жігерімізді сарп еттік, - дейді М.Бердімұратов ағамыз.

Музейдің негізін қалаған Мұстажап Намазғалиевтың да есімі аталып өтіп, музейдің қалыптасуына, дамуына өз үлесін қосқан, Сарайшық туралы ғылыми зерттеу еңбектері бар Жанұзақ Ғизатов та марапаттан қалыс қалмады.

- Сарайшықты тануға ғылыми негіз бердік. Өйткені көп әңгіме аңыз күйінде. Біздің Сарайшық туралы білетіміз тоғыз болса, білмейтініміз тоқсан тоғыз. Алматыдан екі қызметкерді жұмысқа алдық. Оның бірі ноғайтанушы, т.ғ.к. А.Исин, екіншісі т.ғ.к., парсы тілін меңгерген маман Н.Атығаев. Алла сәтін салса, Сарайшық жөнінде ақпарат ауқымы ұлғая түседі деген ойдамыз. Сонымен бірге Сарайшықтың жарыққа шықпаған карталары бар. Бұл мәселені бүгінде т.ғ.д., профессор Ұлжан Төлегенқызы Санкт-Петербургте он бес күн болып, картографтармен кездесіп, жаңалықтардың біраз легін алып келді. Бір сөзбен айтқанда Сарайшықтың зерттелуі алда. Жазда үлкен археологиялық

қосымша Қасым ханның жерленген жерінде анықтағандаймыз. Қазір белгі қойдық. Ол белгі топографтың салған картасында анық көрініп тұр. Фольклорлық шежіредегі Шоқан Қаржауовтың жазған мақаласындағы көрсетілген орынмен сәйкес келіп тұр. Алдымызда жұмыс көп. Өлкетанушыларды Сарайшыққа жинауымыздың себебі де сол, біз барлығыңызды Сарайшықтың тарихын бірлесіп зерттеуге шақырамыз. Біз сіздермен қоян-қолтық жұмыс жасап, ғылыми кеңес беруге әзірміз, - деді «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры, т.ғ.д., профессор Әбілсейіт Мұқтар.

«Өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталуға тиіс. Сондықтан мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру маңызды. Ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойында өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастырады.

(Н.Ә.НАЗАРБАЕВ, «Ұлы даланың жеті қыры»)

Б.САПАРОВА

«Дөңгелек үстел»

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер

САРАЙШЫҚТЫ САҚТАУ –

Көне Сарайшықты сақтап қалу – маңызды мәселе. Шындығы сол, бұл бағытта атқарылар шаруа әлі де аз емес. Тарихшылардың дабыл қаққанына көп жыл болған еді, ақыры сең қозғалды. Көне шаһар орналасқан жағалауды бекіту жұмыстары аяқталған соң археологиялық зерттеулер қайта жанданды. Қазбалармен қатар, ғылыми-реставрациялық және консервациялау жұмыстарын қолға алу жоспарланып отыр.

Көне шаһардың біздің тарихымызға тікелей қатысы бар, Сарайшық Қасым ханның кезінде қазақ хандығының астанасы болған. Сондықтанда, қазақ даласындағы ең көне тарихи ескерткіштердің бірі Сарайшықты сақтап қалу – міндет һәм парыз.

Облыстық «Атырау» газеті аталған тақырыпты ұдайы күн тәртібінен түсірген емес. Әркез үн қосып, қолдау танытып келеді. Таяуда да осы мақсатпен редакцияда алқалы басқосу өтіп, Сарайшық тақырыбы алтын арқауға айналды.

«Дөңгелек үстел» басындағы әңгімеге республикалық «Сарайшық» тарихи-мәдени музей қорығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт МҰХТАР, Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясының басшысы Мұхамбетқали КИПИЕВ, өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің жетекшісі Орынтай БИМАНОВА, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің археологиялық-этнологиялық ғылыми-зерттеу орталығының қызметкері Марат ҚАСЕНОВ, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Жеңісбек МҰСТАФИН қатысты. Басқосудың модераторы – облыстық «Атырау» газетінің бас редакторы Исатай БАЛМАҒАМБЕТОВ.

— — — — — — —

И.БАЛМАҒАМБЕТОВ:

– Сарайшық тақырыбы біздің өңір үшін ғана емес, еліміз үшін де аса маңызды. Біздің басылым ұдайы үн қосып, мәселе көтеріп келеді. Бүгінгі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары аясында бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінуде. Осынау басқосуды пайдаланып, «нақты не істейміз, қандай жұмыстар жүргізілуі қажет?» деген мәселе төңірегінде әңгіме қозғасақ...

Ә.МҰХТАР:

– Дәл қазіргі уақытта біз мәдениет министрлігіне, облыстық әкімдікке хат жаздық. Әлемдік архивтердегі деректерді алдыру қажет. Жарияланбаған карталар, Иран, Еуропада тарихи тың деректер бар. Ал, министрлік қаражат бөліп, құжаттарға қол жеткізер болсақ, Алматы, Семейден арабист ғалымдар алдыртып, деректерді оқи аламыз.

Исатай БАЛМАҒАМБЕТОВ:
«Сарайшық – Атыраудың айтулы тарихи орны. Ол туризм саласын дамытудың тетігі болуы тиіс»

Әбілсейіт МҰХТАР:
«Бұл қоршау салынбай, ауылдың кез келген баласы археолог»

Мұхамбетқали КИПИЕВ:
«Ауыл тұрғындары да, келушілер де бұл жердің мемлекет меншігіндегі қорық екенін бірден сезінуі қажет»

Соңғы уақыттарда 3 жас археолог жұмысқа алынды. Барлығы да – ел азаматтары. Бұған қоса, мамандар Анкара университетінен тартылады. Әлкей Марғұлан атындағы археология институтымен байланысу жоспарда.

Нақты Сарайшыққа қатысты жасалынып жатқан жұмыстарға тоқталсам, Қасым ханға ескерткіш орнату – келер күннің еншісінде. Сонымен қатар, сапар орталығына қажетті 2 гектар жер дайын, құжаттары жасақталуда.

Ал, негізгі, **ең бірінші мәселе** – қоршау. Ол болмай, еш нәтижеге қол жеткізе алмаймыз. Осы уақытқа дейін табылған сүйектерді қорымға жерледік. Енді тез арада Жайық жағасынан бастап қоршап, иесі біз болуымыз керек. Бұл – кезек күттірмейтін бірінші мәселе.

Екіншісі – жәдігерлердің тоналуы. Көне қалаға қатысты деректерді жинақтау, қорғауға алуымыз қажет. Айтып өткенімдей, негізгі жәдігерлер орталық қалаларда, Ресейде бар. Біз үшін бұл да – басты проблеманың бірі.

Үшінші мәселе – археология. Яғни, талаптарға сай, қазбаларды музей-қорық қызметкерлері қазуы керек. Қазіргі таңда отряд жасақталуда, жұмыстар енді басталады. Зейнолла Самашевпен келісіп, қазба орнын өзіміз анықтаймыз. Бүгінде Кремль орны айқындалып тұр. Қабырғасын анықтауымыз қажет. Сонымен қатар, 2 қақпасы байқалуда. Соның бірі Сарайшық жағында. Осы мәселелердің бәрін егжей-тегжейлі тексеру, яғни, цитадельді толық зерттеу Сарайшықтың тағы бір ақиқатын ашуға мүмкіндік бермек. Көне шаһардың бұрынғы макетінің шындыққа жанаспайтын тұстары өте көп. Соны жаңарту, жаңғырту жұмыстары да жүргізілуде.

Ж.МҰСТАФИН:

– Өте дұрыс. Сарайшық аумағын қоршау керек. Мәселенің ең маңыздысы да осы. Қасым ханның ескерткіші кешен ішіне енуі керек. Жаңа деректермен толықтыру керек дегенді де қолдаймын. Ескере кетерлік бір мәселе, деректерді тек Сарайшыққа ғана қатысты жинастыру қажет. Ол үшін мамандар керек. Алынғанын естіп отырмыз, десек те, тағы да кәсіби тарихшыларды тарту керек. Өйткені, тарихты шатастыру қас пен көздің арасында. Аса сақ болуымыз қажет. Келер ұрпақ бізге лағнет айтпауы тиіс!

М.КИПИЕВ:

– Облыс тарапынан 2013 жылы жағаны бекіту мәселесі көтерілді. Нәтижесінде тиісті жұмыстар жүргізіліп, су шаю тоқтады. Айтып өткеніміздей, бұл – әлі де жете зерттеуді қажет ететін обьект. Үзіліп, үзіліп, араға жылдар салып, қазылып келеді. Бізге нақты тарихқа қатысты деректер керек.

Ең маңыздысы – қоршау мәселесі. Жасырмаймыз, ауылдық музей деңгейінен асқан жоқ. Қала орны қараусыз қалды. Қазір жұмыстар бастау алуда. Соны дамытуымыз қажет. Өйткені, басқа облыстарда қорық музей жоқ.

Жаңағы айтылған қоршаудың құжаттамасы жасақталуда. Басқармаға ұсынылды. 200 миллион теңге қажет. Тездетіп, бірінші кезекте осыны қолға алуымыз керек. Өйткені, қала орнын адам, мал таптауда. Ал, зиратты бөлек қоршау туралы жобада қаралып отыр. Жалпы бұл жерде біз көздеген меже – ашық аспан астындағы музейге айналдыру. Сарайшық – біздің басты брендіміз болуы керек. Қалпына келтіріп, жоспарланған жұмыстарды жүйелі жүргізген соң, ЮНЕСКО тізіміне енгізуге жұмыстанатын боламыз.

Ә.МҰХТАР:

– Осы жерде тағы бір өзекті мәселені айтпай кетуге болмайды. Ол – ауыл тұрғындарының азаматтық жауапкершілігі. Яғни, қазіргі таңда қазақ бейітіне жерлеу тоқтатылды. Бұл ретте ауыл имамы үлкен түсінік жұмыстарын жүргізді, әлі де жалғастырып келеді. Жалпы, осы мәселе газет беттерінде де кеңінен насихатталса. Яғни, ол ортақ құндылығымыз, оны сақтауға бәріміз мүдделі болуымыз қажет екендігін айтуды азайтпауымыз қажет.

Сонымен қатар, сапалы жұмыс жүргізу мәселесін де назардан тыс қалдырмауымыз керек. Өйткені, осыған дейін реставрация жасалды. Бірақ, оның біреуі құлап қалды. Қоршалған темір торды ұрлап кетті. Осының бәріне кінәлі кім? Құқық қорғау органдарына арыздандық. 8 ай болды, бірақ, нәтиже жоқ.

М.ҚАСЕНОВ:

– Сарайшық тақырыбына қатысты белгісіз жәйттер әлі де өте көп. 1937 жылы Н.Арзютов қазғаны белгілі. Ал, бір жылдан кейін оны НКВД ұстап әкетті. Дәл осындай тағдыр Ә.Марғұланда да кездеседі. Яғни, ол 1949 жылы Қасым ханды іздейді. Ал, көп ұзамай НКВД оны да пойызда кетіп бара жатқан жерінен Қызылордадан түсіріп алып қалады. Осы екі мәлімет табылса, көп мағлұматқа қанығар едік.

Ж.МҰСТАФИН:

– Мен Ә.Марғұланмен екі рет кездескен адаммын. Сол сәтте «Сіздер жасаңыздар. Мен жариялап үлгермедім» дегені бар еді. Жалпы, Сарайшық – өте күрделі, үлкен тақырып.

М.ҚАСЕНОВ:

– Жаңағы айтылып өткеніндей, жерлеуді тоқтатуға, заңдастырылған негізде тосқауыл қойылуы керек. Қазір шыны керек, көне қаланың орны деп алып баратын, өзгелерге көрсететін ештеңе де жоқ. Бізде ақша жоқ. Сондықтан, көп мәселе қаржыға тіреледі. Қаржы құйып, «кәмпит» жасауға, яғни, «мінекей!» деп көрсететіндей көрікті жер етуге әбден болады. Өзге өңірлерде, тіпті өзге мемлекеттерде мұндай тәжірибе қолданыста. Яғни, аз да болса, көрер көзге әдемі етіп, бар мәліметті бір жерге жинастырып, жып-жинақы ете білсек, туристер тартылады. Сонымен қатар, жоғарыда айтылған Қасым ханды біз ұлығылау қажетпіз. Ол болмаса, тұтастай Қазақ хандығы да болмас еді. Сондықтан, Қасым хан қандай құрметке де лайық. Ескерткіш көтеру мәселесін толықтай қолдаймын. Сарайшықты осы арқылы дамытуға болады.

Ә.МҰХТАР:

– Қаржы қажеттігі рас. Сондықтан, мемлекеттен ғана күтіп отыра бермей, кәсіпкерлерді тарту ісін де жолға

Жүніс БАЙҒАЛИЕВ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің тарих мамандығының 4 курс студенті:

– Қарақалпақстанда туып өстім. 2014 жылы елге келдім. Тарих тақырыбына бала кезімнен қызығамын. Алайда, Сарайшық туралы, шынымды айтайын, Атырауға келген кезде ғана естіп-білдім. Кейін жіті танысып, әдіскер ретінде музей-қорыққа жұмысқа орналастым. Оның зерттелуіне, халық игілігіне айналуына өз үлесімді қосқым келеді. Мәселен, біріншіден, «Сарайшық – жас суретшілер көзімен» тақырыбында байқау ұйымдастыру. Екіншіден, «Музейге – сыйтарту» акциясы арқылы жәдігерлер қабылдау. Үшіншіден, бұл жерде жасалынған көне қыш құмыралардың сапасы да, стилі де ерекше. Соны жаңғырту мақсатында шағын цех ұйымдастырып, кәдесыйлар жасау, туристер тартуды көздеудеміз. Нақты жоспарын жасақтап, ұсындым.

мен тарихи орындар күні

ҰРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ ПАРЫЗЫМЫЗ

қоюымыз қажет-ақ. Мәселен, бізге геосканер деп аталатын аппарат алсақ, зерттеу жұмыстарын жүргізуге септігі тиер еді. Ал, Қасым хан туралы айтуыңыз орынды.

М.ҚАСЕНОВ:

– Қасым ханға Сарайшықтан ескерткіш көтеру мәселесі шешімін табар болса, Атырау қаласында да неге орнатпасқа? Осы мәселені де қарастырып көрсек.

М.КИПИЕВ:

– Сіз айтып отырған геосканер көп ақшаны қажет етпейді. Бірақ, оны алудан не ұтамыз? Ол тек жер қабатын ғана көрсететін құрылғы екенін естен шығармайық.

О.БИМАНОВА:

– Тақырып төңірегінде мен де өз ойымды білдіре кетсем. 2017 жылы «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі дүниеге келді. Осы уақыттағы менің ең алғашқы ұсынысым – тарихты тануды балабақшадан бастап үйрету қажет деген қағида болды. Яғни, бүлдіршіндерге өз өлкелерінің тарихын мультфильм арқылы жеткізсек. Ал, Атырау тарихы үшін Сарайшық – маңызды атрибут. Осы мақсатпен «Сарайшыққа саяхат» мультфильмі дайындалып, кішкентай көрермендерге жол тартты. Бүгінгі басқосудың басты мәселесін айтқан сәтте де модератор осы секілді Бірақ, біз ауқымды, яғни ескі қала орнын түгел қоршау туралы айтып отырғанымызды естен шығармаңыздар. Яғни, қазір жер бермеу, үй салмау туралы мораторий жарияланды. Бірінші кезекте, қазіргі тұрған үйлерге дейінгі аумақты қоршау. Арнайы қақпа салып, бейнебақылау орнату жоспарлануда. Олай дейін себебіміз, ең бірінші кезекте біз үстін тапауды тоқтатуымыз қажет. Әйтпесе, басқа жұмыстардың бәрі бекер.

Ә.МҰХТАР:

– Өте дұрыс. Бұл қоршау салынбай, ауылдың кез келген баласы археолог. Тіпті, осы аумаққа аяқ басқан туристер де археолог болып шыға келеді. Бұл мәселені тез арада, яғни, бірінші кезекте реттемей, ешқандай проблема шешілмейді.

И.БАЛМАҒАМБЕТОВ:

– Сарайшық – бүгінде аумағы біраз жерге созылған үлкен ауыл. Оны көшіру жайы қарастырылған ба?

М.КИПИЕВ:

– Кешенді жалпы жоспарда бұл мәселе де ойластырылған. Ол бірақ тап жақын арада жүзеге аспайды. Жалпы, ауыл тұрғындары да, келушілер де бұл жердің мемлекет меншігіндегі қорық екенін бірден сезінуі қажет. Қазіргі ең басты мәселеміз де осы.

Ә.МҰХТАР:

– 40-50 үй бар. Бейнебақылау орнатып, «Мына жердің иесі бар! Бұл – қорғаудағы аймақ!» дегенді жүзеге асырып алсақ, қалған жоспарлы істерді өз уақытында жүргізе бермекпіз. Оның ішінде ауылды көшіру жайы да қамтылған.

И.БАЛМАҒАМБЕТОВ:

– Жоспарлы іс демекші, жаңа са-

Орынтай БИМАНОВА:

«Келер жылы «Көрісу – Сарайшықта» тақырыбымен түркітілдес халықтарды тартып, ауқымды шара ұйымдастырсақ»

Жеңісбек МҰСТАФИН:

«Тарихты шатастыру қас пен көздің арасында. Аса сақ болуымыз қажет. Келер ұрпақ бізге лағнет айтпауы тиіс!»

Марат ҚАСЕНОВ:

«Қазір шыны керек, көне қаланың орны деп алып баратын, өзгелерге көрсететін ештеңе де жоқ»

«Сарайшық» республикалық музей-қорығының жанашырлары атынан

ҮНДЕУ

Қымбатты атыраулықтар, барша қазақстандықтар!

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы әр қазақстандықтың алдына қоғамдық сананы елдегі жаңару мен жаңғырудың өзегіне айналдыру мақсатын қойып, жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістіктің жаңа бастауына айқын бағытты көрсетті. Мақала аясында дүниеге келген «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Елім, жерім» деген әр азаматтың санасын жаңғыртып, «Туған жер» жобасының қарқынды жүзеге асуына мүмкіндік берді.«Туған жер» ел игілігі үшін атқарылған қыруар бастамаларға мұрындық болды. Ол арқылы әлеуметтік жобаларды іске асыруға меценаттар, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар мен еріктілер кеңінен тартылып, халықтың ел мен жер үшін жауапкершілік сезімі күшейді. Азаматтар белсенді әлеуметтік, ерікті демеушілікпен айналасуға ынта білдіріп, қоғамның өзекті мәселелерін нығайтуға атсалысты. Нәтижесінде белсенді азаматтар өңірлік деңгейдегі өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге үлес қосты.

Осы орайда қазақстандықтардың ғана емес, шетелдіктердің де ерекше қызығушылығын туғызып отырған көне тарихтың куәсі, ортағасырларда Жошы Ұлысы – Алтын орданың, Ноғай ордасы мен Қазақ Елінің астанасы болған, Ұлы дала өркениетінің тарихи жауһары Сарайшығымыздың бүгіні мен келешегін ой елегінен өткізіп, барша атыраулықтарға Үндеу жарияланып отыр. Үндеу «Сарайшық тағдыры – менің де тағдырым» деген әр азаматты келешек үшін өз үлесін қосуға шақырады.

Құрметті Сарайшық тұрғындары!

Сіздер осы жерде дүниеге келіп, қасиетті жердің топырағына аунап өстіңіздер. Болашақта Сарайшық әлемді таң қалдыратындай дәрежедегі керемет туристік орталыққа айналғалы тұр. Бұның барлығы – болашақтың еншісінде. Ең бастысы, алғашқы қадам жасалды. Қазір қаланың ескі орнын сақтап қалуымыз керек. Сіздерден үлкен өтініш: Сарайшықты Сіздер мен біздер болып бірге қорғайық!

Құрметті өлкеміздегі ірі компания басшылары!
Демеуші азаматтар!

Сіздерден ортағасырлық Сарайшық қаласын болашақ ұрпаққа сақтап жеткізу мақсатында әлем архивтері мен кітапханаларынан бұрын жарияланбаған тарихи деректерді іздестіруге, әлемге тараған Сарайшық жәдігерлерін анықтап, қаланың айналасын қоршауға, ортағасырлық қаланың келбетін – цитаделін, хан сарайын және өзге де маңызды ғимараттарды қалыпқа келтіруге, жасанды алтын қайық жүзген Секер көлін жасау арқылы туристік аймаққа айналдыруға қаржылық қолдау сұраймыз.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК,
«Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі,
10 сәуір, 2019 жыл,
Атырау қаласы

нақты ұсыныстар білдірсек деген-ді. Сондықтан, **біріншіден,** «Туған жер» жобасы арқылы 80-нен астам меценатпен жұмыс жасап келеміз. Сарайшық мәселесін де арнайы хат дайындап, қолқа салсақ, ел ішінде мәрт азаматтар көп-ақ.

Екінші, кәсіпкерлердің басын қосып, баспасөз форумын өткізсек, нәтижелі болар еді.

Үшінші, бұл күнде әлеуметтік желі – кең мүмкіндік алаңы. Халық көп қолданады. Сондықтан, Сарайшыққа арналған белгілі бір адам атындағы арнайы қор ашып, халыққа жарияласақ, бұл бастамамызды да қолдаушылардың табылатынына сенімдімін.

Төртінші, тұрғындардың азаматтық жауапкершілігін арттыру. Яғни, сіздер атап отырған ауыл ішіндегі өзекті мәселелерге еріктілер қоғамын тартсақ. Жастардан құралған топ үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, өз үлестерін қоса алар еді.

Бесінші, үндеу жарияласақ. Бүгінгі басқосу қорытындысымен арнайы мәтін дайындасақ деген ұсыныс білдіремін.

Сонымен қатар, көрісу – батыс өңіріне ғана тән салт. Сарайшық – тарихи орын. Соны идеология орталығына айналдыру мәселесін де қарастырсақ. Яғни, соңғы екі жылда көрісу өлкемізде кең көлемде аталып келеді. Келер жылы «Көрісу – Сарайшықта» тақырыбымен түркітілдес халықтарды тартып, ауқымды шара ұйымдастырсақ...

И.БАЛМАҒАМБЕТОВ:

– Ұсыныстарыңыз үшін көп рахмет. Жалпы, бүгінгі айтылған мәселелерді қалың оқырманға түсініктірек ету үшін тарқатып айта кетсек. Мәселен, қоршау дедік. Неліктен оған 200 миллион теңге қажет?

М.КИПИЕВ:

– Айтуыңыз орынды. Әуелгіде неге қымбат деген сұрақ туындауы мүмкін.

пар орталығын салу мәселесі туралы сөз болды. Осы туралы тоқталып кетсеңіздер.

Ә.МҰХТАР:

– Иә, осы мақсатта 2 гектар жер бөлінді. Ол жерде этноауыл, кеңсе, қонақ үй, қаланың жаңартылған макеті, саябақ салу жоспарлануда. Бір сөзбен айтқанда, заманауи демалыс орны бой көтермек.

Ж.МҰСТАФИН:

– Біз бүгінгі күні Сарайшықтың Еуропа бетін ғана айтып отырмыз. Азия бетін де ұмытпасақ екен.

М.КИПИЕВ:

– Ұсыныс орынды. «Рухани жаңғыру» жоспарында керуен жолдарын зерттеу мәселесі қамтылды.

Ә.МҰХТАР:

– Азия беті еш зерттеусіз жатыр деуге келмейді. Өйткені археолог Марат Қасенов зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүр. Жер отырып кеткен болса керек, әзірге нақты қазбаларға кездескен жоқ.

Жалпы, идеялар көп. Шешімін күткен түйінді мәселелер де жетерлік. Сарайшыққа жетер жол, яғни, автобус тасымалына қатысты мәселе шешімін таппай келеді. Цитадель орнындағы қазба жұмыстарын сапалы жүргізу, архивтік құжаттарды іздестіру, қажетті мамандарды тарту. Барлығы да жоспарда. Алайда, мәселе қаржыға кеп тірелетіні ақиқат. Сондықтан, жергілікті кәсіпкер азаматтарды да осы мәселеге белсене араластыру тетігін қарастырсақ дейміз.

И.БАЛМАҒАМБЕТОВ:

– Сонымен, бүгінгі басқосуымызды қорытындыласақ. Орынды ұсыныс-пікірлер айтылып, жоспарлармен таныстық. Сарайшық – Атыраудың айтулы тарихи орны. Ол туризм саласын дамытудың тетігі болуы тиіс. Осы бағыттағы жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз.

ТҮЙІН:

Басқосуға қатынасқан сала мамандары «дөңгелек үстел» қорытындысында Үндеу жариялау туралы мәмілеге келіп, бастама көтерді. Сарайшық тағдырына бейжай қарамай, атсалысуға шақырған Үндеу мәтінін жариялап отырмыз.

Жазып алған: Гүлжан ӘМІРОВА. Суреттерді түсірген: Е.АЛТЫБАЕВ

Жібек жолының бойына орналасқан Қазақ елінің алғашқы астаналарының бірі-ортағасырлық Сарайшық қаласының тынысы ашылғандай. Өйткені, соңғы жылдары көне қаланың орнын сақтап қалу, отандық туризмді дамыту бағытында мемлекеттік деңгейде мәселе көтеріліп, оң шешімін табуда. Осындай жоспарлы жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы РМҚК құрылған болатын. Осы мемлекеттік мекеменің директоры болып, тағайындалған ұлтжанды азамат, тарих ғылымдарының докторы Әбілсейіт Мұқтаров аймақтық БАҚ өкілдеріне арнап, баспасөз турын ұйымдастырды. Қасиетті де киелі орынға журналистерді «Атырау-Ақпарат» ЖШС-і директорының бірінші орынбасары Ысқақ Дүйсенбайұлы бастап келді. Рамазан айында сапарға шыққан қаламгерлер алдымен мұражай ауласындағы мешітке бас сұғып, аруақтарға дұға бағыштады.

СЫРЫН БҮККЕН САРАЙШЫҚ

тынысы ашылып, таңдандыратын таңғажайып сәт таяу

Аталмыш шара бағдарламаға сәйкес журналистерді музей-қорықтың жәдігерлерімен таныстырудан басталды. Одан әрі күні бүгінге дейінгі атқарылған жұмыстар туралы мекеме директоры Әбілсейіт Қапизұлының бейнебаяндамасы тыңдалды. Оның айтуынша,«Сарайшық» мемлекекттік тарихи-мәдени музей-қорығы бойынша ортағасырлық Сарайшық қаласын зерттеу, насихаттау және отандық туризмді дамыту бағытында біршама жоспарлы жұмыстар атқарылған. Алдымен Сарайшық ауылында бой көтеретін Сапар орталығының құрылыс жұмыстарын жүргізу мақсатында Жайық жағалауынан 2 га жер бөлінген. Атырау облысы әкімдігі тарапынан Сапар орталығының жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалып, мемлекеттік экспертизаға жіберілген.

- Ғылыми зерттеу жұмыстарын қолға алу бағытында 4 археологиялық барлау экспедициясы жасалды,-деді сөзін одан әрі сабақтаған Әбілсейіт Мұқтарұлы,-нәтижесінде 1861 жылғы топограф Алексеевтің картасы негізінде Сарайшық қаласының шекаралары белгіленді және Қасым ханның жерленген орны жобаланды. Жайықтың ескі

ортағасырлық мамандарын қатыстыру жоспарланды. Сарайшықты зерттеу, насихаттау және туризм орталығына айналдыруды сапалы қолға алу үшін ғалымдар мен арнайы мамандардан құралған Ғылыми кеңес құрылды. Құрамы 25 адамнан тұратын кеңес мүшелерінің арасында 4 ғылым докторы мен 2 ғылым кандидаты, 3 магистр бар. Сондай-ақ болашақта бірлесе жұмыс жасау үшін бірнеше облыстық мекемелердің басшылары енгізілді. Қазіргі уақытта Ғылыми кеңестің екі отырысы өтті.

Қазақ хандығын басқарып, Сарайшықты Қазақ Елінің астанасы еткен Қасым ханға ескерткіш тұрғызу туралы ұсынысымыз облыс



саласы бойындағы Қызылжар деп аталатын жерде сауда керуендері өтетін көпір-өткелдің орны анықталды. Сонымен қатар Батыс Еуропадан Сарайшық арқылы Үргеніш бағытындағы Ұлы Жібек жолы бойын зерттеу мақсатында ғылыми экспедиция ұйымдастырылды. Алғаш рет қала цитаделінің төрт бұрышы белгіленіп, оның қамалының үстіне өз күшімізбен қазба жүргізіле бастады. Нәтижесінде ғылыми негізде ортағасырлық Сарайшық қаласының жаңа макеті дайындалуда.

2019 жылғы шілде-тамыз айларында облыстық бюджеттен бөлінетін қаржыға археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу мәселесі шешілді. Қазіргі таңда Атырау облысы тарихи-өлкетану музейімен келісім-шарт жасалып, археологиялық отряд құрылды. Археологиялық қазба жұмысына З.Самашев, В.Плахов т.б. археолог ғалымдар мен Анкара университетінен

ұйымдар тарапынан қолдауға ие болды. Әзірге ескерткіш Сарайшыққа кіреберіс жол бойына қойылады деген тоқтамға келіп отырмыз.

Туризмді дамыту және Сарайшықты таныту мақсатында Атырау-Орал тас жолы және Сарайшық ауылының кірме жолы бойына көне тарихтан сыр шертетін төрт баннер орналастыру мәселесі шешілді. Туризмді дамыту бағытында «Туған жер» туризм, экология аймақтық клубы, «Планета.кз» туристік компаниялармен меморандумға қол қойылды. Насихат жұмыстарын қолға алу мақсатында «saraishyk.kz» веб сайты, «Фейсбуктегі» музей-қорық «Хан Ордалы – Сарайшық парақшасы, «Инстаграмдағы» saraishyk.kz аккаунты ашылды.

Сонымен қатар Ресей Федерациясы Дағыстан Республикасының тарих, археология және этнография институтымен, Ресей Федерациясы Татарстан Республикасының А.Халиков атындағы Археология институтымен және Түркияның Анкара университетімен халықаралық байланыстар орнатылды. Неге десеңіз, Сарайшық қаласының орнына алғашқы қазба жұмыстарын жүргізген кезде табылған бағалы жәдігерлердің көбі кеңестік дәуірде «қолды болып», өркениетке бір табан жақын үлкен қалалардағы мұражайлардан ойып тұрып, орын алған. Әрине, оларды кері қайтару оңай шаруа болмас дегенмен, қарекет жасап көрмекпіз.

Бұдан әрі мекеме басшысы музей-қорықтың Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Н.Назарбаев зияткерлік мектебімен бірлескен меморандумға қол қойылдығынан, алғаш рет кеңейтілген көшпелі көрмелер Махамбет, Индер аудан орталықтарында, 6 көрме оқу орындары мен мекемелерде ұйымдастырылғандығынан хабардар етті.

Әрине, аз уақыттың ішінде атқарылған жұмыс аз емес, оған бар өмірін ғылымға арнаған ақберен, ақ жейде азамат Әбілсейіт Мұхтарұлының қосқан үлесі аз емес. Ал алдағы жұмыс жоспарлары одан да ауқымды. Атап айтқанда Сапар орталығына берілген 2 га-ға қосымша 6 га жер алу, ол жерде ортағасырлық Сарайшық қаласының макетін орналастыру, Алтын орда, Қазақ хандығын билеген хандарға ескерткіш орнату, туристерге қажетті мал шаруашылығын ашу, яғни ат спортын дамытып, халқымыздың ұлттық көкпар, қыз қуу, жамбы ату, теңге ілу, құс салып, аң аулау сияқты саятшылық өнерімізге өріс ашып, туристердің қызығушылығын туғызу.

Музей-қорыққа қажетті кәсіби мамандар шақыру, оларға тұрғын үй салу үшін қажетті жер телімдерін алу да кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Өйткені, ғылыми негізде жұмыс жасау үшін өз ісін жетік меңгерген бесаспап мамандардың орны бөлек. Қазіргі қолда барымыздан айырылып қалмау үшін ортағасырлық Сарайшық қаласын түгел қоршауға алуға қол жеткізу, қолөнер, реставрациялау шеберханасын ашу, археологиялық-этнографиялық және тарихи-мәдени ескерткіштерді кешенді түрде ғылыми зерттеу, жобаларын іске асыру, музей қорын жасақтау, ондағы коллекцияларды толықтыру, музейлік коллекция- лар мен заттарды ғылыми айналымға енгізу, Сарайшыққа қатысты тарихи құжаттарды жинақтау, шетелдік архивтерге іссапар ұйымдастыру бағытындағы жұмыстар жоспарлануда.

-Сарайшықтағы археологиялық қазбалар кезінде республиканың өзге қалаларына, шетелдерге әкетілген жәдігерлерді анықтау, олардың маңыздыларын кері қайтару, не болмаса көшірмесін жасау, Алтын Орда дәуірі мамандарымен байланыс орнату, жылына 1 ғылыми – практикалық конференция ұйымдастыру, дөңгелек үстелдер өткізу, Сарайшықта археологиялық қазба жұмыстарын жүйелі түрде жылда жүргізуге қол жеткізу, Сарайшық арқылы өтетін Ұлы Жібек жолына экспедиция ұйымдастыру, ескі керуен жолдарын картаға түсіру, туристерге арналған ғылыми-танымдық, ақпараттық жинақтар, түрлі еңбектер шығару, ғылыми-көпшілік фильмдер түсіру, түрлі қадесыйлар дайындау, туристерге арналған демалыс орындарын, түрлі экспедиция маршруттарын белгілеу, музей қорығы виртуальды музейін жасақтау, шетел, республика деңгейінде көрмелер ұйымдастыру, фильм түсіру.

-Жауапты министрліктер мен құзырлы орындардың қолдауымен болашақта Қасым хан туралы кино түсірілмекші. Соған біз де өз тарапымыздан ықпал етіп, сол фильмнің басым бөлігі осы тарихи орын Сарайшықта түсірілуіне қол жеткізсек, нұр үстіне нұр. Бұл мақсатымыз орындалып жатса, кино түсіру үшін ғылыми негізде жасақталған ортағасырлық Сарайшықтың картасы, макеті өзімізде қалар еді. Мені осы мәселе мазалайды,-дейді Әбілсейіт Мұхтарұлы журналистерден де көмек күткендей кейіп танытып. Баяндама соңында журналистер сұрақтарын қойып, қажетті жауаптарын алды.

Бұдан әрі пресс-тур ортағасырлық Сарайшық қаласының археологиялық қазба орнында жалғасын тапты.

Нұрым ЕРҒАЛИЕВ

Ұлы даланың жеті қыры

● Бас мүфти Серікбай қажы Ораз Жібек жолы елдерінің рухани картасын жасауды ұсынды.

Бас мүфти Серікбай қажы Ораз Жібек жолы елдерінің рухани картасын жасауды ұсынды. Рухани лидердің пікірінше, бұл карта халықтар арасындағы үзілген рухани һәм мәдени байланыс жібін жалғайды.

ATYRAÝ Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Ұлы Жібек жолы: «Рухани карта» нені қамтиды?

Дәурен АБАЕВ, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі:

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ДҰРЫС ҚАЛЫПТАСТЫРУЫМЫЗ КЕРЕК

қарсы мықты иммунитет қалыптастыру маңызды. Радикализмге адамдар қандай себеп бойынша бұрылып кететінін анықтау қажет. Оған жекелеген адамдарды гуманистік, интеллектуалдық, мәдени жағдайлар да итермелеуі мүмкін. Сондықтан да заманауи зайырлы мемлекеттің дін өкілдері аймақтардағы дәстүрге мән беріп, мәдени бағыттағы, ғылым мен білім саласындағы артықшылықтарды ескеруі тиіс деп ойлаймын.

Біз жас ұрпақтың дүниетанымын дұрыс қалыптастыруымыз керек. Қазіргі жастар өз пікірлерін ашық айта алады. Олар бәсекеге қабілетті, білімге құштар. Ең бастысы олардың санасына жат ағымдарға қарсы мықты иммунитет қалыптастыру маңызды.

«Өткенсіз болашақ жоқ. Біз өткеннен өнеге алған халықпыз. Осы ретте әріптестеріме Ұлы Жібек жолы елдерінің «Рухани

Рухани карта өскелең ұрпақтың тарих пен руханият саласына қатысты сұрақтарына жауап беретін бейнебір бағдаршам, шамшырақ болуы тиіс. Тарихынан тағылым алған, ал тарихи тұлғалардан тәлім көрген ұрпақ діні мен дәстүрін үйлестіріп, өнегелі өмір сабақтастығын қалыптастырмақ. Бұл бастама тарихшы ғалымдар мен дін ғұламаларының Жібек жолы тарихын ғибраттың көзімен қайта зерттеуін қажет етеді», — деп атап өтті Елордада өткен «Рухани Жібек жолы. Ислам және жастар: қазіргі заман сын-қатерлері» атты IV Халықаралық ғылыми-діни конференцияда баяндама жасаған Бас мүфти Серікбай қажы Сатыбалдыұлы.

Бас мүфти Серікбай қажы Сатыбалдыұлының пікірінше, «Рухани карта» адами фактордың әсерінен дінді әлемдік деңгейде проблемаға айналдырып жіберген исламофобиямен күресте мықты механизм бола алады.

Ұлы Жібек жолы елдерінің «Рухани картасы» дегеніміз не? Тарих қатпарларындағы нендей дүние ескерілуі керек? Осы сұрақтарды Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Атырау облысы бойынша өкілі, Атырау облыстық орталық «Иманғали» мешітінің Бас имамы Батыржан Мансұровқа қойған едік.

«Ұлы Жібек жолының тарихы тереңде жатыр. Бұл жолдың негізі осыдан үш-төрт мың жыл бұрын болған. Тарихи деректерде Ұлы Жібек жолының Қытайдың Хан патшалығы кезінде ғана өркендей бастағандығы айтылады. Оған себеп — Хан патшалығының Хан Уди патшасы Жаң Чянды батыс өңірге екі мәрте жіберіп, Орталық Азиядағы елдермен достасуға пейілді болғандығы еді. Жаң Чян қазіргі Ферғана, Самарқан және Балқаш көлі сияқты жерлерге барған. Жаң Чянның сапары бұл жолды шығыс пен батыс үкіметтері арасындағы байланыс жолына айналдырды» дейді спикер.

Осылайша, Жаң Чян батыс өңірге және Орта Азияға Қытайдың жібек өнімдерін таратқан. Ал, елге қайтар жолында өзге жерлердің тауарлары және батыс өңірінің музыкасы сияқты алуан түрлі мәдениетті алып қайтқан. Осылайша, тарихи деректер Жаң Чянның сапары қытайлықтардың батыс өңір мен Орта Азия арасындағы байланыстың нығаюына мүмкіндік бергенін көрсетіп отыр.

Спикердің пікірінше, Шығыс пен Батыс әлемінің аралығындағы дәнекерге айналған Ұлы Жібек Жолы өз дәуірінде өркениеттерді өзара тоғыстырды. Ендігі міндет — тарих тасасында қалған құндылықтарды аршып алу.

«Ұлы Жібек жолының көп бөлігі Орталық Азия мен Қазақстан жерін қамтыған еді. Бұл тарихи үрдіс халқымыздың мәдениетін, рухани мұрасын байыта түсті. Қазақ топырағында жазу, сәулет, қол өнерінің дамуына оң әсерін тигізді. Бұл процесс бабаларымыздың интеллектуалды өміріне өзгеріс әкелді. Орталық Азия мен Европа арасында алтын көпір болып, байланыс кеңістігін қалыптастырған осынау сауда жолының бойында ірі-ірі мешіттер мен кесенелер бой көтерді. Отырықшылық мәдениет нығайды. Мұның барлығы тарихпен дәлелденген дүниелер. Осы кезеңде бой көтерген әлемге әйгілі Отырар, қазіргі Түркістан, Сауран,

қалалар дүниежүзі өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына өшпес үлес қосты. Бұл тақырыптар әлі де зерттеуді қажет етеді» дейді Бас имам Батыржан Мансұров.

Алысқа бармай, Атырау атырабындағы қасиетті Сарайшықты мысалға алайық. Тарих қойнауында өркениет өзегі ретінде сақталып қалған Сарайшық қаласының іргесі XI ғасырда қаланған. Қала Еуропа мен Азияны жалғастыратын керуен жолы бойында орналасқан. Мұнда салтанатты сарайлар, керуен-сарайлар, моншалар, мешіт-медреселер салынған. Қала Алтын Орда хандары жерленген қасиетті орынға айналған. Атырау облысының Бас имамы Батыржан Мансұров ислам дінінің кеңінен таралуында Сарайшықтың маңызы зор болғанын айтты.

«Кезінде қазақ даласынан атақты ишан, молда, хафиздар шықты. Олардың ислам дінін таратудағы жүріп өткен жолы өз алдына үлкен мектеп еді. Ұлы Жібек жолы елдерінің «Рухани картасын» жасақтау — қазақ даласындағы мұсылмандық мектепті дамытуға да үлес қосады деп сенемін» дейді Атырау облысының Бас имамы Батыржан Мансұров.

P.S. **«Тарихынан тағылым алған, ал тарихи тұлғалардан тәлім көрген ұрпақ діні мен дәстүрін үйлестіріп, өнегелі өмір сабақтастығын қалыптастырмақ». Бұл Бас мүфти Серікбай қажы Ораздың сөзі. Ендігі жерде, Жібек жолы елдерінің Діни басқармалары осынау тарих жолдың өткенін ғибраттың көзімен қайта зерттеуі қажет.**

Халықаралық конференцияға ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев, Бас мүфти Серікбай қажы Ораз, Ресей мұсылмандары діни басқармасы және Ресей мүфтилер кеңесінің төрағасы, мүфти, шейх Равиль Гайнутдин, Өзбекстан мүфтиі Усмонхон Алимов, Қытай Ислам қауымдастығының төрағасы Хасан Фа Мин, Қырғызстан мүфтиі Мақсатбек қажы Тоқтомушев, Моңғолия мүфтиі Батырбек Хадыс, Финляндиядағы Ислам орталығының төрағасы Голтен Бедретдин, т.б. дін қайраткерлері, діни саладағы мемлекеттік органның басшылары, зиялы қауым өкілдері, жалпы саны 300 делегат қатысты.



26 маусым, 2019 жылы

КӨНЕ ТАРИХ КӨМБЕСІ

Теңіз астында тарихи қазына жатыр

Каспий аймағында орналасқан елдерге тиесілі су асты мұралары әлемде құпиясын ашпаған таңғажайыптар қоймасы. Алматыда ЮНЕСКО-ның Каспий аймағындағы елдердің су асты мәдени мұраларын қорғау жөніндегі алғашқы өңірлік кездесуге қатысқан мамандар осылай деп отыр.

Жапония, Аустрия Түркия, Қытай су асты мұралары археологиясы жағынан көш басында тұрса, Ресейде бұл мәселе енді қолға алына бастапты. Осы жиында сөз сөйлеген Париждегі Сарбонна-1 пантеонының өкілі Артуро Рэй Сильва мырза ЮНЕСКО-ның Каспий аймағындағы елдердің су асты мәдени мұраларын зерттеуге техникалық жағынан көмек көрсететін конвенциясы бар екенін, оған Қазақстанның да қол қойғанын еске түсіріп өтті. Осы бағдарлама шеңберінде зерттеу жұмыстарын жүргізген елдер бұл саланы туризм көзіне айналдырып үлгіргенін жиынға қатысқан спикерлердің сөзінен [...]

ЮНЕСКО Су асты мәдени мұраларын қорғау конвенциясының маманы Чихиро Нишикава Каспий аймағында орналасқан елдерге тиесілі су асты мұралары әлемде құпиясын ашпаған таңғажайыптар қоймасы екенін тілге тиек етті. Қолда бар деректер бойынша мұнда 80-нен астам кеме және соған ұқсайтын құрылғылар су түбіне шөгіп жатыр екен. «Каспий теңізін, оның жағалауын археология жағынан зерделеу дамымаған. Қолдағы деректер су асты мәдени мұралары туралы толыққанды ақпарат беруге мүмкіндік бермейді», –деп атап өтті Чихиро Нишикава.

Су асты мәдени мұралары дегенде біздің көз алдымызға қазақтың тоғыз ханының ақырет мекені болған ортағасырлық Сарайшық қаласы еске түседі. Тарихи деректер ежелгі қаланың 40 пайызы Жайықтың астында қалғанын тілге тиек етеді.

«Сарайшықтың су астында қалған бөлігіндегі мәдени мұралардың құндылықтарын қалай зерделеп жүрміз, оларды зерттейтін су асты археологтары бізде бар ма?» деген сауалды біз осы жиынға қатысып көкейкесті мәселе көтерген, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт Мұқтар мырзаға қойдық.

Музейдегі ең басты жаңалық ежелгі қала туралы әлемнің төрт тарабына шашылып кеткен деректерді жинастыру қолға алыныпты. Қазір ол деректер бойынша Сарайшық, сол арқылы қазақ тарихының әлемдік өркениетке ықпалын зерттеу қолға алынды.

– 2017 жылы Атырау облыстық тарихи ескерткіштерді қорғау мекемесі Ресей мұрағаттарынан Сарайшықтың 1861 жылы орыс топографы П.В.Алексеевтің өз қолымен сызған картасын тапты. Бұл карта Сарайшықтың қай ғасырдағы келбетін бейнелейді?

–Картаның бүгінге дейін бар екендігі айтылып келгенімен, ешкімнің қолына түспеген болатын. Сол картаға қарайтын болсақ, қаланың басым бөлігі сақталғандай. Мұның өзі ғылым үшін жаңалық. Ендігі мақсат – осы төңіректе зерттеу жүргізген, дерек іздеп, архивтерді сүзген ғалымдарды тоғыстырып, зерттеулерді жалғастыру. Біз бұрын Сарайшыққа қатысты тек Ресей құжаттарымен жұмыс істеп келдік. Енді Қытай, Түркия, Иранның мұрағаттарына көз сала бастадық. Ираннан, Түркиядағы орта ғасырдағы челебилердің, мемлекеттік қызметшілердің жазбаларынан Сарайшық туралы деректер белгілі болып отыр. Олардың көшірмесін елге алдыру жайлы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне жоба-ұсынысымызды енгіздік. Бұдан өзге қаржылай қолдау болса Жошы ұлысы – Алтын Ордаға қатысты 2019 жылы халықаралық конференция өткізуді жоспарлап отырмыз.

– Жошы ұлысы Алтайдан бастап Дунайға дейінгі жерді өзіне қаратты. Демек, бұл фактор Сарайшықтың географиялық аумағы бізге белгілі көлеммен шектеліп қалмағандығын айтып тұр..

–Жошы ұлысының үш астанасы болды: Сарай Бату – Астраханьда, Сарай-Берке – Волгоградта, Сарайшық – Қазақстанда. Тарихи деректерге көз жүгіртер болсақ, Әбілғазы баһадүр өз еңбегінде Сарайшық қалашығын Шыңғыс ханның Жошыдан тарайтын немересі Батый хан салды дейді. Ол 1227-1255 жылдары Жошы ұлысы – Алтын Орданы биледі. Әбілғазы баһадүр бұл еңбегін XVII ғасырдың ортасында жазған. Мұнда Алтын орданың хандары мен Қазақ хандығының аталары жатыр. Біз бұл туралы Шынияз ақынның «Сарайшықта бар дейді, жеті ханның моласы» деген жыр жолдарынан білеміз.

– Ноғайлы дәуірін зерттеген екі ғалымды білемін, оның бірі – қазақстандық Амантай Исин, екіншісі – ресейлік В.В. Трепавлов...

– Екеуі де Мәскеудің көне архивімен жұмыс жасаған ғалымдар. Олар Сарайшықтың Қазақ хандығының астанасы болғанын дәлелдеді. В.В.Трепавловтың еңбегінде 1471 жылы Бұрындық хан Сарайшықты бағындырып, Қазақ хандығының астанасы етті деген дерек бар. Ал Қасым хан Сарайшықтың аумағын кеңейтті, осы жерде қазақ халқының санын бір миллионға, әскерін 100 000-ға жеткізді. Сарайшықты қазір Қазақ хандығының пантеоны деп жүрміз ғой. Бұл қазақ хандарының аталары жатқан пантеон. Яғни Тәуекел ханның, Есім ханның, Жәңгір ханның, Тәуке ханның, Әбілқайыр ханның, Әбілмәмбет ханның, Абылай ханның, Кенесары ханның, Жәңгір ханның аталарының пантеоны Сарайшық. Мұнда тікелей Жошы ханның ұрпақтары, Қазақ хандығының аталары жатыр.

Сарайшық қазақ хандығының астанасы болды дедіңіз бе? Расында бүгінге дейін астанамыз болған қала жетерлік. Ал Сарайшықтың Қазақ хандығының алғашқы астаналарының қатарында болғандығын архив деректері дәлелдеп отыр. Тарихи деректердегі «1511 жылы Қасым хан Сарайшықты Қазақ хандығының астанасы деп жариялағандығын» білеміз. Яғни ресми түрде жарияланған. Бүгінгі біз ежелгі Қазақ хандығының орнында оны жеке мемлекет ретінде сақтап қалған мұрагерміз. 1999 жылы Сарайшық қаласының тарихына арналған «Хан ордалы Сарайшық» мұражай қорығы ашылды. Мұнда, әсіресе «Хандар пантеоны» ерекше көз тартады. Биіктігі 17 метр етіп салынған 8 қабырғалы пантеонның осы қабырғаларына Сарайшықта жерленген жеті ханға арнап құлпытастар қойылған. Олар неге осы жерге жерленген? Өйткені бұл – астана! Саяси да, экономикалық та, тарихи да, рухани да, әулиелік те тұрғыдан алғандағы Қазақ елінің ежелгі астаналарының бірегейі.

Мұнда жерленген жетінші хан, ол – Қасым хан. Әнес Сарай бұл жерде Қасым ханның баласы Мамаш хан өлтірілген екен деп айтты. Бұл сегізінші хан. Сондықтан бұл деректер нақтыланып, дәлелдену үшін зерттеу жұмыстары әлі де жүргізілуі керек. Біздің Қасым ханға ескерткіш орнату туралы ұсынысымызды Атырау облысының әкімдігі, зиялылары қолдады. Енді қай жерде орнатылатыны туралы мәселе талқыланып жатыр.

–Әлемнің ірі қалаларында, мысалы Қытайда су асты музейлері бар. Олар бір кездері өркениет шыңына көтеріліп, кейін су астында қалған қалалардың тарихын бүгінгі технология тілімен қалыпқа келтірген. Сіз жиында екі мәселе көтердіңіз. Бірі маман кадрлар даярлау, екіншісі материалдық-техникалық базаны жақсарту. Оның су асты археологиясына қандай қатысы бар?

– Бірер жылдан бері Сарайшық еңсесін түзей бастады. Бірақ назар аударатын фактор – Жайық ағысы қатты өзен. Су түбіне шөгіп қалған су асты мұраларын ағыспен бізге қарасты аймақтан әлдеқашан алыстатып, бізден шалғай жатқан теңіздерге әкетуі әбден мүмкін. Бізде су асты мәдени мұраларын зерттейтін мамандар жоқ. Оларды оқытып даярлау аса маңызды. Міне, сондықтан осы жиында Ресей, Түркия мамандарымен кездесіп пікір алмастық. Түркиялықтар Қазақстан жағы шәкірттердің шәкіртақысы мен жолақысын көтерсе, мамандар дайындап беруге дайын отыр. Түркия, өзіңіз білесіз, су түбінде шөгіп жатқан қара тасты да сөйлетіп, туризмнің тартылыс нүктесіне айналдырып отыр. Ал біз 30 пайызы су астында қалған Сарайшықтың мұраларын жан-жаққа шашыратып алдық. Балқаш пен Аралдың түбінде не шөгіп жатқанын білмейміз. Тіпті Алматының іргесіндегі Қапшағай су қоймасы ежелгі қаланың орнына салынған. Қазаққа су асты археологиясы маманын дайындауды кешіктіруге болмайды.

Әңгімелескен
Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

АЛМАТЫ

«Атырау» газеті, № 59, 2 тамыз, 2019 жылы

ОТАНДЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДЫҢ ТЫҢ ТЕТІГІ

Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы қазақстандықтарға Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігінің жаңа бастауына айқын бағытты көрсетті. Президент рухани жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» деп, рухани жаңғырудың ел болашағы үшін маңыздылығын ерекше атап өтеді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының
бойынша ауқымды жоба жүзеге асырылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» арнайы жобасы аясында Атырау өңірінің 7 нысаны республикалық деңгейдегі киелі жерлер санатына кірді. Олар – Сарайшық ортағасырлық қалашығы, Махамбет кесенесі, Құлшан ата қорымы, Ақмешіт некрополі, Ұшқан ата кешені, Аралтөбе тарихи-археологиялық кешені, Иманқара кешені. Күні бүгіннің өзінде ерекше қызығушылық туғызып отырған киелі орындардың республикалық деңгейге ие болуы – атыраулықтар үшін үлкен мақтаныш. Демек, бұл орындар сонау Түркістандағы қасиетті орындар тәрізді еліміздің ғана емес, алыс, жақын шетелдер халқының қызығушылығын туғызатыны сөзсіз. Ең бастысы оларға жол салынып, халықтың рухани сусындауына мүмкіндік берілетіні қуантады. Бүгінгі күннің өзінде аталған нысандарға деген қызығушылық өте жоғары. Туризм – ел мен жерді таныстыру, Отанынды ұлықтау дейтін болсақ, «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» арнайы жобасы облысымыздағы туризмнің дамуына кең мүмкіндік беріп отыр.

2017 жылы Атырау облысы әкімдігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен көне Сарайшық қаласын сақтап қалу, зерттеу және өзен жағасын бекіту бойынша ауқымды жоба жүзеге асырылды.

Бағдарлама аясында облыстың өлкетанушылары Мәскеу, Санкт-Петербург, Астрахан, Орынбор қалалары мен Татарстан, Башқұртстан республикаларының мемлекеттік архивтеріндегі тың деректерге қол жеткізді. «ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы фотоқұжаттардағы «Каспий қазақтарының мәдениеті мен тұрмысы» атты кітап-альбомы жарық көрді. Бұл басылымда ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Ресей Федерациясының Ғылыми мұрағат академиясының Санкт-Петербург филиалында Каспий қазақтары этнографиясына қатысты 200-ден астам бірегей мұрағаттық фотоматериалдар жарияланған. Құнды кітаптың дүниеге келуінде Атырау облыстық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау инспекциясының басшысы М.Кипиевтің еңбегі зор.

Сонымен қатар, «Атырау қазақтарының эпиграфиялық ескерткіштері» кітап-альбомының екінші томы шығарылды. Кітапта Ақмешіт, Алтын, Дәрі және Ұшқан ата қорымдарының араб жазулары мәтіндері аударылған.

«Қазақстанның киелі жерлері географиясы» арнайы жобасы 3 бағытта жүзеге асырылуда. ***Біріншіден***, киелі орындарға зерттеулер жүргізу және оларды реставрациялау, сақтау жұмыстарын ұйымдастыру. ***Екінші мәселе*** – киелі орындарға саяхаттар ұйымдастыру. Ал, ***үшінші бағыт*** – киелі орындар туралы ғылыми-көпшілік, ақпараттық-танымдық монографиялар, кітаптар, зерттеулер, оқу құралдары, мақалалар, видео материалдар дайындау.

Аудандарда «Құлшан ата-Ақмешіт, Аралтөбе», «Ұшқан – Қарашүңгіл – Ақінген», «Иманқара – Жұбан Тамы – Аққөгершін», «Тас кешу», «Сарайшық» саяхат маршруттары өтті.

«Nur Otan» партиясы Атырау облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Сарайшық-Арыстанбаб-Қожа Ахмет Яссауи-Әйтеке би» бағыты бойынша халықаралық экспедициясы өтті.

Құрманғазы ауданында «Қоғамдық келісім» мекемесі Астрахан облысы, Володар ауданы, Алтынжар селосындағы күй атасы Құрманғазы бабамыз мәңгі тыныстап жатқан мекенге саяхат ұйымдастырды.

«SaltanatMediaGroup» ЖШС Түркменстан, Әзербайжан, Ресей, Қазақстан мемлекеттерінің қатысуымен туристік кластерді дамытуға арналған «Өз көзіңмен» халықаралық тележобасын ұйымдастырды.

Өлкенің тарихи-мәдени мұрасы мен киелі жерлерін насихаттау мақсатындағы ақпараттар тұрақты түрде «Facebook», «Instagram» әлеуметтік желілерінде, «Ruh kz», «Atyraueli» сайттарында тұрақты жарияланып отырады.

«Атырау облысында тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын киелі жерлер» атты кітапша жарыққа шықты. Басылымда облыстағы республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген ескерткіштермен қатар, облыстағы тарихи-мәдени мұра объектілерінің алдын ала есепке алу тізіміне енген 49 киелі нысандар берілген. Атырау облысында алғаш рет жарық көріп отырған бұл кітапқа тарихи-мәдени ескерткіштерге қатысты бұрын жинақталған экспедициялық материалдармен қатар, аңыз-әңгімелер енген. Кітапша Атырау өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштері мен киелі жерлеріне қызығушылық танытқан көпшілік оқырмандарға арналған.

Бұған қоса, киелі мекен – Сарайшық көне қалашығы жөнінде балаларға арналған анимациялық фильм түсіріліп, жергілікті арнадан көрсетілімі ұйымдастырылды. Атырау облысы әкімдігінің тапсырмасымен түсірілген 10 бөлімдік

сымен түсірілген 10 бөлімдік

мультфильм сценарисі – Ринат Сүлейменов, режиссері – Данияр Абдрахманов. Анимациялық туынды балалардың көне Сарайшық қаласына жасаған саяхаты мен бастан кешкен қызықты оқиғалары жайлы сыр шертеді. Түсірілім балалардың бойында туған өлкеге деген сүйіспеншілікті, Отан тарихына деген мақтаныш сезімін ерте жастан қалыптастырады. «Q-Daily» медиа орталығы түсірген фильм бүгінгі күні жас көрермендердің ерекше қызығушылығын туғызып, сүйіп көретін көрсетілімдерінің біріне айналды. «Сарайшыққа саяхат» – Қазақстанда ең жаңа технологиялардың көмегімен шығарылған анимациялық фильм. Сценарийді жазарда түсірушілер көне қала орнындағы археологиялық қазба жұмыстары орындарына барып, зерттеулермен танысты. Ғалымдардың кеңестерін тыңдап, өлке тарихын сәбилерге мультипликация тілімен жеткізуге бар мүмкіндікті пайдаланды.

Қорыта айтқанда, аталмыш арнайы жоба аясында облыс бойынша ауқымды жұмыстар жүзеге асырылуда. Әлі де жаңа жобалар, болашақ жоспарлар жетерлік.

Орынтай БИМАНОВА,
Атырау өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің жетекшісі



Суреттерді түсірген: Ерлан АЛТЫБА

«Атырау» газеті, № 61, 9 тамыз, 2019 жылы

•«Сарайшық Атырау облысы тұрғындарының немесе осы саламен айналысатын ғалымдар, тарихшылар, археологтардың айтатын әңгімесі ғана емес, Сарайшық — біздің мақтанышымыз.

Сарайшықты сақтау – парыз һәм міндет

Қазақ даласындағы ең көне тарихи ескерткіштердің бірі – Сарайшық қалашығы. Көне шаһардың орнын сақтап қалу – міндет һәм парыз. Бұл ретте қазіргі «Сарайшық» музей-қорығының маңызы зор. Бүгінгі сөз құрылғанына 20 жыл болған кешеннің қалыптасу тарихы мен даму белестері туралы болмақ.



Сарайшық музейі бастауында Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты түлегі Мұстажап Намазғалиев тұрды. Ол: «Мен Сарайшық туралы ерте естісем де 1961 жылға дейін оны көрудің сәті түспеді. Сол жылы жазда Балықшы ауданындағы «Еркінқала» орта мектебінің директорынан өзім сұранып осында келдім. Мектепке жұмысқа кіріскен күннен бастап, көне Сарайшықты зерттеу ісімен айналысып, ескі қала орнынан табылған нәрселердің барлығын тырнақтап жинай бастадым. Сөйтіп мектептен музей бұрышын аштым. Экспонаттар жинақтай келе ол мектеп музейіне айналды» деп жазады.

1970 жылы ол өз үйірмесіне жоғары сынып оқушыларын тартып, экспонаттар жинайды. 1971 жылы ауыл мектебінде басталған жөндеу жұмыстары барысында музей жәдігерлері облысы мәдениет басқармасы басшысы К.Танқиев облыс басшысы С.Түгелбаевқа хат жолдайды. Облыс басшысы міндетін атқарушы Р.Шырдабаев 1992 жылы 10 шілдеде Махамбет ауданы Сарайшық селосында облыстық тарихи-өлкетану музейінің археология секторын құру туралы шешім қабылдап, музей секторы Сарайшықтағы археологиялық қазбаларға қатыса бастады.

селодағы ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасы ғимаратына көшірілген. Осы тұста музей облыстық өлкетану музейінің филиалы болып өзгертіліп, басшысы М.Намазғалиев болады. Осылайша «Сарайшық — тарихи өлкетану селолық музейі» ресми түрде өмірге келеді. Дегенмен, жинақталған жәдігерлерді сақтау оңай болмаған. Ол турасында М.Намазғалиев: «аз жылдың ішінде археология, нумизматика, топономия саласында шама-шарқымызша бірқатар жұмыстар бітірген едік. Бірақ, амал не, 1971 жылдың жазында, сол кездегі мектеп басшыларының оралымсыздығы мен бұл іске мән бермеуінің нәтижесінде, мен жазғы демалыста жүрген кезде жиырмаға жуық алтын жалатқан таза күміс әшекей бұйымдарын, өмілдірік, құйысқан, көптеген әр кездің күміс монеталарын мектеп бөлмесіне орналасқан құрылысшы кавказдықтар тонап кетті» деп ашық жазады.

Музей-қорықтың «Сарайшық» атауына кеңестік билік те назар аударды. Көп ұзамай ол Опытное тарих-өлкетану музейі деп өзгереді. 1988 жылы М.Намазғалиев: «Меніңше мұны дұрыс деуге болмайды. Бұл жөнінде республикалық және жергілікті газеттерде әр кезде орынды пікірлер де қозғалды. Өкінішке орай, бұл мәселе әлі күнге елеусіз қалып келеді» деп «Коммунистік еңбек» газеті арқылы көпшілікке жанайқайын жеткізді. Ел тілегі тәуелсіздік таңымен жүзеге асты. 1992 жылы 1 шілдеде Сарайшық жәдігерлерінің жағдайын саралаған Атырау

Археолог ғалымдар К.Байпақов, З.Самашевтар жаңа ізденістерге қолдау көрсетті. Нәтижесінде ел зиялылары Сарайшық қалашығы орнында арнайы музей ашу мәселесін көтерді. Осы арада Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры қызметін атқарған Қуанғали Жұмалиев 1996 жылы облыстық музейге жаңа ғимарат іздестіре жүре өлкедегі музей ісіне облыс әкімдігінің назарын аударады. Жаңа бастамаға 1997 жылы Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары, ұйымдастыру-бақылау бөлімінің меңгерушісі болып Иманғали Тасмағамбетовтың тағайындалуы үлкен серпіліс әкелді. Ол облыс зиялыларын ортағасырлық Сарайшық қаласы мәселелерін шешу бағытына тоғыстыра білді. Оның тікелей араласуымен облыста алдымен, «Сарайшық — Қазақстанның ежелгі қаласы» атты қоғамдық қор құрылады. Қор жарғысында Сарайшық қалашығында «Солтүстік-шығыс Каспий аумағындағы тарих және мәдениет ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығын құру және ортағасырлық Сарайшықты қорғау, сақтау басты мақсаты ретінде жазылады.

1997 жылы 9 желтоқсанда Атырау облысының әкімі Р.Шырдабаевтың шешімімен қорды басқару кеңесі бекітіледі. Қордың төрағалығына И.Тасмағамбетов, атқарушы директорлығына Қ.Жұмалиев ұсынылады.

1998 жылы 5 ақпанда Атырау облыстық мәдениет басқармасы мен арнайы жұмыс комиссиясы «Халық бірлігі мен ұлттық тарих» жылына байланысты жоспар бекітеді. 16 тармақтан тұратын жұмыс жоспарының 4-і тікелей Сарайшыққа бағытталады. Олардың ішінде қазба жұмыстарын жүргізу, Сарайшықтағы археологиялық ескерткіштерді консервациялау, музеефикациялау, «Сарайшық-Қазақстан» ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастыру, мұнда туристік инфрақұрылым жүргізу айырықша маңызға ие болды.

1999 жылы 18 ақпанда Атырау облысының әкімі болып И.Тасмағамбетовтың тағайындалуы Сарайшық қалашығының жаңа тынысын ашты. Облыс әкімі 7 сәуірде оның тапсыруымен әкім орынбасары Н.Мақашев облыстағы ірі өндірістік мекемелермен кездесу өткізіп, «Сарайшық» мемориалдық кешен құрылысын бүкілхалықтық құрылыс етіп жариялайды. Кешен құрылысы 2 мамырда басталады. 1999 жылы 25 мамырдағы «Атырау» газеті: «Ортағасырлық Сарайшық қалашығының орнына «Сарайшық» мемориалдық кешенін тұрғызу жөнінде облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың соңғы 3-4 жылдағы идеясы, сәтін салса, биыл-ақ жүзеге аспақ. Осы кешен құрылысы жөнінде облыс әкімінің арнайы шешім алғанына бір ай да болған жоқ. Енді, міне, «ұрыста тұрыс жоқ» дегендей, кешен құрылысы басталып та кетті» деп жазады. Кешен жобасының авторы Сайын Назарбеков еді.

1999 жылы 3 қыркүйекте «Сарайшық» музей қорығының ашылуына ел Президенті Н.Назарбаев, ел зиялылары қатысты. Президент: «Ол Қасымхан билік құрған тұста Қазақ хандығының астанасы болды. Сарайшық топырағы қасиетті, өйткені, исі бүкіл түркі әлеміне ортақ Алтын Орда хандары — Тоқта, Жәнібек, Бердібек, ноғайлының билеушісі — Оқас, одан бергі Қасымхан сияқты атақты хандарымыз бен батырларымыздың жаны осында мәңгілік жай тапқан жер, оны еліміздің алғашқы пантеоны десек те болады» деп атап өтті. Бұл кезеңде музейде директор М.Бердімұратов, қызметкерлер Ж.Ғизатов, Қ.Акимова және басқалар еңбек ететін.

Сарайшық тарихындағы маңызды тарихи оқиғаны кейін саралаған И.Тасмағамбетов: «Сарайшықта жерленген жетінші тұлға — қазақтың Қасым ханы. Міне, осы бір ғана деректің өзі осынау шежірелі қаланың еліміз үшін қаншалықты мән-маңызы мен мәртебесі барын айшықтап отыр. Осылайша Сарайшық қазаққа 50 жылдан астам астана болды» деп мақтанышпен еске алады.

Музей-қорықтың ашылуы ортағасырлық Сарайшықтың ғылыми зерттелуіне, оның насихатталуына, қалашықтың сақталуына жаңа мүмкіндік жасады. Облыс зиялылары енді Жайық жағалауын бекітуді қолға алды. Ол 2013 жылы басталды. Өр Жайық суын тоқтатудың алдымен екі нұсқасы жасалып, 2018 жылы шілде айында толық іс жүзіне асты. Оны үнемі қадағалауда ұстаған облысы әкімі Н.Ноғаев: «Сарайшық Атырау облысы тұрғындарының немесе осы саламен айналысатын ғалымдар, тарихшылар, археологтардың айтатын әңгімесі ғана емес, Сарайшық — біздің мақтанышымыз. Біз осыны түсініп, білуіміз керек» деп түйіндеді.

Музей-қорықтың жаңа белесі 2018 жылы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің №162 қаулысымен басталды. Қаулы бойынша «Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы — Сарайшық» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылды. Нәтижесінде музей-қорық жұмысына ғылыми негіз беріліп, туризмді дамыту, киелі жерлерді насихаттау, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмыстары қарқын алды. Музей-қорық қысқа мерзімде өз қорын толықтыра бастады, республика бойынша археологиялық және реставрациялық жұмыстарға лицензия алды, ғылыми субъект ретінде аккредиттеу куәлігіне ие болды, халықаралық байланыстарын кеңейтті, мемлекетаралық экспедицияларды қолға алды. Сарайшықта Сапар орталығы салынбақ. Алда үлкен белестерді бағындыру күтіп тұр.

Әбілсейіт МҰҚТАР,
«Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры

● **И.Гербер 1732 жылдың 19 ақпанында** Сарайшықта болып, қаланың күйдірілген қызыл және ақ кірпіштерден тұратын қирандысын көреді.

Атырау өңірінің киелі жерлері:

тарихи дереккөздерде

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы бұрын-соңды қолға алынбаған жаңа жобаларды дүниеге әкелді. Әрине, оның ішінде Ұлы даланы мекендеген халқымыздың жалпыұлттық қасиетті орындарын зерделеуге бағытталған «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының төл тарихымызда алар орны ерекше. Осы жерде ең алдымен Атырау қазақтарының «киелі жер» деген ұғымына қысқаша тоқталғанды жөн көрдік.

Атырау облысы — еліміздегі «қаймағы бұзылмаған» өлкенің бірі. Күні кеше ғана тарих сахнасынан өткен кеңестік кезеңнің өзінде халқымыздың санасынан «киелі жер» деген ұғым өшкен жоқ. Жергілікті қазақтардың түсінігіндегі басты киелі жерлердің бірі — ата-баба қабірі немесе зираты болып саналады. Өйткені, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қабірдің басы зиярат етумен қатар, әртүрлі діни-ғұрыптық рәсімдер мен жоралғылар жүргізілетін орын рөлін атқарды.

Атырау жері ежелден «тоғыз жолдың торабында» болғандықтан, онымен жүріп өткен саудагерлер, саяхатшылар, ғалымдар, әскерилер жазбаларында жол бойында кездескен қала қирандылары мен қорымдар сипатталған және картаға түсірілген. Олардың алды XVIII ғасырдың І-жартысынан бастап орыс дереккөздерінде, оның ішінде И.Гербердің, П.Рычковтың, П.Палластың еңбектерінде кездеседі.

Мәселен, 1732 жылы Астраханнан Хиуаға тыңшылық керуенмен аттанған патшалық Ресейдің офицері И.Гербердің күнделігінде облыстағы ең танымал киелі орындардың бірі Сарайшық қалашығы мен Үшқан ата қорымдарына қатысты тың деректер берілген. И.Гербер 1732 жылдың 19 ақпанында Сарайшықта болып, қаланың күйдірілген қызыл және ақ кірпіштерден тұратын қирандысын көреді. Сондай-ақ, ол қаланың орналасқан жері қара топырақты болғандықтан, оның айналасындағы егістік алқап пен су жүретін арықтардың көп екендігін атап өтеді. И.Гербердің негізгі мақсаты тездетіп Хиуаға жету болғандықтан, ол Сарайшыққа көп аялдамай, ол жерден Сағыз өзеніне қарай шығатын үлкен керуен жолына түсіп, сапарын одан әрі жалғастырады. Сағызға жеткен соң тас өткелден өтіп, оның жанында Қайнар-Сағыз аталатын үлкен керуен сарай құландысын көргенін жазады. Бұл қазіргі Мақат ауданындағы Таскешу керуен сарайы. Осыған ұқсас ғимараттар құландысы И.Герберге Жем өзенінің бойында да кездеседі.

Дегенмен, Жылыой жеріндегі үлкен ескі қаланың қирандысын әскери тыңшы қазіргі **Үшқан ата қорымына** жеткенде кездестіреді. Оның сипаттауы бойынша сол кезеңде қалашықтағы үйлердің іргетасы көрініп жатқан және оның қасында үлкен қабырғалары мен жертөлелері қызыл кірпіштен қаланған керуен-сарай болған. Қаланың орталығында үлкен бассейн мен тұщы су көзі бар бұлақ, бір бөлігінде үлкен қорым орналасқан. И.Гербер ол қорымда «Мұхамед әмір» дегеннен басқа сөз жоқ дей келе, қала мен қорым мұсылмандардікі деп болжайды. Ең бастысы, қорымдағы бір қабірдің керуенде болған бұқарлық, хиуалық және татар саудагерлері үшін киелі болғандығын есіне алады. Олардың айтуынша ол киелі қабірде Үшқан ата жерленген. Тыңшы оның қабіріне керуенде болған саудагерлер ақша немесе өзге де заттарды садақа ретінде тастап, кешкісін көп от, яғни, шырақ жаққанын көреді.

XVIII ғасырдың екінші ширегінен бастап жоғарыда аталған киелі орын **Сарайшық туралы** мәліметтер монографиялық еңбектерден де көрініс табады. Солардың бірі П.Рычковтың 2-бөлімнен тұратын «Орынбор топографиясы» жинағы. Автор Сарайшықты Ұлы қаланың белгісі деп, сол кездің өзінде шатырлар, яғни, мазарлар тұрғандығын, олардан қабір мен сүйектердің шығып жатқанына қарап, бұл жерде атақты адамдардың зираты болған деп топшылайды. Сондай-ақ, Гурьев қаласын тұрғызу барысында Сарайшықтан қызыл кірпіштер тасылғанын және «қазірдің өзінде жергілікті казактар үйдің пешіне, өзге де құрылыстарға қажетті кірпіштерді аталған зираттан қазып алады» деп жазды.

П.Рычковтың еңбегі жарыққа шыққан соң көп кешікпей Сарайшық қалашығына П.Паллас бастаған академиялық экспедиция ат басын бұрады. Ол 1769 жылдың 22 тамызында Сарайшық қалашығының қирандысын өз көзімен көріп, төмендегідей деректер келтіреді:

«...Қалашықтың дуалы мен оры әлі де көрінеді, қоршауының көлемі 5 верстке дейін жетеді. Дуалдың ішінде тас құрылыстардың іргетасы мен үйінділері бар, соған қарап қалада ақсүйектердің үйлері болған деп қорытындылауға болады. Құрылысқа қолданған кірпіштер мықты және ұзаққа төзімді етіп жасалған. Мұнда кірпіштен салынған бейіттер өте көп, олардан кейде айтуға тұрарлықтай заттар табылуда».

Сондай-ақ, П.Паллас Сарайшықтан кейін Гурьев қаласына келіп, оның батысында 2 верст қашықтықта кішкене гипсті қырат бар және ол жерде әулие жерленген деп топшылайды. «Өйткені, қазақтар ол жерді киелі деп санайтындықтан, оған қайтыс болған туыстарын жерлеп кетеді екен» деп топшылайды ол. П.Паллас көрсеткен бұл жер қазіргі қаланың шетіндегі «Ноғай моласы» қорымы деп есептейміз. Себебі, тарихи деректерге сүйенсек, қазіргі қала аумағында орыс патшалығы алғашқы бекініс қаланы 1595 жылы тұрғызғанымен де, кейін Үлкен Ноғайлардың өтініші бойынша, яғни ол жерде татарлардың қорымы болғандықтан бұзылған деп көрсетіледі.

Осы тұста Атырау жерінде ортағасырларда пайда болған қорымға Ноғай моласымен қатар, қазіргі Сарайшық қалашығының аумағы мен қалашық шетіндегі ескі зираттар және **Таскешу керуен сарайының** жанындағы бейіт пен Үшқан ата қорымы да кіретіндігін айта кеткен жөн.

Облысымызға танымал киелі жерлердің бірі — **Ақмешіт пен Құлшан ата жер асты мешіті**, сондай-ақ, Бақашы мен Қарашүңгіл қорымдары Жылыой өңірінде орналасқан. Олардың ішінде алғашқы үшеуі туралы деректі біз 1851-1852 жылдары Жем өзені мен Үстірт аралығында топотүсірілім жасаған топограф Алексеев жазбасынан көреміз.

Топограф жазбаларының құндылығы сол, ол өз көзімен көріп, жергілікті қазақтардан жазып алған аңыз әңгімелерден тұрады. Сондай-ақ, ол аталған мешіттерді сипаттап ғана қоймай оның суретін де салған. Топограф Ақмешіт пен Құлшан қорымдарын ақ борлы қыратта орналасқандықтан табу қиын екендігін еске алады. Ақмешіт қорымындағы жер асты мешіті Бекет ата қайтыс болған соң, қараусыз қалған секілді. Себебі, топограф оған «қасқырдың үңгіріне ұқсас, адам әзер өтетін саңылау» арқылы кірген. Одан әрі топограф мешіттің үстінде бордан үйілген екі-үш төмпешікке қарап, ол қайтыс болған қазақтардың қабірі деп топшылайды. Себебі, үйіндіге бірнеше ағаш сырықтар қадалып, оған киімнен жыртып алынған шүберектер мен жылқының қылы байланып, сүйектер үйілген. Топограф сипаттауының соңында бұл іс-

әрекеттің барлығы көшпелілердің киелі орынды құрметтеу бағытында жасалып отырған діни қадамы деп өз таңданысын білдіреді. Алексеев Бекет атаның өміріне қатысты көп аңыз-әңгімелер таралғанына орай, Ордадағылардың барлығы оны әулие санайды деп тұжырымдайды және ол 40 жыл бұрын (1811-1812 жж. — М.К.) Үстірттегі Оғыланды деген жерде жерленген деген жолмен жазбасын аяқтайды.

Алексеев өзінің күнделігінде өңірдегі келесі жер асты мешіті қазіргі Құлшан ата ескерткішін сипаттайды. Оның жазбасына сәйкес мешіттің атауы Ақмешіт-Құлшан. Топограф: «мешіт бір бірінен 7 сажен (14 м.) қашықтықта тұрған екі бөлімнен тұрады» дей келе, мешіт ішінде жатқан адам мүрдесін Бекеттің шәкірті болған Құлшандікі екендігін айтады.

Мақаланың соңында Жылыой ауданындағы киелі жер **Қарашүңгіл қорымына** қысқаша тоқталғанды жөн көрдім. Қарашүңгіл қорымы — тек әулиелі жер ғана емес, сонымен қатар, қазақтың тұңғыш мұнайы өндірілген тарихи орын. Осыған орай, бұл жер орыс зерттеушілерінің назарын өзіне ертерек аударған болатын. Соның бірі Д.Кирпичников 1874 жылы мұнай көзін іздеп Қарашүңгілге келіп оның жанындағы көлдің ортасындағы гипсті төбені қазақтар моланың үстіне төсеу үшін қолданатындығын және де бұл жердің әулие саналатындығына орай, көптеген мазарлар бой көтергенін жазады.

Осы тұста мына жайтты айтқан жөн. Қазіргі уақытта Қарашүңгілге келетіндер көлдің жиегіндегі үлкен қорымда темірмен қоршалып, «Қарашүңгіл ата әулие» деген тақта қойылған қабірге сыйынады. Дегенмен, Д.Кирпичниковтің жазбасына қарасақ және одан бұрынғы XIX ғасырдың орта тұсындағы карталарда Қарашүңгілдегі жалғыз әулиелі жер ретінде көлдің ортасындағы зират көрсетілген. Осыған орай, ұмытылған тарихи жадымызды қалпына келтіру үшін деректік маңызы жазбалар мен архивтік құжаттарды пайдалануға тура келеді. Себебі, Қазан төңкерісіне дейінгі дәстүрлі қазақ қоғамында болған ауызша тарих айту дәстүрін көрген және ұстанған құйма құлақ қарияларымыздың соңы өткен ғасырдың 60-70 жылдары о дүниелік болып кетті.

Мұхамбетқали КИПИЕВ,
Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының басшысы

СМҮК

«Атырау», №62-63, 13 тамыз, 2019 жылы

Бұл мекен – 1836-1838 жылдары болған шаруалар көтерілісінің басшысы Махамбет Өтемісұлының жерленген жері. Қарой – Атырау облысы, Индер ауданы, Индер кентінен оңтүстік шығысқа қарай 40 шақырым қашықтықта орналасқан жер атауы. Қазақ жазушысы Тәкен Әлімқұловтың «Қарой» әңгімесінің басты кейіпкері де Махамбет бабамыз болатын. Махамбет Өтемісұлы – халқымыздың азаттығы, тәуелсіздігі үшін күрескен батыр, рухты асқақтатар жырларымен мәлім ақын. Қазақтың батыры, дауылпаз ақыны туралы тарихи, әдеби зерттеулер том-том болып жазылды, деректі фильмдер де түсірілді.

Бекетай құмында дүниеге келіп, Қаройды мәңгілік мекен еткен Махамбет бабамыздың өмір сүрген кездегі тағдыры қандай қиындыққа толы болса, о дүниеде де бас сүйегінсіз 17 жыл жатуы – тарихи шындық. Жалпы, Ы.Шөреков, И.Кенжеалиев, Ә.Сараев, Х.Досмұхамедұлы, Н.Шаяхметов және басқа да ғалым, ақын-жазушылар зерттеген, бағасын берген ой-пікірлерге тоқталып өтейін.

Белгілі Алаш қайраткері Х.Досмұхамедұлы: «Махамбеттің өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. Өте қызу адам екен. Бағыт алған жағынан тайынбайтын ер екен. Исатай жұртты ақылмен, дәлелмен, түрлі әдіспен соңына ерткен адам болса, Махамбет көпті қыздырып, көңілін аударып ертетін адамның түрі болған. Махамбет мінезі сотқар, қалжыңқой, бетің-көзің демей, ойына келгенін айтып салатын батыл болған» деп сипаттайды. Ал, жазушы С.Мұқанов: «Махамбеттің тамаша, ірі адамгершілік қасиетінің біреуі – ол досына жанын қияды, досының дәрежесін өзінен жоғары ұстап, досының атақ-абыройын, жігер-қайратын өзінің алдына сала, өзінен жоғары көтере сөйлейді» деп бағалады.

Жазушы Б.Аманшин «Махамбет халық көңілінің тұнығындағы ең асылын – еркіндікті, теңдікті, жақсы тұрмысты аңсаған арманын, ата жауына деген қаны қатқан өші мен кегін, азаматтық антқа берік адалдығы мен арыстандай ерлігін көкке көтере мадақтады» деп жазды.

Жылдар өте Махамбет Өтемісұлының жерленген жері ұмытылады. 1958 жылы Орал өңіріне іссапармен барған Тайыр Жароков пен Қажым Жұмалиев «Орал өңірі» газетіне «Махамбеттің қабірін білетін жан бар ма?» деп сұрау салады. Осы сауал негізінде қабірді білетін Тайпақ ауданының тұрғыны Құрақ Бектұрғанов деген азамат шығады. Арғы атасы Бектұрған Тәшенге, Тәшен баласы Дінмұхамедке, Дінмұхамед баласы Құраққа Махамбеттің бейітін көрсетіп аманаттайды.

Дінмұхамед ақсақал Махамбеттің басына тобылғы қамшыны қайысынан айырып көмеді. Баласына тобылғының шірімейтінін ескертеді. Арада жеті жыл өткен соң, 1958 жылы табылады. Бұл Б.Аманшиннің «Махамбеттің тағдыры» кітабында да суреттелген. 1966 жылы антрополог ғалым Н.Шаяхметов қабірді қазып алып, бет-әлпетін жасаймын деп, 17 жыл жертөледе ұстайды. Тек 1983 жылы Махамбет бабаның басы



денесімен бірге қайта жерленеді. Алғаш рет ескерткішті 50-ші жылдары ақын Б.Аманшин, 1980 жылы Мәдениет министрлігінің Орал экспедициясы зерттеді. 1995 жылы Махамбет Өтемісұлының 190 жылдығына арнап батырдың жерленген жерінде биіктігі 12,2 метр болатын күмбезді мазар тұрғызылды. Ішкі бөлігінің қабырғаларына «теңсіздікке, әділетсіздікке қарсы Исатай бастаған халық қозғалысының жаршысы, жалынды жырды ту етіп ұстаған қаһарман ақын, ардагер азамат Өтемісұлы Махамбетке» деген ұрпақ сөзі және ақынның 11 шумақ өлеңі тасқа қашалып жазылған. Махамбет Өтемісұлының жерленген жерін қорғау үшін оған арнайы қорық-музей ашылған.

Қазіргі уақытта сол маңдағы Индер ауданына қарасты шаруа қожалықтарының мүшелері мазар жанына егілген жасыл желекті суарып, баптайды, мазарды күтеді. Қаройдағы Махамбет ескерткішіне облыс, әрісі республика көлемінен оқушылар, саяхатшылар, басқа да тұрғындар келіп тағзым етеді.

Жуырда Қызылқоға ауданындағы Қарабау орта мектебінің жас өлкетанушылары дауылпаз ақын, батыр Махамбет Өтемісұлының мәңгілік тыныстаған Қарой елді мекеніне барды. Туристік сапар «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында киелі орындар мен тарихи тұлғалардың өмір жолдарын, ерліктерін, елге сіңірген еңбектерін тереңірек білу, оны келешек ұрпаққа жеткізу мақсатында ұйымдастырылды.

Жас өлкетанушылар ақынның отты жырларымен, 1836-1838 жылдардағы шаруалар көтерілісінің тарихымен, зерттеуші-ғалымдардың еңбектерімен танысты. Мазардағы естелік кітапқа қолтаңбасын қалдырды.

Жылдар, ғасырлар өтсе де облыс көлеміндегі тарихи ескерткіштердің бірі де, бірегейі саналатын баба мазарынан бүгінгі ұрпақ тәуелсіздік аңсаған батыр, ақын бабаның отаншылдығынан өнеге алатындай.

«Жақсыдан жаман туады,
Бір аяқ асқа алғысыз.
Жаманнан жақсы туады,
Адам айтса нанғысыз»- деп ақынның өзі жырлағандай, киелі Қарой жері келер ұрпаққа да ой тастайтын, бағыт-бағдар беретін тарихи орындардың бірі болып қала бермек.

Гүлжан ТОҚМҰРЗИНА,
Қарабау орта мектебінің
тарих пәні мұғалімі,
Қызылқоға ауданы

«Атырау» газеті, № 66, 23 тамыз 2019 жылы

Мәжіліс депутаттары ел ішінде

Сарайшықты сақтау – ортақ міндет

ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Серік Сейдуманов Махамбет ауданындағы Сарайшық музей қорығының жауһар жәдігерлерімен танысты.

Сапар барысында депутат Мәжіліс сессиясында мақұлданған заңдар мен құжаттар туралы тұрғындарға түсінік берді. Көне шаһарда жүргізіліп жатқан қазба жұмыстарын көрді. Ескі қалашық орнында қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан жоғары оқу орындарының студенттері мен ғылыми қызметкерлермен пікірлесіп, оларды толғандырған сұрақтарға жауап берді.

«Біз бүгін тарихи орын, Алтын Орданың астанасы – Сарайшыққа келіп тұрмыз. Бұл – қазақстандықтар үшін киелі жер. Сонымен қатар, археологиялық қазба және қайта жаңғырту жұмыстарына бар күш-жігерімізді салуымыз керек» - деді Мәжіліс депутаты Серік Сейдуманов.

«Сарайшық» тарихи-мәдени музей қорығының директоры Әбілсейіт Мұқтардың пікірінше, бұған дейін Сарайшықтың картасы болған жоқ. Атыраудағы ескерткіштерді қорғау мекемесінің басшысы М.Кипиев 2017 жылы Мәскеуден 1861 жылғы картаны тапты. Сол бойынша Сарайшық қаласы Жайықтан бір шақырым қашықтықта болған екен. Ал, 1730 жылы Гербер келген кезде шаһар мен өзен аралығы бес шақырым болған.

Мәжіліс депутаты С.Сейдуманов көне Сарайшықтың тарихи орнын әлемдік туризм картасына енгізу үшін республикалық бюджеттен жүйелі түрде қаржы қарастыруды министрлікке депутаттық сауал ретінде жолдауды көздеп отыр.

Бақытжан ХАМИТҰЛЫ,
Махамбет ауданы

14 қазан, 2019 жылы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Жошы ұлысының жоғалған шаһарлары

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ұйымдастырған халықаралық ғылыми-зерттеу экспедициясы жақында Алтын Орда астаналарын автокөлікпен аралап шықты. Сарайшықтан басталған сапар бүгінде Ресей Федерациясы аумағында жатқан ортағасырлық көне шаһарлар орнымен жүріп өтті.

Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

«Жошы ұлысы астаналары Сарайшық – Сарай-Бату – Сарай Берке қалалары ізімен» деп аталған халықаралық экспедиция жобасының авторы – «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры, тарих ғылымдарының докторы Әбілсейіт Мұқтар екен. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Алтын Орданың 750 жылдығын атап өту туралы» бастамасымен үндес келген жобаны Атырау облысы кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы қолдап, бір топ ғалым, өлкетанушы және журналистер 2 мың шақырымға таяу жол жүріп қайтты.

Сарайшық

Сарайшық туралы бізге жеткен алғашқы жазба деректі қалдырған – арабтың белгілі географ-ғалымы, саяхатшысы Ибн-Батута. Ол өз саяхаттарының бірінде 1334 жылы Алтын Орданың бас қаласы «Үлкен Сарайдан» (Сарай-Берке) шығып, Сарайшық қаласы арқылы Азияға өткен. Бұл жөнінде: «Біз Сарай қаласынан ат жеккен арбамен оң күн жол жүріп, Сарай-жук қаласына жеттік. Бұл Ұлысу деп аталған үлкен, терең, ағысы қатты өзеннің жағасындағы гүлденген әсем қала екен және дүние жүзіндегі Бағдаттан кейін екінші жүзбелі көпір осында екен» деп жазған.

Сарайшық Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі Ноғай ордасының, кейін Қазақ хандығының астанасы болды. 1999 жылы 3 қыркүйекте «Сарайшық» музей-қорығының ашылуына қатысқан Президент Н.Назарбаев: «Бұл қала Қасым хан билік құрған тұста Қазақ хандығының астанасы болды. Сарайшық топырағы қасиетті, өйткені иісі бүкіл түркі әлеміне ортақ Алтын Орда хандары – Тоқта, Жәнібек, Бердібек, ноғайлының билеушісі – Оқас, одан бергі Қасым хан сияқты атақты хандарымыз бен батырларымыздың жаны осында мәңгілік жай тапқан жер, оны еліміздің алғашқы пантеоны десек те болады» деген еді.

Ресейдегі сапар Астрахань облыстық тарихи-өлкетану музейінен басталды. Мұндағы «Көшпенділер алтыны» атты экспозиция музей ғимаратының жертөлесінде орналасқан екен. Қалыңдығы бір қарыс темір есіктер, әскери күзет, әр бұрышта қадалған бейнекамера, «Суретке түсіруге болмайды!» деген қатаң талап мұндағы жәдігерлердің құндылығын еселей түскендей. Қалың әйнектің ар жағына қойылған жәдігер саны көп емес, бірақ қайталанбайтын ерекше бағалы заттар екен. Негізінен сақ-сармат заманына тиесілі бұл бұйымдар бізге жақсы таныс. Астрахань музейінен Алтын Орда кезеңіне қатысты толымды дүние көре алмай аттандық.

Сапарымыздың келесі нүктесі – Лапас деп аталатын село маңындағы ортағасырлық көне қорым болатын. Іздегенімізді картамен іздеп, мал баққан қойшыдан сұрап, әрең таптық.

Үлкен-үлкен төбелерде ертеректе археологиялық қазба жұмысы жүргізілгені байқалады. Күйдірілген және шикі кірпіш сынықтары, керамика, түрлі-түсті мозайка сынықтары шашылып жатыр. Лапас кесенелер кешені Ресей мемлекетінің қорғауына алынғандығы туралы ескерту белгі ғана бұл жерде тарихы құнды ғимараттар болғанын әйгілеп тұр.

– Кеңестік тарихшы Б.Л.Егоровтың болжауынша, Берке, Өзбек, Жәнібек және Бердібек хандар осы жерде жерленген. Дегенмен, Қадырғали би «Тоқты мен әз-Жәнібек хан Сарайшықта жерленген» деп нақты көрсеткен. Сондықтан Алтын Орда хандарының қайсысы қай жерде жерленгені туралы ғалымдар әлі толық тұжырым жасаған жоқ. Біздің мақсатымыз – тарихи орынды көзімізбен көріп, өзге де орындармен салыстыру болатын. Әрине көне деректерде бұл жерді «Билеушілер алқабы», «Ақсарай» деп атағаны белгілі. Сондықтан бұл орында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыру күн тәртібінде тұр. Менің білуімше бұл жерде 1950 жылдардың соңында археологиялық қазба жұмысы болған, 5 кесене анықталған, – дейді экспедиция жетекшісі, тарих ғылымдары-

импорт бұйымдар көп табылады, бұл әлемнің әр тарапымен жалғасқан сауда байланыстарының белгісі. Өзен жағасына жақын кыш шеберханалары көп кездеседі. Е.Пигарев оны үлкен өндіріс, алып фабрика болған деп есептейді.

– Бұл жерде 1965 жылдан бері қазба жұмыстары жүргізілген. Біз қазір жаңа тәсілге көштік: жерді қазбаймыз, ғарыштан зерттейміз. Мұндағы әр төбе – қоғамдық мекемелер – мешіт, медресе, керуен сарай, ақсүйектердің сарайлары болған орындар. Қала түгел бұзылған. Ел аузында Тоқтамыс пен Әмір Темірдің шайқасында қираған деп айтылады. Бірақ 50 жылдан аса қазып келеміз, мұндағы бірде-бір ғимараттан әскери іс-қимылдың, соғыстың ізі кездеспеді. Жазба деректерге қарағанда шаһар XVI ғасырдың соңына дейін тұрған. Қаланың бұзылуына жалғыз себеп – Астрахань хандығы құлап, орыс жеріне өтуіне байланысты Иван Грозный Астраханьда кірпіш бекініс тұрғызуға жарлық берген. Сөйтіп бұл қаладағы ғимараттар бұзылып, кірпіші алынып, өзен арқылы салмен төмен қарай жіберілген. Сөйтіп Астраханьдағы орыс Кремлі тұрғызылған. Сарай шаһарының жер бетінен жойылуының жалғыз себебі осы. XIX ғасырдың ортасына дейін шаһар орнындағы кейбір ғимараттардың ізі сақталғанын Ауэрбах, т.б. саяхатшылар

Волгоград – Мамай қорғаны – Сарай Берке

Біз түнеп шыққан Харабали ауылы мен Волгоград қаласының арасы 300 шақырымға жуық. Жолы да жақсы.

Біз алдымен бас тіреген Волгоград облыстық өлкетану музейі қазақстандық экспедиция мүшелерін өте жылы қарсы алды. Музей директоры Анатолий Мальченко үлкен құрмет көрсетіп, Волгоград қаласы, облыс тарихы жөнінде тағылымды әңгіме айтып берді. Сарайшық музей-қорығының директоры Әбілсейіт Мұқтар арнайы әкелген сыйкәдесін тапсырып, музейлер арасында байланыс, іскерлік қарым-қатынас орнады.

Айта кетейік, Волгоград өлкетану музейі Ұлы дала тарихына ат шаптырым екі залын арнаған екен. Соның бірі – Алтын Орда залы. Ортағасырлық Жошы ұлысы тұрғындарының тұрмысы, салт-дәстүрі, киімі мен қару-жарағы, тіпті дәстүрлі ойындары туралы көп мәлімет алдық.

– Сіздерге, қазақтарға мұның бәрі таңсық емес қой, – деп әзілдеп қоямды музей экспозициясын таныстырып жүрген қызметкер.

Ашылғанына бір ғасырдан асқан Волгоград музейінің тәжірибесі Сарайшық музей-қорығы үшін де өте пайдалы болатынын экспедиция жетекшісі

келісімшартқа отырамыз, – деген еді Әбілсейіт Қапизұлы. Бес күндік сапар осы мақсатына толық жетті.

Ресей жеріндегі кездесулер нәтижесінде Сарайшық музей-қорығы Алтынжардағы Құрманғазы мәдениет орталығымен, Астрахань және Волгоград облыстық өлкетану музейлерімен әріптестік туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Ғалымдар арасында байланыс орнады. Жоғарыда айтылғандай, Сарайшық музей-қорығы директорының орынбасары, көне Сарайшық орнында көп жылдан бері археологиялық қазба жұмысын жүргізіп келе жатқан Айбек Тұрарұлы ресейлік археологтардың тәжірибесімен тікелей танысты. Мұның бәрі алдағы уақытта жемісін берері сөзсіз.

Қазақстандық экспедиция құрамында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор Нәсіпқали Сейітов, тарих ғылымдарының докторы Сайфолла Сапанов пен Аққали Ахмет, Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, суретші Отарбай Кеңлір, Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің географ ғалымы Ақан Тұрғанбаев және басқалары болған еді. Ғалымдар осы

Бил Сарайшық музейінің құрылғанына 20 жыл толды. Ал 2018 жылы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің №162 қаулысына сәйкес осыған дейін Атырау облыстық «Хан Ордалы – Сарайшық» мұражай қорығы республикалық статус алып, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» атанды.

Соңғы өзгеріс ортағасырлық Сарайшық шаһарының тәуелсіз Қазақстан тарихындағы жаңа белесі деуге болады. Музей-қорықты соңғы бір жылдан бері басқарып келе жатқан белгілі тарихшы, Қазақ хандығы тарихы бойынша танымал маман, тарих ғылымдарының докторы Әбілсейіт Мұқтар көне қаланы түлетудің кешенді жоспарын жасаған. Жошы ұлысы астаналарының басын қосқан бүгінгі ғылыми экспедиция да осы жоспардың бір парасы десе болғандай.

Айта кетейік, бұған дейін Алтын Орда астаналарын бір-бірімен байланыстыра зерттеген мұндай экспедиция болмаған екен.

Астрахань – Лапас – Сарай Бату

Аталарымыз Қәжы Тархан атаған Астрахань қаласы Атыраудан алыс емес. Кедендегі кедергі және ең бастысы қазақстандық жол бөлігінің өте сапасыздығы болмаса, 370 километр дегеніңіз 3-4 сағатта зыр етіп өте шығатын қашықтық қой. Амал не, әзірге таңнан кешке дейінгі уақытты алатын Сандыбадтың сегізінші сапары болып тұр...

Сарай Бату – өз заманында әлемнің кіндігі, Алтын Орданың астанасы болған шулы шаһар. Бүгінде Ресей Федерациясындағы Астрахань облысы аумағында жұрты жатыр.

Атыраудан ала таңмен шыққан делегация көз байлана Астрахань облысы Володар ауданы Алтынжар ауылына бас тіреді. Мұнда ұлы күйші Құрманғазы Сағырбайұлының кесенесі тұр. Қазақстанның батыс өлкесіндегі бірнеше облыстың күшімен салынған «Құрманғазы» өңірлік мәдени орталығы Ресей жеріндегі қазақы арал десе болғандай. Алтынжар ауылында түгелге жуық қазақтар тұрады екен. Тіпті Володар ауданы тұрғындарының басым бөлігі де өз қандастарымыз. Орталық басшысы Амангелді Әбілғазиев, орынбасары Светлана Әлібекова қазақстандық делегацияны құрметпен қарсы алды.

...ның докторы Әбілсейіт Мұқтар.

– Лапастағы хан кесенелерін біз де біраздан бері зерттеп жүрміз. Бұл – әлемдік маңызы бар ғажайып ескерткіштер. Зират аумағы өте үлкен, қабірлер өте көп, магнитті түсірілімдер мұнда көлемді кесене құрылысының қирандысы жатқанын көрсетіп тұр. Әзірге ғарыштан дистанциялы зондтау әдісімен зерттеп жатырмыз. Үлкен зираттар – әулет қорымы болуы мүмкін. Қай хандар жерленгені нақты белгісіз. Ол жерде әзірге қазба жұмысы жүргізілген жоқ. Менің ойымша бірден музейге айналдырып, қалпына келтірілмесе, қазу қажет те емес. Жай ғылыми қызығушылықпен қабірді қазып тастау дұрыс емес деп есептеймін. Адамзат тарихында орны бар ұлы адамдардың мәңгілік тұрағының тыныштын алмау керек қой, – дейді бізге кейін Сарай Бату қаласының орнында кездескен ресейлік белгілі археолог, Марий мемлекеттік университеті археологиялық-этнологиялық орталығының басшысы Евгений Пигарев.

Харабали ауданындағы Селитренный ауылы тұсындағы төбе басында жолыққан Евгений Михайлович бүгінде Сарай Бату аталып кеткен көне шаһардың орнын көп жылдан бері қазып, зерттеп жүрген маман екен. Алтын Орда астанасының тарихы туралы өте қызықты деректер айтты.

– Бірден айтайын, қазір қолданылып жүрген Сарай Бату, Сарай Берке атаулары XIX ғасырда, XX ғасырдың басында шыққан, халықтық атау десе де болады. Сіздер келіп тұрған бұл шаһардың ғылымдағы аты – Сарай немесе Сарай әл-Жәдид. Мұның бәрі археологиялық қазба кезінде табылған монеталардың жазбаларымен нақты дәлелденеді. Менің ойымша Жошы ұлысының алғашқы астанасы Сарай әл-Махрус немесе Ақсарай сәл төменіректе. Ол шағындау шаһар болған, – дейді ғалым.

Е.Пигаревтің пікірінше, Сарай әл-Жәдид немесе Жаңа Сарай Өзбек ханның реформасынан кейін дүниеге келген. Мұнда әуелі хан ордасы тұрған, біртебірте өсе берген. Бұл жер қазір әлемдегі ең үлкен археологиялық кешеннің бірі, 2061 гектар аумақ мемлекет қорғауында. Қала өзен бойымен 7 шақырымға, жазыққа қарай 2 шақырымға дейін созылып жатыр. Ғарыштан қарағанда үлкен ғимараттар, орталық керуен сарай, көше іздері анық байқалады. Мұнда

жазып қалдырған, – дейді орыс археологы.

Алтын Орда тарихы бойынша танымал ғалыммен қазақстандық делегация жетекшісі Әбілсейіт Мұқтар бірнеше мәселе бойынша сұхбат құрып, пікір алмасты.

– Біз Сарайшықты Алтын Орданың рухани астанасы болған деп санаймыз. Өйткені Алтын Орданың мемлекеттік діні – Ислам дәл сол Сарайшықта жарияланды. Сарайшықта Алтын Орда хандарының, ноғай билерінің және қазақ хандарының пантеоны болды. Сіз бұл тұжырымға қалай қарайсыз? – деді Әбілсейіт Қапизұлы.

– Әрине, ол дұрыс. Сарай әл-Жәдид – мемлекеттің өндірісті астанасы деуге болады. Үлкен өндіріс, фабрикалар, сауда орталығы осында болды. Алтын Орданың әр қаласы өзінше бір міндет арқалаған, өзіндік ерекшелігі болған. Сарайшық – ұлыстың шығысындағы кеден қала. Хан ұлысына кірер ауыздағы қақпа десек болады. Қазіргі Саратов түбіндегі Үкек қаласын – ұлыстың солтүстік астанасы, Солтүстік Кавказдағы Маджар шаһарын – мемлекеттің батыстағы орталығы десек жарасады, – дейді Евгений Пигарев.

Көне шаһар орнындағы кездесу бізге өте пайдалы болды. Нақты қазба орындарын да аралап көрдік. Бұл жердегі археологиялық зерттеу жұмыстарына қазақстандық студенттерді тарту мәселесі де талқыланды. Әбілсейіт Мұқтар Ресей археологын Сарайшыққа шақырды. Алтын Орда тарихын Қазақстан мен Ресей ғалымдары бірлесе зерттегенде ғана көп нәтиже, дұрыс тұжырым болады дегенге екі тарап та келісіп отыр.

Айтпақшы, осы күні біз режиссер Андрей Прошкиннің «Орда» фильмі түсірілген макет қаланы да аралап көрдік. Фильм оқиғасы ортағасырлық Сарай Бату қаласында өткен, сондықтан түсірушілер үш айдан аса уақыт осы қалашықты арнайы салып шығыпты. Бір қызығы, кино түсірілімі аяқталған соң макет қала туристік нысанға арналған. Алыс-жақыннан келген туристер ортағасырлық ғимараттар фонында суретке түсіп, қарық болып қалады екен. Тарихи орындардың туристік тартымдылығын арттыру үшін осындай құрылыстар қажеттігін көңілге түйдік. Әбілсейіт Қапизұлының айтуынша, Сарайшықта да болашақта мұндай құрылыстар қолға алынбақ. Қазірдің өзінде арнайы жер бөлінген.

Әбілсейіт Мұқтар жиі айтады. Шынында да Құдай қосқан көршіміз Ресей Федерациясы мен Қазақстан арасындағы түйісу нүктесін, ортақ тарихты Ресей империясының отарлық езгісінен, кеңестік кезеңнен, Ұлы Отан соғысынан емес, сонау Алтын Орда кезеңінен бастау қажет сияқты. Бірақ өкінішке қарай Ресей мемлекеттік саясатында Алтын Орда тарихына самарқаулық, салғырттық басым екендігін орыс ғалым-археологтарының өздері мойындайды.

Волгоград музейінен шыққан соң біз Мамай қорғанына тарттық. Бүгінде Ұлы Отан соғысы, Сталинград шайқасына арналған алып кешен орналасқан төбенің атауы – Алтын Орданың әйгілі беклербегі Мамай ханның есімінен шыққан. Кейбір деректерде бұл жерде Мамайдың бекінісі, қарауыл төбесі тұрған десе, кей деректе 1380 жылы Мамай хан осында жерленген делінеді. Бірақ ол жайында қазір еш белгі таппадық. «Отан Ананың» семсерін көкке созған алып мүсіні реставрациядан өтіп жатыр екен. Ресей келер жылы келетін жеңістің 75 жылдығына қауырт дайындықты бастап кеткен.

«Жошы ұлысы астаналары Сарайшық – Сарай-Бату – Сарай Берке қалалары ізімен» деп аталған халықаралық экспедиция бұдан кейін Волгоград облысы Ленин ауданына қарасты Царев селосы маңындағы ортағасырлық Сарай Берке қаласының орнына тартты. Әркімнен сұрап, жабыла іздеп жүріп көне шаһардың орнын әрең таптық. Өте күтімсіз қалған, көңіл құлазытатын көрініс екен. «Федералдық деңгейде қорғауға алынған мәдени мұра нысаны» деген белгіні де біреулер қиратып кетіпті. Жергілікті тұрғындардың айтуынша сенбі-жексенбі күндері мұнда алыс-жақыннан металл іздегіш аспаптары бар «туристер» қаптап келіп, тапқан заттарын алып кете береді екен. Қала орнында күрек іздері, қираған кірпіш сынықтары осыны дәлелдеп тұрғандай...

Бес күндік сапардың жемісі

– Экспедиция мақсаты – Жошы ұлысы – Алтын Орда тарихындағы астаналардың орнында ғылыми-зерттеулер жүргізу. Осы сапарда Астрахань, Волгоград музейлерімен бірлесіп жұмыстар атқару үшін келіссөздер жүргіземіз. Атырау облысы бойынша туризмді дамыту үшін тур компанияларымен

сапар нәтижесінде Жошы ұлысының астаналары Сарайшық, Сарай Бату және Сарай Берке қалалары орналасқан аймақтың географиялық ерекшеліктері мен ұқсастығы туралы тұжырым жасамақ.

Осы сапардың тағы бір үлкен жемісі – Сарайшық музей-қорығы мен Ресей туристік компаниялары арасында жасалған әріптестік туралы меморандумдар дер едік. Еліміздің туристік әлеуетін дамыту мәселесі күн тәртібінде тұрған осынау шақта мұндай әрекет ауадай қажет.

Айта кетейік, осы күндері «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығын туристік орталыққа айналдыру мақсатында Астрахань облысында орналасқан «Дария-ТУР», «Актив-ТУР» атты туристік агенттіктерімен өзара ынтымақтастық жөнінде келісімшартқа қол қойылды.

– Бұл халықаралық экспедицияның бір мақсаты – Қазақстанның киелі орындарын, туристік нысандарын насихаттау, шетелдік туристерді елге тарту болатын. Келісімшартқа сәйкес, болашақта Сарайшық музейі мен «ресейлік туркомпаниялар екі ел аумағында экскурсия, экспедиция және ғылыми конференцияларды бірігіп ұйымдастыратын болады, – дейді Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры Әбілсейіт Мұқтар.

P.S. *Тарихи шаһарлардың топырағына табан тигізген бес күндік сапарымыз осылай аяқталды. Тобымыздың ақсақалы, жасы 75-тен асқан Нәсіпқали ағамыз ақжүрек ақын да екен. Жол бойы көрген-білген жайттардан әсерленіп, бірнеше өлең жазды. Соның бірінде:*

Кесенелер көмілген топыраққа,
Аталардың, алайда, аты – хатта...
...Бұл төбешік астында хандар
жатыр –
Даңқы кеткен жарты әлем –
атырапқа!

...Алтын Орда – тегіміз.
Мақтанамыз.
Сан алуан тарихы – жатқан аңыз.
Біз – Берке мен Өзбектің ұрпақтары,
Баба есімін ертеңге ап барамыз!
– деп жырлаған екен.
Бұған алып-қосарымыз жоқ.

САРАЙШЫҚ – САРАЙ БАТУ – САРАЙ БЕРКЕ

«Атырау» газеті, №82, 18 қазан 2019 жылы

ХАНДАР ПАНТЕОНЫ

немесе көне шаһарда кім жерленген?

Бүгінде Жошы Ұлысы-Алтын Орда тарихындағы шешімін таппаған мәселенің бірі – Сарайшықтағы пантеон және онда жерленген ел билеген тұлғалар тарихы. Бұл пантеон 1475 жылғы венециялық монах Фра Мауроның картасында Жайықтың оң жағалауына салынған екен. Итальяндық картограф оны күмбезбен белгілеп, «Билеушілер қабірстаны» деп анықтайды.

Фра Мауро картасындағы деректі XVIII ғасырдағы П.Рычков, П.Паллас, XIX ғасырдағы А.Левшин, 1861 жылғы топограф А.Алексеевтің еңбектері кеңірек тарқатады. Оларды саралап, Сарайшықта алғашқы кешенді археологиялық қазба жүргізген саратовтық археолог Н.Арзютов өзінің ғылыми есебінде зерттеу барысындағы міндеттерін анықтай келе: «Алтынорда хандарының жерленген жері», 1950 жылы археолог Г.Пацевич Рашид-ад-дин, В.Бартольдтың еңбектеріне сүйене отыра, «Сарайшықта Жошы ұлысының астанасы және алғашқы Алтын орда хандарының жерленген орны болғандай» деп түйіндейді.

Дегенмен Сарайшық тарихын жазушылар онда жатқан біртуар тұлғалардың аттарын атамайды. Олай болса, XIX ғасырда өмір сүрген ақын Шынияз Шанайұлы Сарайшықта жерленген хандардың санын нақты неге сүйеніп жазды? Біз оны тарихи шындық ретінде неге сүйеніп қабылдадық?

Жазушы Әнес Сарай «Ноғайлы» еңбегінде жазғандай, ақын өлеңдерінің бірінші басылымында «Сарайшықта бар дейді, тоғыз ханның моласы» деген өлең жолдары қай уақытта 7 ханға өзгерген? Неліктен 1983 жылы кеңестік тарихшы В.Егоровтың Астрахан облысындағы Лапас елді мекенінде: «Бату хан және 4 мұсылман хандар Берке, Узбек, Джанибек и Бердибек жерленгендей» деген болжамы қабылданбады? Соған қарамастан бүгінгі Сарайшық музей-қорығындағы хандар кесенесінде жазылған Алтын Орданың үш ханы – Мөңке

Сұлтан Махмуд оғлан дегеннің қолынан қаза табады» деп жазған болатын.

Сарайшық Москваны бағындырған Тоқтамыс ханның да мәңгілік мекеніне айналғандай. Тоқтамыс Жошының ұлы Тоқай Темірден тарайтын Тайқожаның ұрпағы еді. Тарихшылар оның 1406 жылы

Болашақта жаңа деректермен Сарайшықта жерленген хандар тізімі толығады деген сенімдеміз.

Сарайшық Ноғай Ордасының да астанасы болғандықтан ноғай билерінің осында жерленгені еш талас тудырмайды. Дегенмен нақты кім жерленген, оны қандай деректер дәлелдейді деген сұрақтар көзі қарақты оқырманды қызықтырады. Орыс архивтерінде ол ту-

дейін Қасым хан ескерткіші сақталған.

А.Чулошников пікірін М.Тынышпаев: «Қазақ аңыз әңгімелері бойынша ол Сарайшықта жерленген», Әлкей Марғұлан 1950 жылы тамыз айында Сарайшықтағы археологиялық қазбадан соң: «Жазба қайнар көздерінен байқауымызша, XV-XVI ғасырлардағы тамаша сәулет ескерткіштері қазақ хандары Жәнібек пен Қасымханға Сарайшықта тұрғызылды... 1524 жылы Сарайшықта қазақ ханы – Қасымның қаза тауып, жерленгені қайнар көздерінен белгілі» деп дәлелдей түседі. Дегенмен Ә.Марғұлан осы бағыттағы зерттеулерін аяғына жеткізбеді. Оның Алтын орда тұлғаларын арнайы зерттеуі кеңестік билікке ұнамады. Соңында ғалым қудалауға ұшырап, Сарайшық бағытындағы зерттеулерін біржолата тоқтатуға мәжбүр болады. Ал, Ә.Марғұлан жазған қазақ ханы Жәнібектің Созақта жерленгені кейінгі жылдары анықтала бастады.

жазбайды. Соған қарамастан жоғарыдағы қазақстандық тарихшы-археологтар Мөңке Темір мен Бердібекті де Сарайшықта жерленгендер қатарына қосады. Әбілғазы

Түмен маңында Едіге бидің ұлы Нұрадынның қолынан өлтірілгенін жазғанымен, оның басының Сарайшыққа әкетілгенін нақтыламайды. Ал ол турасында аңыз-әңгімелер

расында әзірше дерек кездеспегенін ноғайтанушы А.Исин зерттеулері айғақтайды. Әнес Сарай «Ноғайлы» зерттеуінде «Ноғай билері мен мырзаларының

Темір, Тоқтағу, Жәнібек, Қазақ хандығының билеушісі Қасым, Ноғай ордасы билері Әмір Оқас, Шейх-Мамай, Жүсіп билер қандай тарихи деректе негізделген?

Осындай сан түрлі пікірлерге қарамастан 1999 жылы 3 қыркүйекте Сарайшықта хандар кесенесі ашылған кезеңде оны орнатушылар бір ортақ пікірге келгендей. Оның дәлелі тарихшы-археологтар З.Самашев, М.Қожа, Д.Талеевтің еңбектері. Олар Сарайшықта жерленген Алтын Орда хандарынан Мөңке Темір ханды (1266-1280), Тоқты ханды (1290-1312), Жәнібек ханды (1342-1357), Бердібек ханды (1357-1359), Тоқтамыс ханның басын, қазақтың Қасым ханын және Ноғай билері Едіге, Шейх Мамай, Жүсіп, эпикалық батырлар Ер Тарғын, Қамбарды көрсетеді. Ал, тарихшы М.Қасенов тізімге Ақ орда ханы Барақ ханды қосады.

Нақты тарихи деректерге сүйенсек тұлғалар арасынан Тоқты мен Жәнібек, Қасым хандар ғана талас тудырмайды. Өйткені, Қасым ханның Сарайшықта жерленгенін кезінде Н.Карамзин, В.Вельяминов-Зернов жазса, кейін кеңестік тарихшы А.Чулошников 1925 жылы атап өтеді. Оның жазуынша XVII ғасырдың басына

Тарихшылар сүйенген Сарайшық пантеоны туралы құнды ақпаратты XVII ғасыр басындағы Қадырғали Жалайыридің «Жылнамалар жинағы», XVII ғасырдың екінші жартысындағы Әбілғазының «Түрік шежіресі» және эпикалық жырларымыз береді. Қадырғали Жалайыри Қасым хан жөнінде: «Оның хикаясы әр жерде айтылады, сондықтан мәлім, мәшһүр болды. Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр» десе, Әбілғазы Алтын Орда хандары Тоқтағу хан «патшалық өмірі алты-ақ жыл болды, Сарайшық шаһарында жерленді», Жәнібек хан Өзбекұлын «ол он жеті жыл патшалық құрды. Сарайшықта жерленді» деп анық жазады. Дегенмен Әбілғазы еңбегін пайдаланған ресейлік тарихшы, ноғайтанушы В.Трепавлов Тоқтағу мен Жәнібектің Сарайшықта жерленгеніне күмәнмен қарап, «мүмкін ол Еділ бойындағы Сарай болуы мүмкін» деген қорытынды жасайды. Біздіңше ата-баба тарихына келгенде хан тұқымынан шыққан Әбілғазының қателесуі мүмкін емес және оның Сарай мен Сарайшықты жақсы айыра білетініне толық сенім білдіруге болады.

Қадырғали мен Әбілғазы өзге хандардың тікелей Сарайшықта жерленгенін еңбегінде Мөңке Темір туралы артық әңгіме болмағанымен, «Жәнібек хан өлгеннен соң Тебризден Бердібек хан Сарайшыққа келді», содан билікті қолға алғанын, «екі жылдан кейін 762 жылы опат болды» (б.ж.с. 1359 жылы — Ә.М.) деп түйіндейді. Ал, XVI ғасырдың ортасында түркі тілінде жазылған «Шыңғыс-наме» бойынша Бердібек хан: «Үш жыл ел биледі, Сарайда жерленді» дегенімен Сарайдың қай қала екенін анық жазбайды. Біз Әбілғазы дерегін негізге алып Бердібектің Сарайшықта хан болғанын алға тартып, Сарайшықтағы әкесінің жанына жерленуі әбден мүмкін деп түйіндейміз.

Соңғы жылдары татар ғалымдары аударған «Шыңғыс-наменің» жаңа нұсқасында қазақ хандарының атасы Барақ ханның Сарайшық маңында қаза тапқаны туралы құнды дерек береді. Дегенмен Барақ хан Моғолстанда өлтірілді деген де пікірлердің бар екенін айтуға тиіспіз. Егер ол Моғолстанда өлтірілсе, сонау батыстағы Сарайшыққа қалай әкелінеді? Тарихшы Н.Кенжеахмет: «Шахрухтың орда тарихшысы Абд ар-Разақ Самарқанидің (1431-1482) мағлұматы бойынша, Жәнібектің әкесі Барақ хан 1429 жылы Моғолстанда жетерлік. Оған негізгі дерек ретінде ноғай халқының «Едіге» жыры алынады. Біздіңше, жырдағы ақпаратқа толық сенуге болады. Өйткені, Нұрадын әкесі Едігенің кегін қайтарып, ханның басын көпке көрсету үшін ноғайлар қоныс тепкен Сарайшыққа әкелінуі заңдылық.

Жоғарыдағы деректерді негізге ала отыра, Алтын орда хандары Жошының Батуынан тарайтын ұрпақтары Тоқтағу Мөңке Темірұлы, Жәнібек Өзбекұлы, Бердібек Жәнібекұлы, Жошының Тоқай Темірінен тарайтын Тоқтамыс Тайқожаұлы, Жошының Орда Еженінен тарайтын қазақ хандарының атасы Ақ орда ханы Барақ Құйыршықұлы, Қазақ хандығының билеушісі Қасым Жәнібекұлы Сарайшықта жерленген деген қорытынды жасаймыз. Ал, Сарайшық кесенесіндегі Бату хан немересі Мөңке Темір Тұқанұлын археолог ғалымдар «осында жатыр» деп көрсеткенімен, оны айғақтайтын деректер әзірше сенімсіздеу. Ол тыңғылықты зерттеуді қажет етеді.

орыс патшалығына жазған хаттары мен қарым-қатынас жолдамаларында: «Жайықта біздің зиратымыз», «Жайықта, Жайықтағы Сарайшықта біздің ата-бабаларымыз жатыр» деп талай мәлімдеген. Тарихи оқиғалардың даму барысына қарағанда «Жаңбыршы, Мұса, Орақ, Мамай, Жүніс сынды тарихи тұлғалардың қабірлері осы Сарайшықта», ал кесенеде жазылған Шейх-мамайды «1549 жылы өз өлімімен өліп, Ор (Орск) бекінісі іргесінде, Ырғызға баратын қара сүрлеудің жиегіне жерленген» деп жазғанымен оны қандай деректен алғанын көрсетпейді. Ноғай билерінің ішінен атақты Едігенің де Сарайшықта жерленгені туралы жазылып жүргені белгілі. Бұл пікірге қарама-қайшы Едіге бидің мәңгілік мекені Ұлытауда, Ақтөбе жерінде, Маңғыстауда, Ресей Федерациясындағы Астраханның шығысында екенін жазып жүргендер де баршылық. Оларға енді эпикалық жырлардағы Ер Тарғын, Қамбар батырларды қосыңыз.

Бұл деректер ортағасырлық Сарайшықтың ел билеп, жауға шапқан тарихи тұлғаларының пантеоны екенін дәлелдегенімен оларды терең зерделеу қажеттігін айғақтайды. Ол тарихшылардың алдағы міндеті болмақ.

Әбілсейіт МҰҚТАР,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

● Ел аумағында Алтын Ордамен байланысты жазба деректөздер мен мәдени ескерткіштер аз емес.

Конференция

«ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ЖӘНЕ САРАЙШЫҚ»

Атырауда қазіргі заманғы тарихтағы Алтын Орданың рөлі, Еуразия аумағында болған ортағасырлық алпауыт мемлекет – Жошы Ұлысы тарихының беймәлім парақтарымен танысуға арналған «Жошы Ұлысы және Сарайшық» тақырыбында Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Жиынға Түркия, Германия, Ресей, Қытайдан келген және қазақстандық ғалымдар қатысты. Басқосуда ҚР ҰҒА академигі, «Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер институтының басшысы Хангелді Абжанов шараның маңыздылығына тоқталып, мұндай конференция Жошы Ұлысы (Алтын Орда) мемлекетінің қазіргі Қазақстан тарихындағы рөлін айшықтай түсуге жол ашатынын баса айтты.

Бұл жиын — Алтын Орданың мерейлі жылына арналған шаралардың бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында да Алтын Орданың 750 жылдығы атап өтілетінін айтқан болатын. Одан бұрын «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Ұлытау ұлтымыздың алтын бесігі, тағылымды тарихымыздың куәсі екеніне айрықша тоқталған еді. Сондай-ақ, Алтын Орданың негізін қалаған Жошы ханның тарихи рөлін де ерекше атағаны белгілі.

Президент Жолдауындағы осынау міндеттерді басшылыққа алған ғалымдар, тарих зерттеушілері Алтын орда кезеңінің Қазақстан тарихындағы орны, зерттелуі, тарихи мәні туралы баяндады. Ғалымдардың айтуынша, ел аумағында Алтын Ордамен байланысты жазба деректөздер мен мәдени ескерткіштер аз емес. Алтын Орда астаналарының бірі болған, Тоқта, Әз-Жәнібек, Жәнібек, Қасым хандар жерленген Сарайшық қаласын да ерекше атап өтуге болады. Сонымен қатар, осынау шараның да Атырау өңірінде ұйымдастырылуы тектен-тек еместігі айтылды. Бұл ретте жиынға қатысқан облыс әкімі Нұрлан Ноғаев мұндай кездесулердің тарихты тануға жаңа серпін беретініне тоқталды.

— Біз бүгінге дейін әртүрлі себептермен көпшілікке белгісіз болып келген деректерді білуіміз қажет. Бұл осы және басқа да тарихи оқиғаларға жан-жақты қарауымызға, геосаяси кеңістіктегі процестерді түсінуге жол ашады. Солар арқылы еліміздің дамуына негіз болатын маңызды шешімдерді қабылдауымызға мүмкіндік береді, - деді Нұрлан Асқарұлы.

Ал, қазақстандық және шетелдік зерттеушілер ұзақ жылдар бойы әртүрлі мемлекеттердегі музейлер мен архивтерде сақталған тарихи құжаттармен бөлісті. Жиынға қатысқан студенттер мен оқытушылар тарихи деректерді зерделейтін бірқатар құнды мәлімет алды.

Өз тілшіміз

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

На перекрестке стран и цивилизаций

←1

Одним из самых перспективных туристских объектов атырауского региона является древнее городище Сарайшык на северном ответвлении Великого шелкового пути, который вызывает наибольший интерес у туристов и путешественников. Ежегодно количество посетителей мемориального комплекса «Сарайшық» составляет от 12 до 15 тыс. человек. Но в скором времени, когда здесь построят полноценный туристический комплекс, поток, несомненно, увеличится.

Раскопки древнего городища ведутся еще со времен Союза. Недавно завершился очередной сезон археологических раскопок.

Как отметила директор Атырауского областного историко-краеведческого музея Рашида Харипова, обнаруженные в нынешнем году находки в очередной раз подтверждают, что Сарайшык – очень древний, с развитой экономикой населенный пункт, стоявший на пути многочисленных караванов, следовавших из Европы в Среднюю Азию и Китай. Так, например, найденный ключ, который выполнен в виде лошади, способен украсить любую экспозицию ведущих музеев мира.

Один из участников раскопок, заведующий сектором археологии историко-архитектурного музея-заповедника Астрахани Вячеслав Плахов подчеркнул, что о Сарайшыке известно очень мало, несмотря на обширные исследования этого памятника во второй половине XX века. Наряду с редкими сообщениями, дошедшими до нас из XIX века, весьма ценное описание оставил арабский путешественник Ибн Батута.

В 1334 году он писал в своих воспоминаниях, что «Сарайшык – самый крупный город в мире после Багдада. В центре стоит ханский дворец, в нем четыре мечети и много караван-сараев. Вокруг города высится крепостная стена высотою в 11 метров, толщина ее равна четырем метрам». Отметил путешественник и наличие у города моста через реку Жайык, по которому непрерывно с востока на запад и с запада на восток двигались караваны.

Наряду с этим при описании в исторической литературе фактов смены государственных систем всякий раз упоминается Сарайшык, который, видимо, имел не только важное экономическое, но и стратегическое значение.

– Все это исторические хроники, и нам теперь нужны реальные доказательства. Прежде всего хочется сказать, что Сарайшык имеет очень древнюю историю. Эта местность, ввиду удобного географического расположения, давно обжита людьми. Вот в текущем году мы опять обнаружили дом, в котором находилась архаичная керамика. Подобного рода керамика обычно изготавливалась в XII веке, – то есть тогда, когда здесь находились кипчаки. Также в нынешнем году мы нашли кусок зеркала – ему 2 тысячи лет. Такие же зеркала встречались и раньше, в начале 2000-х годов, в ходе раскопок, проводимых Зейнуллой Замашевым. Были также найдены каменные песты и наконечники стрел разных эпох, – рассказал Вячеслав Плахов.

По его словам, смена эпох, властителей и жестокие средневековые распри должны отчетливо отразиться на становлении, развитии и упадке Сарайшыка. Это и татаро-монгольское нашествие, и владычество хана Узбека (начало XIV века, на чей период приходится расцвет города), и противостояние ханов Тохтамыша с Едигеем, а также годы правления Касым-хана.

– Мы прослеживаем это по найденным предметам, по меняющейся системе планировки зданий, направлений стен, а также по особенностям имевшейся оборонительной системы, – отметил ученый. – В этом сезоне нами полностью раскопана боевая башня, часть стен и ров перед этими стенами и башней. Ров имеет ширину 5 метров, глубину 3–3,5 метра. Около башни был проход на территорию города. В месте нахождения прохода ров отсутствует.

Исследователи обратили внимание на большое количество захоронений на территории городища. О них, впрочем, было известно и ранее, находили погребения и в годы предыдущих раскопок. Но в этом сезоне было найдено около 800 погребений, произведенных различными способами (обрядами), коих насчитали порядка 20 видов, в том числе и склепов.

Как предполагает Вячеслав Плахов, в одиночных могилах могут быть похоронены представители самых разных народов, а в склепах могли хоронить людей на протяжении длительного времени и после разрушения Сарайшыка.

– Когда город пришел в упадок, дома развалились, то на них образовались большие курганы и для людей это место было сакральным, святым. По завещанию родственники привозили сюда усопших и хоронили, – высказывает версию ученый. – Добавлю, что несмотря на все войны, мы не встретили ни в одном погребении ярких признаков того, что тот или иной человек умер насильственной смертью. В текущем году встретили только одно погребение, где у человека в плече находился железный наконечник от стрелы. Это для нас пока загадка.

В ходе раскопок впервые, пожалуй, за всю историю исследования Сарайшыка был приглашен специалист-антрополог – Айкумис Раисова. По ее словам, средний возраст погребенных достаточно молодой – от 17 до 30 лет – и столь большое количество погребенных действительно пока является тайной.

– На сегодня говорить о конкретных результатах, ввиду недостаточного изучения индивидуумов, пока рано. Думаю, дальнейшие исследования позволят приоткрыть завесу, – резюмировала она.

Все найденные при раскопках предметы будут выставлены в историко-краеведческий музей одного из старейших в западном регионе.

На сегодняшний день в закромах музея более 100 тыс. ценных экспонатов. Каждый желающий может посетить музей и ознакомиться с историей не только региона и средневекового Казахстана.

Цены вполне доступны. Цена одного посещения для взрослых составит 200 тенге, для студентов и пенсионеров – 120 тенге, для школьников – 100 тенге. Да и для иностранных гостей цена не высока – всего 500 тенге.

Чуть больше стоит экскурсионное обслуживание. От 200 до 1 200 тенге, в 2 раза больше для иностранных посетителей. Для тех, кто захочет сделать фотографию или любительскую видеосъемку на память, есть свой прейскурант. От 1 тыс. до 6 тыс. тенге. Между тем в залах музея категорически запрещается фотографирование и видеосъемка отдельных экспонатов.

Также можно взять в аренду различные музейные предметы. К примеру, юрту с внутренним убранством (ковер, сундук, медный кумган, набор деревянной посуды, седло и конское снаряжение, различное оружие). За один день аренды придется заплатить 400 тыс. тенге. В зависимости от ценности вещей их можно арендовать от 1 тыс. до 6 тыс. тенге.

Ознакомиться с уникальной природой региона можно, отправившись в государственный природный резерват «Акжайык». Несколько лет назад были разработаны туристические маршруты – наземный, водный, специальный для детей.

Детский маршрут называется «Мир природы». Дети выезжают на автобусе из города в сторону села Дамба. Первая остановка – у осетроводного завода, там они узнают о работе уникального рыбоводного предприятия, побывают на тоневом участке. Затем маршрут пролегает по дамбе. Здесь можно увидеть разливы, окаймленные тростником и рогозом, лебединые семейства. Вообще маршрут проходит по границе двух ландшафтов: с одной стороны, это заболоченная равнина с влаголюбивыми растениями, с другой – сухие такыры. Гид расскажет об особо охраняемых видах птиц. Для наблюдения за птицами обустроена специальная смотровая площадка с биноклями и подзорной трубой. Здесь можно увидеть каравайку, большую и малую белую цаплю, серую цаплю, лебедя-шипуна, лысуху, чаек, чирков, степного жаворонка и других. На мониторинговой площадке гид ознакомит ребят с многообразием здешнего растительного мира.

Вторая часть детского маршрута проходит вдоль освоенных сельскохозяйственных земель с заездом в поселок Жанаталап. Здесь дети познакомятся с настоящим беркутчи, который расскажет им об особенностях соколиной охоты и покажет, как это делается на практике. Предусмотрено также посещение юрточного городка.

Наземный маршрут «Мир степи» протяженностью 34 км – уже для взрослых, он пролегает через поселок Еркинкала. На пути следования – садовый участок, юрточный городок, смотровая площадка и наблюдательная вышка. На этом маршруте мы хотим сконцентрировать внимание туристов на таких природных явлениях, как нагон, постоянное изменение водного режима Каспия. Гид расскажет об истории местности. На пути следования открываются живописные «лунные» ландшафты высохшего дна Каспия. Маршрут построен таким образом, что туристы после путешествия по бесплодной равнине оказываются на берегу канала, буйно поросшего растительностью. Здесь гнездятся птицы, можно увидеть кабанов, лис, зайцев.

Очень интересен маршрут «Водный мир» протяженностью 64 км. Путь лежит из Атырау на полуостров Пешной с выходом в Каспийское море. На 6-километровом отрезке от пос. Дамба до Пешного туристам предоставляется возможность увидеть типичные места обитания водоплавающих и околоводных птиц. На приморском канале они могут понаблюдать за рыбой и мальками. После небольшого отдыха в гостевом домике туристы с гидом пересаживаются на лодки и отправляются в увлекательное путешествие по водной акватории. Маршрут пролегает по рекреационной зоне «Водный лабиринт», здесь живописные пейзажи, острова тростников. Затем лодка движется по Каспию в восточном направлении, где находятся многочисленные колонии разных птиц.

Эта территория, внесенная в список водно-болотных угодий международного значения Рамсарской конвенции, стала местом концентрации более 240 видов мигрирующих птиц, из которых около 110 видов составляют группу водно-болотных, включающих 18 особо охраняемых видов. Кроме этого биосферный резерват стал местом гнездования около 70 водно-болотных птиц, из которых 8 видов относятся к особо охраняемым. А еще резерват – это пристанище колоний редкого вида птиц – кудрявого пеликана, численность которого достигает более 600 гнездящихся пар, что составляет 12% мировой популяции. Резерват обеспечивает существование большого количества редких видов водных и околоводных птиц, часть из которых здесь размножается.

26 видов обитающих или бывающих пролетом в этих уникальных местах птиц занесены в Красную книгу. Если повезет, то на морских островах или побережье Каспия можно встретить скопу, мраморного чирка, журавля-красавку. Это очень редкие птицы. А когда-то, по словам орнитологов резервата, здесь видели стерха. В природе их остались считанные единицы.

Но птицы – лишь часть природных богатств, которые увидит турист. На территории биосферного резервата 229 видов растений, здесь можно встретить 3 очень редких их вида. Это сальвиния плавающая, тюльпан Шренка и водяной орех казахстанский, больше известный у нас как чилим.

Для любителей природы и истории поездки в такие заповедные уголки Казахстана оставят немало впечатлений и положительных эмоций.

«Жайық шұғыласы» газеті, №44(6409) 1 қараша, 2019жылы

Саяхат

Сыр тұнған Сарайшық

Таяуда Қ.Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебінде «Ұланғайыр елімді мен танығым келеді» туристік –өлкетану жобасы аясында «Ел болашағы- «Жас Ұлан» тақырыбында өткен үшкүндік өткен еді.

Мектебіміздің 3 сынып «жас қырандарын» жетекшісі Г.Тлепиева бастап, «Шежіреге толы-туған жер» тақырыбында саяхат ұйымдастырды. Онда оқушыларды ескі Сарайшықтағы қазба жұмыстарына апарып, олар өткен ғасырдағы Алтын орда, Ноғайлы ордасының астанасы болған көне Сарайшық қаласының тарихымен танысты. Балалар сол бағзы замандағы қолдан жасалған қолөнер, тұрмыстық бұйымдар, ыдыс-аяқтар, көне жәдігерлер, әшекей заттар, қару-жарақтар сынықтарын өз көздерімен көріп, қолдарымен ұстап, алған әсерлерімен бөлісті. Мектебіміздің 9 сынып жасұландары тарих пәні мұғалімі Г.Аудановамен бірігіп, «Тарихым – терең тағылым» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Шарада Гүлзада апай оқушыларға ауылымыздың тарихын, көне Сарайшық қаласының Алтын орда, Ноғай хандығының ордасы болғанын, ежелгі қазақ хандығының астанасы Сарайшықтың тарихы туралы әсерлі әңгімеледі. Оқушылар топқа бөлініп, өз ойларын ортаға салып, постер қорғады. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы бойынша мектебіміздің 4 сыныптың «жас қырандары» 4 сынып жетекшісі Л.Бисенғалиева бірігіп, «Өлке тарихы-ұрпаққа мұра» тақырыбында ауылымыздың музейіне саяхат жасап қайтты. Оқушылар музейден ауылымыздың ежелгі тарихымен танысып, ежелгі араб жазбаларын, көне ыдыстарды, Сарайшықтағы қазба жұмыстарында табылған қару-жарақтарды, әшекей бұйымдарды көздерімен көріп, таң-тамаша болды.

А.АЙМАГАНБЕТОВА,
тәлімгер

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Біздің елдігіміз қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көктүріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп тәуелсіздікке ұласады», - деген Ұлытауда айтылған сөздерінде мемлекеттілік дәстүр сабақтастығының негізгі кезеңдері анық көрсетілген. Хан ордалары әр замандарда қасиетті де берекелі жерлерде тігілгені белгілі. Мысалы, киелі Түркістанда, ұлтты ұйыстырған Ұлытауда, жер жәннаты Жетісу мен Көкшеде, ерке сұлу Ақжайық бойында қазақ хандығының сән-салтанаты асқақтады. Ендеше туған ел мен жер тарихын білу – онда туып-өскен перзенттерінің қасиетті парызы. Сондай игі шаралардың біріне қатысу мүмкіндігі туған болатын.

750 ALTYN ORDA

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ АСТАНАЛАРЫНЫҢ ІЗІМЕН

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың «Алтын Орданың 750-жылдығын атап өту туралы» бастамасына сәйкес «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының [illegible]

[illegible] ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт Мұқтардың жетекшілік етуімен «Жошы ұлысы астаналары Сарайшық – Сарай-Бату – Сарай-Берке қалалары ізімен» атты халықаралық экспедициясына қатысушылар тарихымызда ерекше орын алатын, өз кезеңінде әлемге мәшһүр болған жоғарыда аталған ежелгі қалалар орнымен танысып қайтты. Экспедицияның мақсаты – Жошы ұлысы – Алтын Орда тарихындағы астаналардың орнында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу. Сонымен бірге осынау жаһандану заманында тәуелсіз еліміздің туристік әлеуетін дамыту мақсатқа өзекті мәселелердің бірі екендігін де басты на[illegible]

[illegible] Одан кейін «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының басшысы Ә. Мұқтардың жүйелі де жемісті еңбегінің нәтижесінде экспедиция жұмысы барысында Ресей Федерациясы Астрахан және Волгоград облыстық өлкетану музейлері және де Астрахан қаласындағы «Актив-Тур», «Дария-Тур» туристік агенттіктерімен әріптестік, өзара ынтымақтастыққа қол жеткізді. Экспедиция жұмысы барысында болашақ атқарылатын жұмыстар жөнінде де өзара пікір алмасулар да болды.

Тамыры терең тарих

Аталған экспедиция құрамында бір топ ғалымдар, музей қызметкерлері, «Егемен Қазақстан» газетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі Қазбек Құттымұратұлы, «Қазақстан» Ұлттық және «Хабар 24» телеарналарының Атыраудағы қосынының тілші-журналистері болды. Атап айтсақ, Индер ауданының Құрметті азаматы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының және салалық Қазақстан Республикасы Минералдық ресурстар академиясының толық мүшесі (академигі) Н.Сейтов, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «Мәңгілік Ел» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих [illegible]

А.Ахмет, осы университеттің «Атырау облысы тарихы, археологиясы және этнографиясы» ғылыми-зерттеу орталығы директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор С.Сапанов, Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі, профессор О.Кендір, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің географ ғалымы А.Тұрғанбаев, музей-қорық директорының орынбасары, археолог А.Тұрарұлы т.б. болды. Экспедиция құрамындағы ғалымдар сапар барысында Жошы ұлысының астаналары Сарайшық, Сарай-Бату, Сарай-Берке қалалары орналасқан аймақтың географиялық ерекшеліктері мен өзара ұқсастығы туралы ортақ тұжырымға келді. Айтпақшы, бұл жобаны Атырау облысы кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы қолдап, демеушілік жасаған.

Атыраудан ертелеп шыққан автобус көлігі қанша шапшаң жүргенімен Ресей шекарасына дейінгі жолдың өте [illegible] Астрахан облысы, Володар ауданы Алтынжар ауылына ішір түсе жетті. Дүйім қазаққа белгілі бұл ауылда атақты күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының кесенесі мен «Құрманғазы» мәдени-тарихи орталығы орналасқан. Біздерді орталық басшысы А.Әбілғазиев, орынбасары С.Әлібекова және басқа да қызметкерлер қуана қарсы алып, қазақы қонақжайлылықпен құрметін көрсетті. Қазақ елінен келген бізден күйші әз басына барып [illegible]

бойынша келесі күні облыс аумағындағы Лапас селосынан 3-4 шақырым жерде орналасқан көне қорымда болдық. Бұл көне қорымда Берке, Өзбек, Жәнібек, Бердібек хан мүрделері жерленген деген дерек бар. Біз далада жусанның исі мұрынды жарады. Үлкен төбелерде ертеректе археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Төбе басында шашылған күйдірілген, шикі кірпіш сынықтары, керамика, түрлі-түсті мозайка сынықтары көптеп кездеседі.

Көне қала көмбелері

Сарай-Бату қаласы, Алтын Орда мемлекетінің алғашқы астанасы. Қаланы 1254 жылы Еділдің төменгі ағысына Бату хан салдырған. Бүгінгі күндері қаланың қираған орны Астрахан облысы, Харабали ауданы Селитренный селосының маңында. Тарихи деректер бойынша қалада сәулеті мен салтанаты асқан сарайлар, мешіттер, қолөнер шеберханалары, керуен сарайы, базарлары және сонымен бірге қалада шығыс пен батыстың көптеген елшіліктері болған. Сапар барысында біз қаланың орнын көптен қазып жүрген, археолог-ғалым, Марий мемлекеттік университеті археологиялық-этнологиялық орталығының директоры Е.М.Пигаревпен кездесіп, сұхбаттастық. Оның айтуынша, Сарай-Батудың ғалымдардағы атауы – Сарай ал-Жадид деп аталадыекен. Бізктеудің басындағы әңгіме барысында қаныққан болғанымыз, қала өзен бойымен 7 шақырымға, жазыққа қарай 2 шақырымға дейін созылып, 2061 гектар аумақты алып жатқандығы. Қаланың көне орнына соңау 1965 жылдан бері қазба жұмыстары жүргізіліп келеді. Сол дәуірдің өзінде-ақ қаланың өсіп-өркендеуіне байланысты құрылыс материалдарына деген сұраныс орасан зор болған. Сондықтан да қазба жұмыстарының нәтижесінде

белгілі болғандай, көне қаланың өзен жағасына жақын бөлігінен қыш шеберханалар көп кездеседі. Бұл жөнінде археолог-ғалым Алтын Орда астанасы сол уақыттың өзінде үлкен өндіріс орындарының ошағы болды деп есептейді. Ғалымның бізге берген қызық мәліметінің бірі – қала әскери-соғыс қақтығыстары кезінде қираған деген пікірге өзіндік жеке пікірі мен уәжін білдірді. Ғалым-археолог Евгений Михайловичтің пікірінше, Астрахан хандығы құлап, оның аумағы орыс патшалығына өтуіне байланысты IV Иван Грозный бұйрығымен Астраханда кірпіш бекініс тұрғызуға пәрмен берген. Сарай-Бату қаласындағы әсем де көрікті сәулет өнерінің ғажайып ғимараттары шұғыл түрде қиратылып, бұзылып, Еділ өзенінің төменгі ағысы арқылы салмен жіберілген. Бүгінгі күні Астрахан [illegible] ескерткіш ғимараттар қатарынан саналатын Астрахан Кремлі осылайша салынған. Арасында студенттермен жазғы-далалық тәжірибе уақытында қазылған көне шаһар орындарымен де жан-жақты таныстырды. Экспедиция барысында 2012 жылы режиссер А.Прошкин түсірген «Орда» фильмін түсіру мақсатында салынған макет қаланы аралап көріп, тамашаладық. Негізінен фильм оқиғасы Алтын Орда астанасы Сарай-Бату қаласында өткендігі фильмді көрген көпшілікке қауымға белгілі той деген ойдамыз. Бір ерекшелігі, фильм түсіріліп болған соң макет қала туристік нысанға айналып, алыс-жақыннан ағылған туристерге әлі де қызмет атқаруда.

Сарай-Беркеге саяхат

Келесі бағытымыз Волгоград облысы болды. Бұл облыстың аумағында Алтын Орданың екінші астанасы болған – Сарай-Берке қаласының орны бар. Тарихи деректер бойынша қаланы 1260 жылы Берке хан салдырған. Қаланың өркендеп, гүлденген уақыты XIV ғасырдың бірінші жартысы деуге болады. Бердібек ханның бұйрығымен қалада мешіт, медресе, мазарлар, металл өңдейтін усталардың шеберханалары салынып, тері-тоқыма өндірісі де жақсы жолға қойылған. Сауда жан-жақты дамыды, саудагерлер Бұхара, Үргеніш, Самарқандтан ислам дінінің идеяларын ала келген олар бүкіл Алтын Орда халқының мұсылмандықты қабылдауына игі әсерін тигізді. 1395 жылы қаланы Ақсақ Темір түбегейлі талқандады. Қаланың орнына әр кезеңде яғни 1843-51 жылдары А.В.Терещенко, 1922 жылы Ф.В.Баллод, 1959-67 жылдары Г.А.Давыдов-Федоров сияқты ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Қаланың қираған орны Еділ өзенінің бойында қазіргі Волгоград облысы, Ленин ауданы Царев селосы маңында. Қаланың орнын село тұрғындарының көмегімен әрең таптық десе те болады. Өкінішке орай, көне қаланың орны күтімсіз қалған. Ал «Федералдық деңгейде қорғауға алынған мәдени мұра нысаны» деген белгісі жұлынып алынған. Көңілге кірбің ұялататын тағы бір көріністің бірі - бүгінгі күндері ежелгі шаһар үстіне күл-қоқыстар төгіліп жатса, кеңестік кезеңде сиыр фермасы үшін мал қоралары салынған. Олардың қираған орындары әлі де жатыр. Сол маңда мал бағып, саңырауқұлақ теріп жүрген жергілікті тұрғындардың айтуынша, бұл маңға демалыс күндері металл іздегіш аспап-сайманлдарымен «қара археологтар» өріп келіп, тапқан заттарын қаптап алып кете береді екен. Бүгінгі күндері қорғаусыз, қараусыз жатқан көне қалалардың орындарын көрген кезде арнайы қоршаулар орнатып және мемлекет қарауына алынғанын білдіретін арнайы белгілер қоюды қолға алу қажет-ау деген ой келеді. Себебі, Алтын Орда және оның астаналары болған қалалар тарихы да адамзат баласы жүріп өткен тарихтың бір бөлшегі.

Туризмге сұранып тұр

Экспедиция жетекшісі Ә.Мұқтар: «Алғашқы рет ұйымдастырылып отырған халықаралық экспедицияның басты мақсаты – еліміздің киелі орындарын, туристік нысандарын кеңінен насихаттау, алыс – жақын елдердегі туристерді кеңінен тарту. Сапардағы нәтижелі жұмыс барысында Астрахан және Волгоград қалаларындағы облыстық өлкетану музейлерімен және де басқа туристік агенттіктермен өзара ынтымақтастық пен келісімшарттар негізінде екі ел арасында туристік экскурсия, тарихи-танымдық экспедиция және ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен форумдарды бірге ұйымдастыру жұмыстарын қолға алу», - дейді. Экспедиция сапары барысында Жошы ұлысының жер бетінен жоғалған астаналары халқымыздың басынан өткерген патшалық заман мен кешегі кеңестік саясаттың нәтижесінде жұлым-жұлым болған тарихымыздың бір бөлшегі екендігіне тағы бір көз жеткіздік. Сонымен Алтын Орда тарихындағы өзіндік орны бар қалалардың көне орындарын көріп, қазақ ойы түйгенде басқа елдердің ұлт тарихын жазу ісіндегі «алтын тесігіне» біз енді ғана аяқ басқандай күйдеміз дегендей ойға келдік.

Ақдана АХМЕТ
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы

«Жайық шұғыласы», №45 (6410) 8 қараша 2019 жылы

САРАЙШЫҚ ШЕЖІРЕСІ СУРЕТШІЛЕР КӨЗІМЕН

байқау жеңімпаздары анықталды

Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында көрсетілген жасампаз идеяларды жүзеге асыру бағытында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының 20 жылдығына орай облыс суретшілері арасында байқау ұйымдастырылған болатын. Тамыз айынан бастау алған байқау қазан айының 31-інде қорытындылады.

Аудан әкімдігі және «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы РМҚК-нің ұйымдастыруымен аудандық «Өнерпаз» мәдениет үйінде өткен көрме-байқауға 11 суретшінің жұмысы қабылданып, көрермен назарына ұсынылды.

Ашылу салтанатында сөз алған әділқазылар алқасының мүшесі, «Сарайшық» музей қорығы басшысының орынбасары Айбек Тұрарұлы:

- Бұл байқауды ұйымдастырудағы басты мақсатымыз – Сарайшық қалашығының ел тарихындағы орнын айшықтау арқылы ұлтымыздың әлемдік өркениетті, Жібек жолының алтын көпірі ретінде халықаралық ауқымда экономика мен мәдениетті дамытуға септігін тигізгенін насихаттау, сол арқылы жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы мен құрметін арттыру болып табылады, - деп атап өтіп, жеңімпаздарға жүлделерін табыстады.

Әділқазы алқасының шешімімен облыстық суретшілер байқауының бас жүлдесі ҚР Көркем академиясының академигі, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің оқытушысы Қамбарбек Амановқа берілді.

I және II орындарға ҚР Суретшілер Одағының мүшелері Тілек Халин мен Отарбай Кендірдің «Сарайшық ханшасы», «Сарайшық: Жібек жолы» атты туындылары лайық деп танылды. Ал, жүлделі III орынмен екі бірдей белгілі суретшілер Еркін Бозжігітов пен Есім Арыстановтар марапатталды. Өзге де қатысушыларға «Алғыс хат» ұсынылып, байқау жеңімпаздарына ақшалай сыйлықтар табысталды.

Б. САПАРОВА

«Атырау» газеті, №92, 22 қараша 2019 жылы

ҚАСЫМ ХАН тұрар қасқайып...



Қазақта тарихи тұлға көп. Солардың бірі – қазақ хандығының негізін қалаушылардың қатарындағы Қасым хан. Алайда, еліміздің бірде-бір өңірінде Қасым ханға ескерткіш орнатылмап еді. Енді сол олқылықтың орны толғалы тұр. Елді елең еткізген бұл жаңалық ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің Парламент Мәжілісі депутаттарының сауалына орай берген жауабынан белгілі болды.

Үкімет басшысының мәліметіне қарағанда, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметін қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен 52,2 миллион теңге қарастырылыпты. Сонымен бірге, Сарайшық қалашығын консервациялау мен қалпына келтіру үшін 2020-2022 жылдары 58 миллион, музей-қорық үшін 163,1 миллион теңге бөлінбек.

«2020 жылы республикалық деңгейде Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеу жоспарланып отыр. Осыған байланысты 2020 жылға арналған тиісті жоспар жобасы әзірленді. 2019 жылғы 10-11 қазанда музей-қорықта Түркия, Ресей, Қытай, Германия елдерінің және отандық ғалымдардың қатысуымен «Жошы ұлысы және Сарайшық-Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Осы іс-шара аясында музей-қорықтың виртуалды нұсқасы та[illegible]стырылды. Келесі жылы музей-қорықта Керуен сарайдың, ортағасырлық Сарайшық қалашығы цитаделінің қақпасын қалпына келтіру және Сарайшық қалашығының маңында Қасым ханға монументалды ескерткіш орнату сияқты іс-шаралар өткізу жоспарлануда» дейді Үкімет басшысы Асқар Мамин.

Оның айтуынша, қазіргі уақытта ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізуге ғылыми-жобалау құжаттамасы әзірленіп жатыр. Сондай-ақ, 2020 жылы ортағасырлық Сарайшық қалашығының қорғау аймақтарын анықтау жұмыстары жүргізілмек.

САЛЫҒЫ көп өңірлер

Биылғы он айда республикалық бюджетке 290,8 миллиард теңге көлемінде салық түсті. Бұл туралы Мемлекеттік кірістер комитеті салық салу әдіснамасы департаменті директорының міндетін атқарушы Дәулет Жарылғасынов мәлім етті.

Оның айтуынша, өңірлер арасында ең көп түсім Атырау облысынан түсіп отыр. Бұл – 41,5 миллиард теңге. Ал, Алматы қаласынан 37,0 миллиард, Нұр-Сұлтан шаһарынан 30,1 миллиард теңге жиналыпты. «Салық салынатын көлік құралдарының саны 3,9 миллионға жетті. Оның 3,6 миллионы жеке тұлғаларға тиесілі. Көлік саласындағы салық төлеушілердің саны – 2 784 185 жеке тұлға. Мүлік пен жер салығын шамамен 7,3 миллион адам төлейді» дейді ол.

ОҢТҮСТІКТЕ мұнай бар ма?